

Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 30 наурыздағы № 171 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 сәуірде № 18470 болып тіркелді.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 5) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 22.01.2025 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тарифтерді қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

Р. Скляр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің

Тарифтерді қалыптастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Тарифтерді қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 5) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді, әуежайлар мен аэронавигация қызметтері саласындағы табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді қалыптастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар:

1) табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеудің шығындық, ынталандыру және индексстеу әдістерін қамтитын тарифті есептеудің тетігі;

2) уақытша өтемдік тарифті бекіту тәртібін;

3) тарифті оңайлатылған тәртіппен бекіту тәртібін;

4) инвестициялық бағдарламаны және оның өзгерістерін бекіту тәртібін;

5) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тарифті белгілеу тәртібін;

6) уақытша төмендету коэффициентін бекіту тәртібін;

7) реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу тәртібін;

8) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту тәртібін;

9) тарифте есепке алынатын және есепке алынбайтын шығындар тізбесін, тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу тәртібін;

10) тарифті индексстеу тәртібін;

11) табиғи монополия субъектісі пайдасының жол берілетін деңгейін анықтау тәртібін;

12) тарифті саралау тәртібін;

13) осы Қағидаларға 2, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес тариф, тарифтік смета, инвестициялық бағдарлама жобаларының, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептердің нысандарын айқындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) активтердің қолданысқа енгізілген коэффициенті – табиғи монополия саласына жатқызылған қызметтерді өндіру және ұсыну кезінде табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарының олардың технологиялық қуатынан іс жүзінде пайдаланылуын (іске қосылуын) сипаттайтын пайыздық мәндегі көрсеткіш;

2) авиациялық техника - азаматтық әуе кемелері, олардың жабдықтары, жинақтаушы бұйымдары, қозғалтқыштар, жаттығу құрылғылары және азаматтық әуе кемелеріне жерде қызмет көрсету құралдары;

3) авиакәсіпорын - жолаушыларды, багажды, жүктер мен почтаны тасымалдау, авиакөлік құралдарын сақтау, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі шаруашылық-коммерциялық қызметпен айналысатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін заңды тұлға;

4) аэронавигациялық ақпарат - әуеайлақтардың нақты жай-күйінің сипаттамасын, әуеайлақ, әуе трассалары ауданында маневр жасау тәртібін және олардың радио электротехникалық құралдармен жабдықталуын қамтитын мәліметтер;

5) басқарушылық процестер - нәтижесі барлық қалған өндірістік процестердің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру болып табылатын өндірісті басқару процестері;

6) бөлу базасы - шығындар мен активтердің қолданысқа енгізілу дәрежесін қызметтер түрлеріне бөлу үшін пайдаланылатын сандық немесе пайыздық көрсеткіш (көрсеткіштер);

7) бірлескен активтер - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ қолданысқа енгізілген активтер, бірақ қызметтер көрсетуде олардың қолданысқа енгізілу дәрежесі бөлу базасының не шығындар факторларының негізінде айқындалады.;

8) бірлескен шығындар - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ шығындар, сондықтан (шығындар факторлары) негізінде бөлінеді;

9) есепті кезең – табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерді өзгертуге өтінім беру күнінің алдындағы аяқталған қаржылық жыл;

10) ішкі қызметтер - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектісінің өндірістік процестерінің басқа тобына өндірістік процестердің бір тобы ұсынатын қызметтер болып табылатын, сыртқы қызметтерді ұсынудың шартты түрде бөлінетін кезеңдері;

- 12) ішкі (трансферттік) қызметтер - әуежай қызметінің басқа бағытына бір бағыт ұсынатын сыртқы қызметтерді ұсынудың құрамдас бөлігі болып табылатын қызметтер;
- 13) жалпы шығындар - қызметтердің барлық түрлерін ұсынуға байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ шығындар, сондықтан бөлу базалары не шығындар факторлары негізінде бөлінеді;
- 14) жалпы активтер - қызметтердің барлық түрлерін ұсынумен байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ активтер, сондықтан олардың Қызметтерді ұсынуда іске қосылу дәрежесі шығындар факторларының не бөлу базасының негізінде айқындалады;
- 15) инвестицияланған капитал – мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісін, оның ішінде концессия объектісін құру немесе реконструкциялау үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің меншікті қаражаты мен қарыз капиталының сомасы;
- 16) капиталдың құны – қарыз және меншікті қаражаттарға сыйақы мөлшерлемесін сипаттайтын, табиғи монополия салаларына жатқызылған қызметті жүзеге асыруға байланысты инвестициялық және өзге тәуекелдерді көрсететін шама;
- 17) көрсетілетін қызметтерге арналған тікелей шығындар – белгілі бір көрсетілетін қызметпен тікелей себеп-салдары бар шығындар, сондықтан белгілі бір көрсетілетін қызметке тікелей және бір мәнді жатады;
- 18) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері – табиғи монополия саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде табиғи монополия саласындағы концессия субъектісі көрсететін және белгілі тауарды тұтынушыға беру түрінде қызмет көрсету жағдайын қоса алғанда, уәкілетті органның ведомствосы мемлекеттік реттеуге жататын қызмет;
- 19) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері – табиғи монополия саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде табиғи монополия саласындағы концессия субъектісі көрсететін және белгілі тауарды тұтынушыға беру түрінде қызмет көрсету жағдайын қоса алғанда, уәкілетті орган мемлекеттік реттеуге жататын қызмет;
- 20) меншікті қаражат – мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін құру мен реконструкциялауға пайдаланылатын ақша қаражаты (акционерлік (жарғылық) капиталы, бөлінбеген пайдасы (таза табысы) немесе амортизациялық аударымдары);
- 21) мерзімі өткен кредиторлық берешек – төлеу мерзімдері туралы шартқа сәйкес белгіленген мерзімде орындалмаған әуе кемелерін пайдаланушының әуежай немесе

аэронавигациялық ұйым алдындағы қаржылық міндеттемелерінің, ақшалай борыштарының сомасы;

22) меншікті капитал – табиғи монополиялар субъектісінің қатысушыларына немесе акционерлеріне тиесілі және үлестердің немесе акциялардың белгілі бір санынан тұратын, табиғи монополиялар субъектісінің қатысушыларына немесе акционерлеріне белгілі бір табыс алуға құқық беретін, сондай-ақ жинақталған бөлінбеген пайда мен резервтік капиталды, қосымша төленген және қосымша төленбеген капиталды қамтитын капитал.

23) негізгі өндірістік процестер - нәтижесі қызмет көрсету болып табылатын өндірістік процестер;

24) ортодромия – үлкен дөңгелек доғасын бейнелейтін және әртүрлі бұрыштарда меридианды қиып өтетін жер шары бетіндегі екі нүкте арасындағы қысқа арақашықтық сызығы;

25) өтеу кестесі – әуе кемелерін пайдаланушының, әуежай немесе аэронавигациялық ұйымның бірінші басшысының қолымен куәландырылған, әуе кемелерін пайдаланушының әуежай немесе аэронавигациялық ұйым алдындағы мерзімі өткен кредиторлық берешегін өтеу кестесі;

26) өндірістік процестер топтары (бұдан әрі - ӨПТ) - қызметтер көрсетуге жеке де, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасап отырып та қатысатын қызметтер көрсетудің белгілі бір өндірістік процестерінің жиынтығы;

27) өндірістік процестер - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің және әуежайлардың қызметіндегі белгілі бір іс-қимылдардың, олардың экономикалық ресурстарын пайдалана отырып, қызметтер көрсетудің түпкілікті мақсаты болып табылады. Негізгі өндірістік, қосалқы және басқарушылық процестерді қамтиды;

28) өндірістік процестер топтарының элементтері (бұдан әрі - ӨПТ элементтері) - аэронавигациялық қызметтер көрсеткен кезде пайдаланылатын, олардың құны мен олармен байланысты шығындарды аэронавигация қызметтерінің түрлеріне бөлу үшін өндірістік процестердің топтары бойынша біріктірілген персонал мен негізгі құралдар топтары;

29) өндірістік процестер топтарының элементтеріне жанама шығындар - бір мезгілде бірнеше ӨПТ элементтерімен себеп-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан топтың белгілі бір элементіне тікелей және бір мәнді жата алмайды, бірақ шығындардың пайда болу себебін көрсететін бөлу базасының негізінде ӨПТ элементтері бойынша бөлінеді;

30) өндірістік процестер топтарының элементтеріне жанама шығындар - ӨПТ-ның бірнеше элементтерімен бір мезгілде себеп-салдарлық байланысы бар және сондықтан

топтың белгілі бір элементіне тікелей және бір мәнді жатқызылуы мүмкін емес, бірақ шығындардың туындау себептерін көрсететін бөлу базасының негізінде ӨПТ элементтері бойынша бөлінуі мүмкін шығындар;

31) ӨПТ элементтері бойынша тікелей іске қосылған активтер - ӨПТ белгілі бір элементімен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар және сондықтан ӨПТ белгілі бір элементіне тікелей және бір мәнді жатқызылуы мүмкін іске қосылған активтер;

32) ӨПТ элементтеріне тікелей шығындар - ӨПТ белгілі бір элементімен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан ӨПТ белгілі бір элементіне тікелей және бір мәнді жатқызылуы мүмкін;

33) пайданың ауыспалы бөлігі – реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа көрсеткіштерін, сенімділігін және табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштерін ескере отырып, қалыптастырылатын тарифке енгізілген пайданың 30% - ынан аспайтын пайданың бөлігі;

34) қолданысқа енгізілген активтер – көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдары мен материалдық емес активтері;

35) қызмет бағыттары – дербес, сол сияқты бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын қызмет көрсетуге қатысатын белгілі бір қызмет көрсету процестерінің жиынтығы;

36) қолданыстағы активтердің реттелетін базаға пайда мөлшерлемесі – аэронавигация және (немесе) әуежайлар қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі капиталының құнына сәйкес келетін операциялық пайданың нормасы;

37) қарыз капиталы – айналым қаражатының орнын толтыруға байланысты қарыздарды қоспағанда, есепті кезеңнің аяғында табиғи монополия субъектісінің теңгерімінде болған банк операцияларының және өзге қарыздардың жеке түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың ұзақмерзімді қарыздарының жиынтықты құны;

38) қолданыстағы активтердің реттелетін базасы (бұдан әрі – ҚАРБ) – меншіктегі немесе табиғи монополия субъектісінің заңды негіздемесінде тұрған және аэронавигация және (немесе) әуежайлар қызметтерін көрсету кезінде пайдаланылатын есептік кезеңнің соңына ұзақмерзімді активтердің (негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің) және таза айналым капиталының (ағымдағы активтер мен ағымдағы міндеттемелер арасындағы айырмасы ретінде есептелетін) ұзақмерзімді активтерінің жиынтық құны;

39) қызметтерге жанама қолданысқа енгізілген активтер - бір мезгілде бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) себеп-салдарлық байланысы бар қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан олар белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жата алмайды, бірақ белгіленген қызметтер көрсетуде олардың қолданысқа енгізілген дәрежесі осы себеп-салдарлық байланыстарды көрсететін бөлу базасының негізінде анықталады;

40) қызметтерге арналған жанама шығындар - бір мезгілде бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) себеп-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан олар белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жата алмайды, бірақ шығындардың пайда болу себептерін көрсететін бөлу базасының негізінде қызметтерге бөлінуі мүмкін;

41) қызметтерге тікелей іске қосылған активтер - белгілі бір қызметті ұсынумен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар іске қосылған активтер, сондықтан белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылуы мүмкін;

42) қосалқы процестер - нәтижесі негізгі өндірістік және басқарушылық процестерді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылатын өндірістік процестер;

43) қызмет бағыттарының элементтеріне жанама іске қосылған активтер - қызмет бағыттарының бірнеше элементтерімен бір мезгілде себеп-салдарлық байланысы бар іске қосылған активтер және сондықтан олар қызмет бағыттарының белгілі бір элементіне тікелей және бір мәнді жатпайды, бірақ олардың іске қосылу дәрежесі осы себеп-салдарлық байланыстарды көрсететін шығын факторларының негізінде айқындалады;

44) қызмет бағыттарының элементтеріне жанама шығындар - қызмет бағыттарының бірнеше элементтерімен бір мезгілде себеп-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан олар қызмет бағыттарының белгілі бір элементіне тікелей және бір мәнді жатпайды, бірақ шығындардың туындау себептерін көрсететін шығындар факторлары негізінде қызмет бағыттарының элементтері бойынша бөлінеді;

45) қызмет бағыттары бойынша тікелей іске қосылған активтер - қызмет бағытының белгілі бір элементімен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар іске қосылған активтер, сондықтан қызмет бағытының белгілі бір элементіне тікелей және бір мәнді жатқызылады;

46) қызмет бағыттарының элементтеріне тікелей шығындар - қызмет бағытының белгілі бір элементімен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан қызмет бағытының белгілі бір элементіне тікелей және бір мәнді жатқызылады;

47) қызмет бағыттарының элементтері - әуежайлар қызметтерін көрсету кезінде пайдаланылатын, олардың құнын және олармен байланысты шығындарды әуежай қызметтерінің түрлеріне бөлу үшін біріктірілген негізгі құралдар мен материалдық емес активтер топтары;

48) ресурстар - өндірістік-шаруашылық қызметте пайдаланылатын, табиғи (шикізат, геофизикалық), еңбек (адам капиталы), күрделі (физикалық капитал - негізгі құралдар), айналым қаражаты (материалдар), ақпараттық ресурстар, қаржы (ақша капиталы) ресурстары болып бөлінетін көздердің, құралдардың жиынтығы;

49) сыртқы қызметтер - аэронавигация және әуежай қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектісінің сыртқы пайдаланушыларға ұсынатын қызметтері;

50) сыртқы пайдаланушылар - аэронавигация және әуежай қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектісі қызметтерін тұтынушылар болып табылатын заңды және жеке тұлғалар;

51) себеп-салдарлық байланыс негізінде бөлу - шығындардың, кірістер мен қолданысқа енгізілген активтердің белгілі бір қызметтермен байланыстарын алдын ала зерттеу негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу;

52) себеп-салдарлық байланыс - бұл шығындардың, кірістер мен қолданысқа енгізілген активтердің туындау себептерін, сондай-ақ олардың қызметтердің белгілі бір түрлеріне әсер ету дәрежесін алдын ала зерттеу негізінде белгіленген байланыс. Себеп-салдарлық байланыстар қызмет түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу үшін пайдаланылады;

53) табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алу - реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша кірістер, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер туралы ақпаратты жинау және қорыту жүйесі;

54) тарифтің шығын бөлігі – тарифті және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін, кезеңнің өндірістік шығыстары мен шығыстарынан тұратын табиғи монополия субъектісінің қызметтер көрсетуіне байланысты шығындар жиынтығы;

55) тарифтің шығын бөлігіне енгізілетін шығындар түрлерін шектеу -тарифті және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілмейтін шығыстар тізбесін белгілеу;

56) тарифке енгізілетін пайданы шектеу – инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражатты ескере отырып, белгіленген тәртіппен айқындалған пайда шамасының шегін белгілеу;

57) трансферттік төлемдер - көрсетілген ішкі (трансферттік) қызметтер көлемінің құндық көрінісі;

58) трансферттік таксалар - көрсетілген ішкі қызметтер бірлігіне жұмсалатын шығындардың құндық көрінісі;

58-1) уәкілетті орган – әуежайлар мен аэронавигация қызметтері саласындағы табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

58-2) уәкілетті органның ведомствосы – әуежайлар мен аэронавигация қызметтері саласындағы табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы;

59) шығындар деңгейін шектеу – тиісті салада қолданыстағы үлгілік нормалар мен нормативтер және лимиттер негізінде өндірілген шикізаттың, материалдардың, отын мен энергияның қажеттілігін есептеу негізінде тарифте ескерілетін шығындар деңгейінің шегін белгілеу;

60) шығындар факторы - шығындарды бөлу үшін пайдаланылатын сандық көрсеткіш (көрсеткіштер) және активтердің қызмет түрлеріне іске қосу дәрежесі;

61) экономикалық негізделген шығындар - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің операциялық қызметті қамтамасыз етуге, қолданысқа енгізілген активтерге салынған қолданысқа енгізілген капитал бойынша өтеуге және қолданысқа енгізілген активтерді ұдайы өндіруге амортизациялық аударымдар бойынша шығындары;

62) экономикалық ресурстар - өндірістік-шаруашылық қызметте пайдаланылатын, табиғи (шикізат, геофизикалық), еңбек (адам капиталы), күрделі (физикалық капитал - негізгі құралдар), айналым қаражаты (материалдар), ақпараттық ресурстар, қаржы (ақша капиталы) ресурстары болып бөлінетін көздердің, құралдардың жиынтығы.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің шығындық әдісін ескере отырып, тарифтерді есептеу тетігі

1-параграф. Табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің шығындық әдісін ескере отырып, тарифтерді есептеу тетігінің негізгі қағидаттары

4. Табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің шығындық әдісі ескерілген тарифтерді есептеу тетігінің негізін қалаушы қағидаттары:

1) табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізуі негізінде табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсетуге арналған экономикалық негізделген шығындарды өтеу;

2) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер есебінің ашықтығын қамтамасыз ету;

3) табиғи монополиялар субъектісінің дамуға бағытталатын және оның аэронавигация қызметтерін және әуежайлар қызметтерін көрсету бойынша тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алуы, сондай-ақ аэронавигациялық және әуежайлық қызмет көрсету технологиясын жетілдіру.

5. Тариф уәкілетті органның ведомствосы экономикалық негізделген шығындар мен пайданы айқындау жолымен бес және одан көп жыл мерзімге, алғаш рет құрылған, жаңа реттелетін қызметті (жаңа реттелетін қызметтерді) көрсететін, егер қолданыстағы тариф объектілер және (немесе) учаскелер бойынша бөлек бекітілген болса, жаңа объектілерді және (немесе) учаскелерді сатып алған (салған) жағдайда табиғи монополия субъектісінен басқаларға бекітіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-1. Уәкілетті органның ведомствосы тарифті бекіту үшін табиғи монополия субъектісі өтінімді "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда ұсынады.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-2. Уәкілетті органның ведомствосы ұзақ мерзімді кезеңге тариф бекітілген кезде өтінімді ұсынылған күнінен бастап 90 (тоқсан) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде және Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес тариф бекітілген кезде күнтізбелік 30 (отыз) күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Ескерту. 5-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-3. Тарифті көтермей бекітілген тарифтік сметаны өзгерту үшін табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда тарифтерді көтермей бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішпен жүгінеді.

Ескерту. 5-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-4. Тарифті көтермей бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішке тарифті көтермей өзгерістерді ескере отырып, тарифтік сметаның жобасы және өзгерістер енгізу қажеттілігін негіздейтін және растайтын материалдар (шарттардың, орындалған жұмыстар/қабылдап алу-беру актілерінің, жүккүжаттардың, шот-фактуралардың көшірмелері, теңгерімдік және қалдық құнды, жұмыс істеу мерзімін, жылдық амортизацияны, есептемелерді көрсете отырып, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі) қоса беріледі.

Тарифті көтермей бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін есептемелерді және негіздейтін материалдарды табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындайды және уәкілетті органның ведомствосына береді.

Ескерту. 5-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-5. Уәкілетті органның ведомствосы ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде тарифті көтермей бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішті қарайды.

Ескерту. 5-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-6. Уәкілетті органның ведомствосы егер мұндай өзгеріс табиғи монополия субъектісінің тарифін көтеруге әкеп соқтырған жағдайда, бекітілген тарифтік сметаны өзгертуден бас тартады.

Ескерту. 5-6-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-7. Уәкілетті органның ведомствосы инвестициялық бағдарламаға оның сомасын азайту жағына қарай өзгерістер енгізген кезде тарифтік сметаға және оны төмендету жағына өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 5-7-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Әрбір жылға бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі кезінде тариф келесі формуламен анықталады:

$$T_i = \frac{ПТД_i}{ПОУ_i}$$

мұндағы:

i – тарифтің қолданылу мерзімі, жыл;

ПТД _{i} – әрбір i жылдағы тарифтің қолданылу мерзіміндегі жоспарланған тарифтік кіріс, теңге;

ПОУ _{i} – әрбір i жылдағы тарифтің қолданылу мерзіміндегі заттай мәндегі реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі.

7. Тариф барлық мерзімге бекітілген кезінде тариф келесі формуламен анықталады:

$$T = \frac{\sum_{i=1}^n ПТД_i}{\sum_{i=1}^n ПОУ_i}$$

мұндағы:

n – тарифтің қолданылу мерзімі, жыл.

2-параграф. Тарифтік реттеудің шығындық әдісін ескере отырып, табиғи монополиялар салаларына жатқызылған аэронавигация қызметтеріне тарифтерді есептеу негізгі

8. Аэронавигация қызметтерінің тарифтері әуе кемесінің ең көп ұшу массасына және жүзеге асырылып отырған тасымалдау түріне (тұрақты немесе тұрақты емес) қарай сараланады.

9. Аэронавигацияның көрсетілетін қызметі бес негізгі құрамдауышты қамтиды:

1) аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету;

2) әуе қозғалысын ұйымдастыру - әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (бұдан әрі - ӘҚҰ), әуе кеңістігін ұйымдастыруды және әуе қозғалысы ағындарын ұйымдастыруды қосқанда, ұшудың барлық кезеңдерінде әуе кемелерінің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін қажетті борттық және жердегі функцияларының кешені;

ӘҚҰ өзіне әуе қозғалысын басқаруды (бұдан әрі - ӘҚБ), ұшу-ақпараттық қызмет көрсетуді және апаттық хабарлауды қамтиды.

ӘҚБ өзіне: әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсетуді, жақындауға диспетчерлік қызмет көрсетуді, аудандық диспетчерлік қызмет көрсетуді;

3) ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз етуді (авиациялық электр байланыс қызметінен, сондай-ақ авиациялық радиолокация және радионавигация қызметінен тұрады);

4) метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз етуді;

5) іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді қамтиды.

10. Әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтер тарифтерін есептеу кезінде мынадай жұмыс түрлері:

апаттық хабарлау және іздестіру мен құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде ұшуларды үйлестіру;

әуе қозғалысын ұйымдастыру;

әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау және үйлестіру;

қосалқы әуеайлақтарында әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарының жұмысын қамтамасыз ету;

радиолокация, радионавигация және байланыс құралдарын беру;

экипаждарға жедел аэронавигациялық ақпаратты және аэронавигациялық жағдайдағы өзгерістерді беру;

экипаждарға жедел метеорологиялық ақпаратты беру;

әуе кемесінің ең көп ұшу массасы;

әуе кемесінің ұшу қашықтығы ескеріледі.

11. Ұшу қашықтығы әуе кемесінің ұшу маршрутының ортодромиясы бойынша өлшенеді, ол әуе кемесінің әрбір ұшуы және әрбір қонуы кезінде 20 километрге азаяды және километрдегі ұшу қашықтығының соңғы саны былайша дөңгелектенеді:

5 километр және одан аз болса нөлге дейін дөңгелектенеді;

5 километрден жоғары болса 10 километрге дейін дөңгелектенеді.

12. Әуе кемелерінің салмағын есепке алу үшін 9 салмақтық топтан тұратын әуе кемелерінің ең жоғарғы ұшу массасының (тонна) шкаласы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес қолданылады.

13. Әуе кеңістігінде аэронавигация қызметінің тарифтері осы шкалаға сәйкес келтіру коэффициенттерінің көмегімен әуе кемесінің әрбір салмақтық тобына әуе кемесінің ұшу маршрутының ортодромиясы бойынша есептелген 100 километр арақашықтыққа есептеледі.

14. Әуеайлақ аумағында аэронавигация қызметтерінің тарифтерін есептеу кезінде мынадай жұмыс түрлері:

апаттық хабарлау және іздестіру мен құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде ұшуларды үйлестіру;

әуеайлаққа қону кезінде, қону үшін төмендету, қонуға кіру, қону және тұрақ орнына дейін жеткізу кезінде әуе қозғалысын ұйымдастыру;

әуеайлақтан ұшып шығу кезінде, тұрақ орнынан рөлді басқару, ұшу және әуе трассасына шыққанға дейін биіктікке көтерілу кезеңдерінде әуе қозғалысын ұйымдастыру;

әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау және үйлестіру;

радиолокация, радионавигация және байланыс құралдарын беру;

экипаждарға жедел аэронавигациялық ақпаратты және аэронавигациялық жағдайдағы өзгерістерді беру;

экипаждарға жедел метеорологиялық ақпаратты беру ескеріледі.

15. Әуеайлақ маңында аэронавигация қызметтерінің тарифі әуе кемесінің ұшу массасының бір тоннасына есептеледі.

Төлем мөлшері әуеайлақ маңында аэронавигация қызметтері тарифтерін ұсынылған құжат немесе анықтамалық ақпаратқа сәйкес әуе кемесінің ең жоғарғы ұшу массасына көбейтумен анықталады.

Әуе кемесінің кг бойынша массасының соңғы екі саны:

50 килограммнан аз болса, аз жаққа, 50 килограмм және одан көп болса, үлкен жағына дөңгелектенеді.

16. Аэронавигациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтер шығындары тарифтердің шығындық бөлігінде осы Қағидалардың 10 және 12-тарауларындағы талаптарға сәйкес қосылады.

17. Жекелеген құралдың немесе жұмыстың қосарлы мақсаты болған жағдайда, олармен байланысты шығыстар табиғи монополиялар субъектілері шығындарын бөлек есепке алудың негізінде тиісті тарифтерге бөлінеді.

3-параграф. Тарифтік реттеудің шығындық әдісін ескере отырып, әуе кеңістігінде және әуеайлақ маңында көрсетілетін табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық қызметтерге тарифтерді есептеу тетігі

18. Табиғи монополиялар субъектілерінің әуе кеңістігінде көрсетілетін аэронавигациялық қызметтерінен болжамды тарифтік кірістер мынадай формула бойынша анықталады:

$$TK_{\text{ж}} = Ш_{\text{ж}} + РПД_{\text{ж}},$$

мұндағы:

TK_ж - табиғи монополиялар субъектілерінің әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түсетін, жоспарлы қызмет көлеміне есептелген жиынтық экономикалық негізделген жоспарлы шығындар, теңге;

Ш_ж - ТМС қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуге шығарған экономикалық негізделген жиынтықты жоспарлы шығындар, теңге;

РПД_ж - әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша түскен пайданың қол жетімді деңгейі, теңге.

19. Әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша жиынтықты экономикалық негізделген, жоспарлы шығындарды бөлек есепке алу деректері негізінде қалыптасады.

20. Әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге рұқсат етілген пайданың көлемі Қағидалардың 14-тарауына сәйкес анықталады.

21. Келтірілген бір ұшақ-километр тарифі мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_m = \frac{TK_{\text{ж}}}{\sum_{i=1}^n (N_{ij} * k_i)}$$

мұндағы:

T_m - келтірілген бір ұшақ-километр тарифі;

k_i - әуе кемесінің i-үлгісіндегі ең көп ұшу массасын ескере отырып анықталатын i-үлгісіндегі әуе кемесі үшін келтіру коэффициенті;

N_{ij} - әуе кемесінің i-үлгісімен орындалған ұшақ-километр саны, j - әуе кемелерінің салмақ бойынша топтарының саны;

n - сомалаудың жоғарғы шегі;

i - сомалау индексі.

22. Әуе кемесінің i-үлгісі үшін келтіру коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$K_i = \sqrt{\frac{Q_{\max i}}{50}}$$

мұндағы:

$Q_{\max i}$ - i -үлгісіндегі әуе кемесінің ең көп ұшу массасы, тонна;

50 - әуе кемесінің ең көп ұшу массасының ең аз мөлшері, 50 тоннаға тең.

23. j -салмақтық тобы үшін 100 ұшақ-километрге әуе кеңістігінде аэронавигацияның көрсетілетін қызметтерінің тарифі мынадай формула бойынша белгіленеді:

$$T_{jm} = T_m * K_j * 100$$

мұндағы:

T_{jm} - әуе кемелерінің j -салмақ тобының тарифі;

K_j - әуе кеңістігіндегі аэронавигацияның көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінде есепке алынған, j -салмақ тобында аэронавигацияның көрсетілетін қызметтердің жоспарлы көлеміне сүйене отырып анықталатын j -салмақтық тобына кіретін әуе кемелері үшін орташа өлшемді келтіру коэффициенті.

24. Табиғи монополиялар субъектілерінің әуеайлақ маңында аэронавигация қызметтерін көрсетуден түсетін болжамды тарифтік кірісі мынадай формула бойынша анықталады:

$$TK_{aa} = Za_{aa} + PP_{Da_{aa}}$$

мұндағы:

TK_{aa} - әуеайлақ маңында аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсету бойынша болжамды тарифтік кірісі, теңге;

Za_{aa} - қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген әуеайлақ маңында аэронавигацияның көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түскен табиғи монополиялар субъектілерінің экономикалық негізделген жиынтық жоспарлы шығындары, теңге;

$PP_{Da_{aa}}$ - әуеайлақ маңында аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түскен пайдалардың қол жетімді деңгейі, теңге.

25. Әуеайлақ маңында аэронавигацияның көрсетілетін қызметтерін ұсынудан түскен табиғи монополиялар субъектілерінің экономикалық негізделген, жоспарлы шығындары, шығындарды бөлек есепке алу деректері негізінде қалыптасады.

26. Әуеайлақ маңында аэронавигация қызметтеріне рұқсат етілген пайданың көлемі Қағидалардың 14-тарауына сәйкес анықталады.

27. Бір ұшу немесе бір қону үшін әуеайлақ маңындағы аэронавигация қызметтерінің тарифі мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_{aa} = \frac{TK_{aa}}{\sum_{i=1}^n \sum_{j=1}^m (V_{ij} * Q_{maxi})}$$

мұндағы:

$Q_{max i}$ - әуе кемелерінің ең көп ұшу массасы, тонна;

V_{ij} - әуе кемесінің i -үлгісімен орындалған ұшақ-ұшу саны;

n, m - сомалаудың жоғары шегі;

i - әуе кемелерінің түрлерін сомалау индексі;

j - әуе кемелерінің салмақтық тобын сомалау индексі.

4-параграф. Тарифтік реттеудің шығындық әдісін ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың қызметтеріне тарифтерді есептеудің негізгі

28. Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша техникалық қонуларды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемесінің ұшып көтерілуін және қонуын қамтамасыз ету бойынша қызметке арналған тариф (бұдан әрі - әуе кемесінің ұшып көтерілуін және қонуын қамтамасыз ету бойынша қызмет) - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 749 бұйрығымен бекітілген Әуежай қызметінің құрамына кіретін әуеайлақтық және жердегі қызмет көрсету тауарларының, жұмыстарының, қызметтерінің тізбесіне (бұдан әрі – Қызметтер тізбесі) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17718 болып тіркелген) сәйкес операциялар бойынша шығындардың есебін қамтиды.

Әуе кемесінің ұшып көтерілуі мен қонуын қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің өлшем бірлігі ең жоғары ұшу массасының 1 тоннасы болып табылады, тарифтер мөлшерін анықтау кезінде әуе кемесінің ең жоғары ұшу массасы тоннамен бүтінге дейін дөңгелектеледі: 500 килограммға дейін - аздау жағына, 500 килограмм және одан жоғары - ұлғаю жағына.

29. Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша техникалық қонуларды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, авиациялық қауіпсіздікті

қамтамасыз ету бойынша қызметке арналған тариф (бұдан әрі – авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет) Қызметтер тізбесіне сәйкес операциялар бойынша шығындардың есебін қамтиды.

Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің өлшем бірлігі:

1) жолаушыларды тасымалдайтын әуе кемелері үшін – 1 (бір) ұшатын жолаушы және (немесе) әуе кемесінің ең жоғары ұшу салмағының 1 (бір) тоннасы;

2) жүктерді және поштаны тасымалдайтын, сондай – ақ коммерциялық жүктері жоқ әуе кемелері үшін (техникалық қону) - әуе кемесінің ең жоғары ұшу салмағының 1 (бір) тоннасы болып табылады.

Тарифтер мөлшерін анықтау кезінде әуе кемесінің ең жоғары ұшу массасы тоннада бүтін болғанға дейін дөңгелектеледі: 500 килограммға дейін – аздау жағына, 500 килограмм – және одан жоғары ұлғаю жағына.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын және халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, қонатын әуежайда өңдеуге (тиегуге және/немесе түсіруге) жататын жүктер (пошталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағаттан және жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған түрлері үшін алты сағаттан астам тұрақ орнын беру жөніндегі қызметтерге (бұдан әрі – әуе кемесіне тұрақ орнын беру бойынша қызмет) тариф әуе кемесінің тұрақта нақты болған әрбір сағаты үшін есептеледі.

Әуе кемесіне тұрақты орын ұсыну бойынша қызмет өлшем бірлігі ең жоғары ұшу салмағының 1 тонна-сағат болып табылады.

Толық емес сағат бір сағат болып есептеледі.

31. Халықаралық бағыттарды қоспағанда, әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру бойынша қызметке тариф бір тәулікке белгіленеді.

Толық емес тәулік бір тәулік болып есептеледі.

Ең жоғары ұшу салмағының 1 тоннасы-тәулігі халықаралық бағыттарды қоспағанда, әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру бойынша қызметтің өлшем бірлігі болып табылады.

5-параграф. Тарифтік реттеудің шығындық әдісін ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың қызметтеріне тарифтерді есептеу тегігі

32. Әуежайлардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің бірлігіне арналған экономикалық жағынан негізделген тарифті есептеу мыналардан:

1) тарифтің шығынды бөлігін есептеуден;

2) тарифтің кіріс бөлігін есептеуден тұрады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$T = T_{ш} + P$, мұндағы:

Д – тарифтің кіріс бөлігі;

$T_{ш}$ – тарифтің шығынды бөлігі;

P – пайданың жол берілген деңгейі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Әуежайлардың көрсететін қызметтеріне жіберілетін пайданың көлемі Қағидаларың 14-тарауына сәйкес анықталады.

34. Көрсетілетін қызметтер бойынша шығыстар тарифтің шығыс бөлігіне Қағидалардың 10 және 12-тарауларына сәйкес қосылады.

35. Тарифтердің шығынды бөлігін қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

1) жалпы кәсіпорын бойынша және барлық құрылымдық бөлімшелер бөлінісінде әуежайдың өндірістік шығындарын айқындау;

2) әуежайдың көмекші қызметтерінің шығындарын бөлу;

3) кезең шығындарын бөлу;

4) тарифтің шығынды бөлігін айқындау.

36. Бірінші кезеңде әуежайдың әрбір құрылымдық бөлімшесінің өндірістік шығындары айқындалады. Өндірістік шығыстар өндірістік штатты ұстау шығыстарынан, еңбекке ақы төлеу қорының аударымдарынан, материалдарға жұмсалатын шығыстарынан, негізгі өндірістік қорларға жөндеу жүргізу шығыстарынан, арнаулы автокөлік техникасын ұстау және қызмет көрсету шығыстарынан, амортизация шығыстарынан, негізгі өндірістік қорларды ұстау мен пайдалану шығыстарынан, материалдар, энергия және отын шығындарынан тұрады.

37. Тарифтерді қалыптастырудың екінші кезеңінде әуежайдың көмекші қызметтерінің шығыстарын бөлу жүргізіледі. Соңғы өнімді шығармайтын құрылымдық бөлімшелердің өндірістік шығындарын соңғы өнім шығаратын бөлімшелерге көмекші қызметтер тұтынған қызметтердің санына тепе-тең қайта бөлінеді.

Көмекші қызметтердің шығындарын қайта бөлу көзі әрбір құрылымдық бөлімшеге әуежайдың көмекші қызметінің басшысы қалыптастырған көрсетілген қызметтер туралы ай сайынғы ақпарат (тарифті есептеу үшін базаға алынған кезең ішіндегі) болады.

Көрсетілген ақпарат әрбір құрылымдық бөлімшеге орнатылған есепке алу аспаптарынан алынған көрсеткіштердің негізінде толтырылады және көмекші қызметтердің шығыстарын бөлу үшін бастапқы құжат болып табылады.

Қосалқы қызметтердің ішкі көрсететін қызметтерінің шығыстарын бөлу:

Жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз ету қызметі, қызмет жұмысының бағыттары:

1) әуе кемелерін авиациялық жанар-жағар май материалдарымен (бұдан әрі - авиа ЖЖМ) және арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету әуежайдың сыртқы тұтынушыларына көрсетілетін қызмет болып табылады;

2) әуежайды автомобильдік жанар-жағар май материалдарымен (бұдан әрі - авто ЖЖМ) қамтамасыз ету әуежайдың құрылымдық бөлімшелеріне көрсетілетін ішкі қызмет болып табылады.

Әуежайды авто ЖЖМ-мен қамтамасыз ету қызметінің бағыты бойынша шығыстар авто ЖЖМ-ды жеткізуге, сақтауға және сатып алуға арналған шығындарды, авто ЖЖМ-мен әуежайдың қызметтерін қамтамасыз етуге тікелей байланысты өндірістік штаттың жалақысын, еңбекке ақы төлеу қорының аударымдарын, авто ЖЖМ-ды сақтау және бөлу үшін қажетті негізгі өндірістік қорлардың материалдық шығындарын, амортизациялық аударымдарын қамтиды.

Қызметтердің көрсетілген бағыттар арасындағы шығыстары қосымша шығыстар болып жинақталады және қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан тікелей шығындар қызмет бағыттарының арасында тепе-тең бөлінеді

Әуежайды авто ЖЖМ-мен қамтамасыз ету қызметінің бағыты бойынша шығыстар әуежай қызметтерінің арасында әрбір құрылымдық бөлімше тұтынатын авто ЖЖМ-ның мөлшеріне тепе-тең бөлінеді.

Авто ЖЖМ-ның жұмсалуды туралы ақпараттың толықтығы мен шынайылығы үшін жанар-жағар май материалдары қызметінің басшысы әуежайдың құрылымдық бөлімшелері бөлінісінде авто ЖЖМ-ды тұтыну есебін жүргізеді, бұл көрсетілген бағыт бойынша қалыптасқан шығыстарды әуежай қызметтерінің арасында қайта бөлу есебін сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

Жылумен техникалық және сантехникалық қамтамасыз ету қызметі (бұдан әрі - ЖжСТҚ), қызмет бағыттары:

1) әуежайды сумен және кәрізбен қамтамасыз ету;

2) әуежайды жылумен қамтамасыз ету.

Әуежайды сумен және кәрізбен қамтамасыз ету қызмет бағыты бойынша шығыстар әуежай қызметтерін сумен және кәрізбен қамтамасыз етуге тікелей байланысты қызметтің өндірістік персоналына еңбекақы төлеу шығындарынан, еңбекке ақы төлеу қорының аударымдарынан, материалдық шығындардан, әуежайды сумен және кәрізбен қамтамасыз етуге тікелей байланысты қызметтің негізгі өндірістік қорларының амортизациялық аударымдарынан, басқа шығындардан тұрады.

Осы бағыт бойынша қалыптастырылған шығыстар тұтынылған судың көлеміне тепе-тең бөлінеді.

Әуежайдың жылумен жабдықтау қызметінің бағыты бойынша шығыстар әуежайды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тікелей байланысты өндірістік персоналдың

еңбекақысына жұмсалған шығыстарды, еңбекақы қорынан аударымдарды, материалдық шығындарды, әуежайдың жылумен қамтамасыз ету процесіне тікелей қатысатын негізгі өндірістік қорлардың амортизациялық аударымдарын қамтиды.

Көрсетілген бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар жылытылатын ғимараттың алаңына тепе-тең бөлінеді.

Көрсетілген қызмет бағыттарының арасындағы бөлінбеген ЖжСТҚ қызметінің шығыстары қосымша шығыстар ретінде қалыптасады және қызмет бағыттарының арасында қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан тікелей шығындарға тепе-тең бөлінеді.

ЖжСТҚ қызметі басшысының тұтынылған судың және кәріздік сарқынды сулардың, жылудың саны туралы ақпараты шығыстарды бөлу жөнінде есеп айырысу үшін негіз болып табылады.

Ұшуларды энергиямен-жарықпен техникалық қамтамасыз ету (бұдан әрі - ҰЭЖТҚ) қызметі, қызмет бағыттары:

- 1) ұшу-қону жолақтарын жарықпен техникалық қамтамасыз ету;
- 2) әуежайды энергетикалық қамтамасыз ету.

Әуежайды энергетикалық қамтамасыз ету қызметінің бағыты бойынша шығыстар әуежай қызметін қамтамасыз етуге тікелей байланысты өндірістік персоналдың еңбекақысына жұмсалған шығыстардан, еңбекақы қорының аударымдарынан, әуежайды электр энергиясымен қамтамасыз етуге тікелей байланысты материалдық шығындардан амортизациямен және өзге де шығыстардан тұрады.

Шығыстар тұтынылған электр энергиясы санының көлеміне тепе-тең бөлінеді. Шынайы ақпараттың көзі қызмет басшысының ай сайынғы есептері болып табылады.

Көрсетілген бағыттардың арасындағы бөлінбеген шығыстар қосымша шығыстар ретінде жинақталады және қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан тікелей шығындар қызмет бағыттарының арасында тепе-тең бөлінеді.

Арнайы автокөлік қызметінің шығыстары (бұдан әрі - АҚК) мынадай қызмет бағыттары бойынша бөлінеді:

1) әуеайлақ қызметін көлікпен сүйемелдеу. Қызметі ұшу-қону жолақтарын, рульдік жолдарын және перрондарды ұстаумен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстарды қамтиды.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде әуеайлақ қызметіне жатады;

2) авариялық-құтқару және өртке қарсы қамтамасыз ету қызметін (бұдан әрі - АҚӨҚК) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі авариялық-құтқару жұмыстарымен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде АҚӨҚК қызметіне бөлінеді;

3) әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсетуді (бұдан әрі - ӘДҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі ӘДҚ тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ӘДҚ қызметіне бөлінеді;

4) жолаушыларға қызмет көрсету қызметін (бұдан әрі - ЖҚҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі жолаушыларды әуе кемесінің бортына (бортынан) жеткізуге тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ЖҚҚ қызметіне бөлінеді;

5) жүктерге, поштаға қызмет көрсету қызметін (бұдан әрі - ЖПҚҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі жүктерді, қол жүктерін ӘК бортына (нан) жеткізуге тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ЖПҚҚ қызметіне бөлінеді;

6) жанар-жағар материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметті (бұдан әрі - ЖЖМҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі әуе кемесін авиа ЖЖМ және басқа сұйықтықтар құюға тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде авиа ЖЖМ-мен қамтамасыз ету ЖЖМҚ қызметінің бағытына бөлінеді.

Қызметі авто ЖЖМ жеткізу мен бөлуге тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар толық көлемде авто ЖЖМ-мен қамтамасыз етудің ЖЖМҚ қызметінің бағытына бөлінеді.

7) авиациялық қауіпсіздік қызметін (бұдан әрі - АҚҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі әуежай аумағын патрульдеуге тікелей қатысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар толық көлемде АҚҚ қызметіне бөлінеді;

8) ҰЭЖТҚ көліктік сүйемелдеу.

Қызметі ҰЭЖТҚ қызметінің өндірістік қызметімен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ҰЭЖТҚ қызметіне бөлінеді;

9) ЖжСТҚ көліктік сүйемелдеу.

Қызметі ЖжСТҚ қызметінің өндірістік қызметімен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ЖжСТҚ қызметіне бөлінеді;

10) инженерлік-авиациялық қызметті (бұдан әрі - ИАҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі ИАҚ қызметінің өндірістік қызметімен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ИАҚ қызметіне бөлінеді;

11) әкімшілік-басқару персоналын көліктік сүйемелдеу.

Әкімшіліктің автокөлігін пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде әкімшілік шығыстарға жатады;

12) жалпы пайдаланудағы көліктер.

Жалпы мақсаттағы автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша шығыстар қызметтердің тікелей шығындарына тепе-тең бөлінеді.

Арнайы автокөлік қызметтің көрсетілген бағыттары арасында бөлінбеген шығыстары қосымша шығыстар ретінде қалыптасады және қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан қызмет бағыттарының арасында тікелей шығындарға тепе-тең бөлінеді.

38. Қызметтерге арналған тарифтердің шығынды бөлігін қалыптастырудың үшінші кезеңінде табиғи монополия субъектісінің кезең шығыстары бөлінеді.

Кезең шығыстары мынадай көрсеткіштерге тепе-тең бөлінеді:

жалпы шаруашылық шығыстар - табиғи монополия субъектісі көрсететін қызметтердің әрбір түрі бойынша өндірістік шығындарға тепе-тең;

салықтар мен алымдар (негізгі құралдарға байланысты) табиғи монополия субъектісі көрсететін қызметтердің әрбір түріне жатқызылатын активтердің қалдық құнына тепе-тең;

банктерге сыйақы төлеуге арналған шығыстар - қызметтерді көрсету үшін кредит алынған ақша қаражатының оларға қатысу дәрежесі бойынша бөлінеді.

39. Төртінші кезеңде тарифтің шығын бөлігі анықталады.

Әуеайлақ қызметінің шығыстары қызметтің екі бағытының арасында – ұшу-қону жолақтарын ұстауға және әуе кемелеріне арналған тұрақтар алаңдарын ұстауға – тепе-тең бөлінеді.

Әуе кемесінің ұшуы мен қонуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тарифтің шығын бөлігі осы қызметті көрсетуге арналған шығындарды қызметтің заттай көлеміне бөлу арқылы айқындалады.

Осы қызметті көрсету жөніндегі шығындар – осы шығыстар сомасы:

негізгі құрылымдық бөлімшелер – бөлінуге жататын шығыстарды қоспағанда, ұшу-қону жолағын күтіп-ұстау қызмет бағыты бойынша әуеайлақ қызметі, ұшу-қону жолағын жарықпен қамтамасыз ету қызмет бағыты бойынша ҰЭЖТҚ, АҚӨҚҚ, ӘДҚ;

көрсетілген негізгі қызметтерге бөлінген көмекші қызметтердің шығыстары;

осы көрсетілетін қызметке жатқызылған кезең шығыстары.

Осы көрсетілетін қызметке арналған тарифтің шығынды бөлігі авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге арналған шығындарды қызметтің нақты көлеміне бөлу арқылы анықталады.

Осы қызметті көрсету жөніндегі шығындар – осы шығыстар сомасы:

АҚҚ, ДҚ негізгі құрылымдық бөлімшелері табиғи монополия субъектімен қосымша авиациялық қызметтерін көрсету жағдайда, тексеру және қызметшілерді өткізумен қамтамасыз ету және өзге мекемелер көлік құралдарының, рұқсат беру аймағына кіру шектелген шығындарды қоспағанда;

көрсетілген негізгі қызметтерге бөлінген көмекші қызметтердің шығыстары;
осы көрсетілетін қызметке жатқызылған кезең шығыстары.

Әуе кемесіне тұрақ орнын беру және қону әуеайлағында әуе кемесіне тұрақ орнын беру жөнінде көрсетілетін қызметтер бойынша шығынды бөлігін анықтау:

әуе кемелері үшін тұрақ орнын ұстау қызметінің бағыты бойынша қалыптасқан әуеайлақ қызметінің шығыстары екі көрсетілетін қызмет арасындағы бағыт бойынша – қону әуежайында өңдеуге (тиеуге және (немесе) түсіруге) жататын жүктер (пошталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін 6 жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған үлгілері үшін 3 сағат бойы тұрақ орнын беру жөнінде және базалық әуеайлақта әуе кемесіне тұрақ орын беру жөнінде көрсетілетін қызметтерге осы көрсетілетін қызметтердің нақты көлеміне тепе-тең бөлінеді;

көрсетілген негізгі қызметтерге бөлінген көмекші қызметтердің шығыстары;
осы қызметтерге жатқызылатын кезең шығыстары.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39-1. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлар қызметтеріне тариф мына формула бойынша айқындалады:

$$T = \frac{D}{V}, \text{ мұндағы}$$

D – Осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес айқындалатын тарифтің кіріс бөлігі;
 V – реттелетін қызметтің жоспарланған жылдық көлемі.

Ескерту. Қағидалар 39-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39-2. Осы Қағидалардың 29-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тарифті бекіту кезінде жолаушыларды

тасымалдайтын әуе кемелері үшін авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тарифтердің деңгейлері олардың қолданылу кезеңінің әрбір жылына арналған формулалар бойынша айқындалады:

$$T_{\text{жолауш}} = \frac{Z_{\text{жолауш. инвест.}} + Z_{\text{жолауш. шығ.}} + ZKШ_{\text{жолауш.}}}{Q_{\text{жолауш.}}}, \text{ мұндағы}$$

$T_{\text{жолауш.}}$ – 1 ұшатын жолаушы үшін авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тариф;

$Z_{\text{жолауш. инвест.}}$ – жолаушылар қауіпсіздігіне байланысты инвестициялар үшін бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының жылдық сомасы;

$Z_{\text{жолауш. шығ.}}$ – жолаушылардың авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде іске қосылған құрылымдық бөлімшелердің жоспарланатын жылдық өндірістік шығыстары;

$ZKШ_{\text{жолауш.}}$ – жолаушылардың авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тартылған персонал санына байланысты бөлу үлесі бойынша ескерілетін кезеңнің жоспарланатын жылдық шығыстары;

$Q_{\text{жолауш.}}$ – тексеруден өтетін ұшатын жолаушылардың жылдық жоспарланған саны;

$$T_{\text{тонн}} = \frac{D - (Z_{\text{жолауш. инвест.}} + Z_{\text{жолауш. шығ.}} + ZKШ_{\text{жолауш.}})}{V}, \text{ мұндағы}$$

$T_{\text{тонн}}$ – әуе кемесінің ең жоғары ұшу салмағының 1 тоннасы үшін авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметке арналған тариф;

D – осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес айқындалатын реттеліп көрсетілетін қызмет тарифінің кіріс бөлігі;

V – реттелетін қызметтің жоспарланған жылдық көлемі.

Әуе кемесінің ең жоғары ұшу салмағының 1 тоннасы үшін авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тарифті бекіту кезінде, сондай-ақ осы Қағидалардың 29-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, оның қолданылу кезеңінің әрбір жылына авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тарифтің деңгейі осы Қағидалардың 39-1-тармағына сәйкес формула бойынша айқындалады.

Ескерту. Қағидалар 39-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Табиғи монополия салаларын тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, тарифтерді есептеу тетігі

1-параграф. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, тарифтерді есептеу тетігінің негізгі қағидаттары

40. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифті уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін және табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін ескере отырып, бес және одан көп жыл мерзімге бекітеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Тарифтер тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып қызметтерге бекітілетін аэронавигация мен әуежайлар саласындағы табиғи монополия субъектілерінің тізбесін уәкілетті органның ведомствосы бекітеді. Тарифтер тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып бекітілетін аэронавигация мен әуежайлар қызметтері саласындағы табиғи монополия субъектілерінің тізбесіне енгізу жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органның ведомствосына Тарифтік саясат жөніндегі кеңес енгізе алады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына, уәкілетті органның ведомствосы айқындайтын табиғи монополия субъектілері үшін тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифтерді бекіту жағдайларын қоспағанда, бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифті бекітуге өтінім береді.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Өтінімді қарау мерзімі және тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып тарифті бекіту тәртібі Заңның 15-бабында айқындалған.

44. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, тарифтерді есептеу тетігінің негізгі қағидаттары:

1) аэронавигация және әуежайлар қызметтері саласындағы табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсетуге арналған экономикалық негізделген шығындарды табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізуі негізінде өтеу;

2) табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді есептеудің ашықтығын қамтамасыз ету;

3) табиғи монополия субъектісінің дамуға бағытталатын және оның әуежайлар қызметтерін аэронавигация қызметтерін көрсету бойынша тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алуы, сондай-ақ аэронавигациялық және әуежайлық қызмет көрсету технологиясын жетілдіру;

4) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды және оларға сұранысты қанағаттандыруды ынталандыру болып табылады.

45. Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісі:

1) тарифте ескерілетін шығындардың түрлері мен мөлшерін шектеу, олардың экономикалық негізділігін ескере отырып;

2) тиісті салада (аяда) қолданыстағы үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде айқындалған шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларын, нормативтік техникалық ысыраптарды, персоналдың нормативтік санын қолдану.

Осы тармақшаның қолданылуы тарифтік реттеудің шығындық әдісінен тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісіне ауысқан жағдайда тарифті бекіту кезінде қолданылады;

3) бақыланатын және бақыланбайтын шығындарды айқындау;

4) бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын және бақыланбайтын шығындарды орындамағаны үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту;

5) инвестицияланған капиталды қайтаруды және инвестицияланған капитал кірістілігінің нормаларын, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде іске қосылған табиғи монополия субъектісі активтерінің теңгерім құнын және уәкілетті органның ведомствосы айқындаған әдіс бойынша есептелген пайда мөлшерлемесін ескере отырып пайданы айқындау;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін айқындау;

7) табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін айқындау ;

8) тозуды есептеудің тура сызықты әдісін қолдану;

9) инвестициялық бағдарламаны бекіту.

Ескерту. 45-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті есептеу кезінде мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) табиғи монополия субъектілерден алынған мәліметтер;

2) табиғи монополия субъектілердің қызметтер сапасы стандарттарын сақтауы туралы мониторинг деректері;

3) құзыретті органдардан алынған мәліметтер;

4) мемлекеттік статистикалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органнан алынған мәліметтер;

5) уәкілетті орган жанындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, табиғи монополия субъектілерінен және аккредиттелген бірлестіктерінен алынған мәліметтер;

6) басқа да ақпарат көздері.

47. Тарифті қалыптастыру кезінде шығыстар бақыланатын және бақыланбайтын шығыстарға бөлінеді.

48. Бақыланбайтын шығыстарға мынадай шығыстар жатады::

1) тізбесі табиғи монополиялар туралы заңнамада айқындалған стратегиялық тауарларды сатып алуға арналған материалдық шығыстар;

2) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған міндетті сақтандыру түрлеріне арналған шығыстар, салықтар, алымдар мен төлемдер;

4) тиісті салада (аяда) қолданыстағы үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген техникалық ысыраптардың есептеріне сәйкес нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейіне байланысты шығыстар.

49. Табиғи монополия субъектісінің бақыланатын шығыстарына бақыланбайтын және осы Қағидалардың 10 және 12-тарауларына сәйкес тарифте ескерілетін реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуге арналған шығыстар жатады.

50. Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру көздері меншікті қаражат болып табылады: реттелетін қызметтен түсетін пайданың рұқсат етілген деңгейінің 70%-ынан аспайтын және амортизациялық аударымдар.

51. Табиғи монополия субъектісінің ең жоғары пайдасы инвестициялық бағдарламаны іске асыруға қажетті пайданың рұқсат етілген деңгейінің 70%-нан аспайтын мөлшерде және субъект қызметінің сапасы мен сенімділігін және қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған пайданың рұқсат етілген деңгейінің ауыспалы бөлігінің 30%-нан аспайтын мөлшерде қаражатты қамтиды.

52. Инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін 70%-дан аспайтын мөлшерде пайданың рұқсат етілген деңгейі инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражатты және амортизациялық аударымдарды ескере отырып шектеледі.

53. Уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерту негіздері Заңның 22-бабында айқындалған.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштеріне, сондай-ақ қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу не сақтамау кезінде табиғи

монополия субъектісінің бақыланатын шығыстары, сондай-ақ 30% мөлшеріндегі пайданың жол берілетін деңгейі өзгертілуге тиіс.

55. Реттелетін қызметтердің сапа, сенімділік көрсеткіштерін, сондай-ақ табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділігін айқындау Заңның 15-бабына сәйкес анықталады.

56. Табиғи монополия субъектісі жыл сайын есепті жылдан соң жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты қол жеткізілген кірістер, шығыстар, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы, табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді ұсынады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының, сенімділігінің және табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділігінің белгіленген критерийлерінің орындалуын растайтын материалдарды ұсынбаған жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының, сенімділігінің және табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділігінің коэффициенті нөлдік мәнде қолданылады.

58. Өзгертілген тарифті қолданысқа енгізу, жария тыңдаулар өткізу, тұтынушыларды ақпараттандыру мерзімдері Заңның 22-бабында айқындалған.

2-параграф. Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуе кеңістігіндегі және әуесайлақ маңындағы аэронавигация қызметтеріне тарифтерді есептеу тетігі

59. Табиғи монополиялар субъектілерінің әуе кеңістігінде аэронавигация қызметтерін көрсетуден түсетін болжамды тарифтік кірісі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ТК_{\text{эк}} = Ш_{\text{экбақыланатын}} + Ш_{\text{экбақыланбайтын}} + РПД_{\text{экивест}} + РПД_{\text{эксапа}},$$
мұндағы:

ТК_{эк} – табиғи монополия субъектісінің әуе кеңістігінде аэронавигация қызметтерін көрсетуден түсетін болжамды тарифтік кірісі, теңге;

Ш_{экбақыланатын} – табиғи монополия субъектісінің әуе кеңістігінде аэронавигация қызметтерін көрсетуден түскен қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген жиынтық экономикалық негізделген жоспарлы бақыланатын шығындары, теңге;

Ш_{экбақыланбайтын} – қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген табиғи монополия субъектісінің әуе кеңістігінде аэронавигация қызметтерін көрсетуден түскен жиынтық экономикалық негізделген жоспарлы бақыланбайтын шығындары, теңге;

РПДәкивест – инвестициялық бағдарламаны іске асыруға бағытталатын әуе кеңістігінде аэронавигация қызметтерін көрсетуден түсетін пайданың рұқсат етілген деңгейі, теңге;

РПДәксапа – реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын, сенімділігін және субъект қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған әуе кеңістігінде аэронавигация қызметтерін көрсетуден түсетін пайданың рұқсат етілген деңгейі, теңге.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Әуе кеңістігіндегі аэронавигация қызметтеріне пайданың рұқсат етілген деңгейі осы Қағиданың 14-тарауына сәйкес айқындалады.

61. Келтірілген бір ұшақ-километрге тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_m = \frac{TK_{\text{ж}}}{\sum_{i=1}^n (N_{ij} * k_i)}$$

ондағы:

T_m – бір келтірілген ұшақ-километрге тариф;

k_i – әуе кемесінің ең жоғары ұшып көтерілу массасын ескере отырып анықталатын әуе кемесінің i типі үшін келтіру коэффициенті;

N_{ij} – i типті әуе кемесі орындаған ұшақ-километр саны,

j – әуе кемелерінің салмақ топтарының саны;

n – қосындылаудың жоғарғы шегі;

i – қосындылау индексі.

62. Әуе кемесінің i үлгісі үшін келтіру коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$K_i = \sqrt{\frac{Q_{\text{max}_i}}{50}}$$

ондағы:

Q_{max_i} – i типті әуе кемесінің ең жоғары ұшу салмағы, тонна;

50 – әуе кемесінің ең жоғары ұшу массасының 50 тоннаға тең ең төменгі базалық мөлшері.

63. J салмақ тобы үшін әуе кеңістігіндегі аэронавигация қызметтеріне 100 ұшақ-километрге арналған Тариф мынадай формула бойынша айқындалады::

$$T_{jm} = T_m * K_j * 100,$$

ондағы:

T_{jm} – әуе кемелерінің j салмақ тобына арналған тариф;

K_j – j салмақ тобында әуе кеңістігіндегі аэронавигация қызметтерінің жалпы көлемінде ескерілген әуе кеңістігіндегі аэронавигация қызметтерінің жоспарланған көлеміне сүйене отырып айқындалған j салмақ тобына кіретін әуе кемелері үшін келтірудің орташа өлшемдік коэффициенті.

64. Әуеайлақтар маңында аэронавигация қызметтерін көрсетуден табиғи монополия субъектісінің болжанатын тарифтік кірісі мынадай формула бойынша айқындалады:

$TK_{эа} = Ш_{эабакыланатын} + Ш_{эабакыланбайтын} + РПД_{эаинвест} + РПД_{эасапа}$,
мұндағы:

$TK_{эа}$ – табиғи монополия субъектісінің әуеайлағында аэронавигация қызметтерін көрсетуден түсетін болжамды тарифтік кірісі, теңге;

$Ш_{эабакыланатын}$ – табиғи монополия субъектісінің әуеайлағында аэронавигация қызметтерін көрсетуден түскен қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген жиынтық экономикалық негізделген жоспарлы бақыланатын шығындары, теңге;

$Ш_{эабакыланбайтын}$ – қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген табиғи монополия субъектісінің әуеайлағында аэронавигация қызметтерін көрсетуден түскен жиынтық экономикалық негізделген жоспарлы бақыланбайтын шығындары, теңге;

$РПД_{эаинвест}$ – инвестициялық бағдарламаны іске асыруға бағытталатын әуеайлағында аэронавигация қызметтерін көрсетуден түсетін пайданың рұқсат етілген деңгейі, теңге;

$РПД_{эасапа}$ – реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын, сенімділігін және субъект қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған әуеайлағында аэронавигация қызметтерін көрсетуден түсетін пайданың рұқсат етілген деңгейі, теңге.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Әуеайлақ маңындағы аэронавигация қызметтеріне пайданың рұқсат етілген деңгейі осы Қағиданың 14-тарауына сәйкес анықталады.

66. Әуеайлақтар маңындағы аэронавигация қызметтеріне бір ұшуға немесе бір конуға арналған тариф мынадай формула бойынша айқындалады::

$$T_{aa} = \frac{TK_{aa}}{\sum_{I=1}^n \sum_{j=1}^m (V_{ij} * Q_{maxi})}$$

ондағы:

$Q_{max i}$ – әуе кемелерінің ең жоғары ұшу салмағы, тонна;

V_{ij} – әуе кемесінің I түрінде орындалған ұшақ ұшуларының саны;

n, m – қосындылаудың жоғарғы шегі;

i – әуе кемесінің үлгілерін жинақтау индексі;

j – әуе кемелерінің салмақ топтарын қосындылау индексі.

3-параграф. Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлар қызметтеріне тарифтерді есептеу тетігі

67. Әуежайдың қызметтерін көрсетуге арналған табиғи монополиялар субъектілерінің болжамды тарифтік кірісі мынадай формула бойынша айқындалады:

$TK_{\text{әқ}} = \text{Шәқбақыланатын} + \text{Шәқбақыланбайтын} + \text{РПДәқинвест} + \text{РПДәқсапа}$,
мұндағы:

$TK_{\text{әқ}}$ – табиғи монополия субъектісінің әуежай қызметін көрсетуге болжамды тарифтік кірісі, теңге;

Шәқбақыланатын – табиғи монополия субъектісінің әуежай қызметтерін көрсетуден түскен қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген жиынтық экономикалық негізделген жоспарлы бақыланатын шығындары, теңге;

Шәқбақыланбайтын – табиғи монополия субъектісінің әуежай қызметтерін көрсетуден түскен қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген жиынтық экономикалық негізделген жоспарлы бақыланбайтын жоспарлы шығындары, теңге;

РПДәқинвест – инвестициялық бағдарламаны іске асыруға бағытталатын әуежай қызметтерін көрсетуден түсетін пайданың рұқсат етілген деңгейі, теңге;

РПДәқсапа – табиғи монополия субъектісі қызметінің сапасын, сенімділігін және тиімділігін арттыруға бағытталатын әуежай қызметтерін көрсетуден түсетін пайданың рұқсат етілетін деңгейі, теңге.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Әуежайлар қызметтеріне пайданың рұқсат етілген деңгейі осы Қағиданың 14-тарауына сәйкес анықталады.

69. Көрсетілетін қызметтер бойынша шығыстар осы Қағиданың 10 және 12-тарауларына сәйкес әуежайлар қызметтеріне арналған тарифтердің шығын бөлігіне енгізіледі.

4-тарау. Индекстеу әдісін қолдана отырып, әуежайлар мен аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар саласындағы тарифтерді есептеу тегігі

70. Индекстеу әдісі қолданылатын тариф Заңның 18-бабының талаптарына сәйкес белгіленеді.

71. Тарифті индекстеу тәртібі осы Қағиданың 13-тарауында айқындалған.

72. Осы Қағидалардың 96-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген қуаты аз табиғи монополия субъектілері үшін индекстеу әдісіне ауысу, Қағидалардың 107-тармағына сәйкес тариф бекітілген жағдайдан кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Уақытша өтемдік тарифті бекіту тәртібі

1-параграф. Уақытша өтемдік тарифті бекіту негізі мен тегігі

73. Уақытша өтемдік тарифті бекіту негіздері:

1) Заңға сәйкес бекітілген тарифтен асып кету;

2) амортизациялық аударымдар қаражатын орынсыз пайдалану;

3) мынадай жағдайларды қоспағанда, бекітілген инвестициялық бағдарламаның тарифте ескерілген іс-шараларын орындамау:

инвестициялық бағдарламаны іске асыруға бекітілген тарифтік сметада көзделген қаражатты толық алмауға әкеп соққан көлемдердің төмендеуі. Бұл ретте бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындамаудың жалпы сомасынан көлемнің төмендеуіне мөлшерлес алынбаған кіріс сомасы алынып тасталады, негізсіз кірістің қалған сомасына уәкілетті органның ведомствосы уақытша өтемдік тарифті енгізеді;

өткізілген конкурстық (тендерлік) рәсімдер нәтижелері бойынша қалыптасқан ақшаны үнемдеу;

тиімді әдістер мен технологияларды енгізуге байланысты шығындарды үнемдеу;

4) мынадай жағдайларды қоспағанда, бекітілген тарифтік сметаның шығын баптарын бекітілген тарифтік сметада көзделген мөлшерлердің 5 процентінен астам орындамау:

неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергетикалық аудит қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық

ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізуге байланысты шығындарды үнемдеу;

табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты шығындарды үнемдеу. Бұл ретте бекітілген тарифтік сметаны орындамаудың жалпы сомасынан көлемдердің төмендеуіне мөлшерлес алынбаған табыс сомасы алынып тасталады, негізсіз кірістің қалған сомасына уәкілетті органның ведомствосы уақытша өтемдік тарифті енгізеді;

жүргізілген конкурстық (тендерлік) рәсімдер нәтижелері бойынша қалыптасқан ақшаны үнемдеу.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73-1. Тарифтің қолданылуы кезеңінде табиғи монополия субъектісі жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей, уәкілетті органның ведомствосына "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті ұсынады.

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке қоса берілетін есептемелерді және негіздейтін материалдарды табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындайды.

Ескерту. 73-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73-2. Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке:

1) орындалмау себептері түсіндіріле отырып, тарифтік сметаның орындалуы туралы түсіндірме жазба;

2) "Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы)" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 15384 болып тіркелген) нысан бойынша табиғи монополия субъектісінің пайдасы мен шығындары туралы есебі;

3) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін, жөндеуге бағытталған шығындар сметаларының іске асырылуы туралы мәліметтер;

4) тарифтік смета бойынша табиғи монополия субъектісінің нақты шығындарын растайтын материалдар (шарттардың, орындалған жұмыстар/қабылдау-тапсыру актілерінің, жүкқұжаттардың, шот-фактуралардың көшірмелері, баланстық және қалдық құнын, қызмет мерзімін, жылдық амортизацияны көрсете отырып негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі, есептеулер);

5) көрсетілген үнемдеудің іс-жүзінде пайдаланылған және (немесе) көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерінің қысқарғанын растайтын материалдарды қоса бере отырып, шығындарды баптар бойынша үнемдеуді растайтын материалдар:

табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың анағұрлым тиімді әдістер мен технологияларын енгізуі, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі материалдар; конкурстық (тендерлік) комиссиялардың хаттамалары;

тұтынушылармен ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемін салыстыру актілері, төлеуге берілген шот-фактуралар, көрсетілетін қызметтер көлемдерінің тізілімі.

Ескерту. 73-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

73-3. Табиғи монополия субъектісінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есебіне талдауды уәкілетті органның ведомствосы келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде қаралады.

Егер табиғи монополия субъектісінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есебін қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болса, уәкілетті органның ведомствосы бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімді белгілей отырып, жазбаша түрде сұратады.

Бұл ретте бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы табиғи монополия субъектісінің есебіне талдау жасау мерзімі табиғи монополия субъектісін бұл туралы хабардар ете отырып, қажетті ақпарат алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 73-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73-4. Уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 73-тармағында көзделген жағдайларда табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасының орындалуы туралы есебін қарау нәтижелері туралы қорытынды негізінде уақытша өтемдік тарифті енгізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 73-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, сондай-ақ бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерге қоса берілетін есептердің, құжаттардың, ақпараттың және басқа материалдардың толықтығын, негізділігін және

дұрыстығын қамтамасыз етуді табиғи монополия субъектісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Уақытша өтемдік тариф мыналардың нәтижелері бойынша бекітіледі:

1) табиғи монополия субъектісінің қызметін тексеру;

2) бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, табиғи монополия субъектісі ұсынатын бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерді жыл сайынғы талдау негізінде жүзеге асырылады.

76. Уақытша өтемдік тариф шешім қабылданған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып бекітіледі.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.03.2021 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Уақытша өтемдік тариф табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға негізсіз алған табысын, оның ішінде сот шешімі бойынша толық өтеген жағдайда қолданылмайды.

78. Осы Қағидаларға 73-тармағында көрсетілген Заңның 26-бабы 2-тармағы 22) тармақшасының талаптарын ескере отырып, фактілерді растау үшін уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісінен оны ұсыну мерзімдерін көрсете отырып, қажетті ақпаратты сұратады.

Бұл ретте талдау жүргізу мерзімі қажетті ақпарат алынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат оны уәкілетті органның ведомствосына беруден бас тарту үшін негіз болып табылмайды, бұл ретте мүдделі тұлғалар ақпаратты ұсыну кезінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетеді не мүдделі тұлғаның коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесін бекіту туралы актісінің көшірмесін қоса береді.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Уақытша өтемдік тарифті енгізу табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауына тексеру, талдау және (немесе) осы Қағидаларға 2-қосымшадағы

нысанға сәйкес табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпаратына талдау жүргізілген айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

81. Табиғи монополия субъектісі тұтынушының назарына уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы ақпаратты ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жеткізеді.

82. Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешімі уәкілетті органның ведомствосының бұйрығымен ресімделеді. Қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмей орналастырылады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңінде табиғи монополия субъектісі Заңға сәйкес тарифті бекітуге арналған өтініммен уәкілетті органның ведомствосына жүгіне алады.

Бұл ретте жаңа тариф деңгейінің негіздемесіне қабылданған табыс табиғи монополия субъектісі өзінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынушыларға өтеуін шегере отырып, шешім қабылданған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып, негізсіз алынған табыс сомасына азайтылады.

Бұл ретте тарифтік сметада тарифтік сметаның және (немесе) инвестициялық бағдарламаның орындалмау сомасы жеке жолмен көрсетіледі.

Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісінің жаңа тарифті бекітуге арналған өтінімін қараған кезде уәкілетті органның ведомствосы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып, негізсіз табыс сомасын анықтаған кезде оны жаңа тарифтің деңгейін негіздеуге қабылданған табыстан алып тастайды.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға келтірген залалдарды уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін толық өтеген жағдайда, табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына тұтынушыларға залалдарды өтеу фактісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып (квитанциялар, шот-ескертпелер, шот-фактуралар, атқарылған жұмыстардың актісі), уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін уақытша өтемдік тарифті жою туралы өтінішпен жүгіне алады.

Уақытша өтемдік тарифтің күшін жою туралы өтінішті уәкілетті органның ведомствосы қарайды және қарау нәтижелері бойынша уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңін өзгерту туралы шешім қабылдайды не бас тарту себептерін көрсете отырып, өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде табиғи монополия субъектісін бас тарту туралы хабардар етеді.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Уақытша өтемдік тарифтің мөлшерін есептеу

85. Осы Қағидалардың 73-тармағында көрсетілген бұзушылықтар анықталған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы нақты көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемін және табиғи монополия субъектісі жол берген бұзушылықтар кезеңінде нақты алынған кірістерді айқындайды.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Табиғи монополия субъектісі жол берген бұзушылықтар кезеңі:

1) осы Қағидалардың 73-тармағының 1) тармақшасында – табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтен асатын құны бойынша төлем алған кезең;

2) осы Қағидалардың 73-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда – уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік сметаны бекіткен жыл болып табылады.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Осы Қағидалардың 73-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда негізсіз алынған табыс (НК1) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$НК_1 = (T_1 - T) * V_1,$$

ондағы:

T_1 – табиғи монополия субъектісі нақты қолданған көрсетілетін қызметтердің құны, теңге;

T – шешім қабылданған күнге уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге;

V_1 – табиғи монополия субъектісі бұзушылықтарға жол берілген кезеңде нақты көрсеткен реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.12.2021 № 629 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88. Осы Қағиданың 73-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда негізсіз алынған табыс (НК₂) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$НК_2 = A_{\text{мақсатсыз}}$$

ондағы:

$A_{\text{мақсатсыз}}$ – бекітілген тарифте және (немесе) тарифтік сметада амортизациялық аударымдар қаражаты есебінен көзделген, табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуда пайдаланылатын тіркелген активтерге күрделі салымдарға және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі борышты қайтаруға байланысты емес мақсаттарға бағытталған қаражат, теңге.

89. Осы Қағидалардың 73-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда негізсіз алынған табыс (НК₃) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$НК_3 = СИП_i, \text{ ондағы:}$$

ИП_і – тарифтерді бекіту кезінде ескерілген инвестициялық бағдарламаның толық немесе ішінара орындалмаған і. іс-шараларын іске асыруға инвестициялық бағдарламада көзделген шығындар, теңге.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.12.2021 № 629 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Осы Қағиданың 73-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда негізсіз алынған табыс (НК₄) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$НК_4 = \sum 3_i,$$

ондағы:

3_i

- бекітілген тарифтік сметада ескерілген шығындармен салыстырғанда 5 пайыздан асатын бап бойынша шығындардың игерілмеуі, теңге.

91. Негізсіз алынған табыс сомасы (НК) мынадай формула бойынша айқындалады::

$$НК = НК_1 + НК_2 + НК_3 + НК_4 + НК_{\text{бек.}} - НК_{\text{қайт.}}$$

ондағы:

$НК_{\text{бек.}}$ - қолданыстағы уақытша өтемдік тарифті бекіту кезінде ескерілген негізсіз алынған кіріс, теңге;

$НК_{\text{қайт.}}$ - шешім қабылданған күнге өтелген негізсіз алынған табыс, теңге.

92. Негізсіз алынған табыстың түпкілікті сомасы (НКк) шешім қабылданған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$HT_k = HT * \frac{(100 + k)}{100}, \text{ мұндағы}$$

HT_к – базалық мөлшерлемесін ескере отырып, негізсіз алынған табыс сомасы, теңгемен;

HT – осы Қағиданың 75-тармағында көзделген бұзушылық түрлері бойынша негізсіз алынған табыстың жалпы сомасы;

к – шешім қабылданған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі, % - бен.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.03.2021 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Уақытша өтемдік тариф келесі формула бойынша бір жылға анықталады:

$$T_{\text{өтем.}} = \frac{T \times V - HT_k}{V},$$

ондағы:

T_{өтем.} - уақытша өтемдік тариф, теңге;

V_{жыл} – бекітілген тарифтік сметада ескерілген уақытша өтемдік тарифті енгізу кезеңіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі.

94. Егер 93-тармаққа сәйкес уақытша өтемдік тарифті есептеу кезінде тариф теріс мәнмен қалыптасса, уақытша өтемдік тариф мынадай формула бойынша үш жылға дейінгі мерзіммен айқындалады:

$$T_{\text{өтем.}} = \frac{T \times V - \left(\frac{HK_k}{n} \right)}{V},$$

ондағы:

T_{өтем.} – уақытша өтемдік тариф, теңге;

V – бекітілген тарифтік сметада ескерілген уақытша өтемдік тарифті енгізу кезеңіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі;

n – есептеу кезінде тариф қай кезеңде оң мәнмен қалыптасқанына байланысты болатын уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңі.

95. Уақытша өтемдік тарифті есептеу үлгісі осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылған.

6-тарау. Тарифтерді оңайлатылған тәртіппен бекіту тәртібі

1-параграф. Өтінімдерді ұсынудың оңайлатылған тәртібі

96. Тарифтерді оңайлатылған тәртіппен бекіту:

- 1) алғаш рет құрылған;
- 2) жаңа реттеліп көрсетілетін қызметті (жаңа реттеліп көрсетілетін қызметтер);
- 3) егер қолданыстағы тариф объектілер және (немесе) учаскелер бойынша бөлек бекітілсе, жаңа объектілерді және (немесе) учаскелерді сатып алған (салған) жағдайда;
- 4) қуаты аз табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне өтінімді ұсынуды және қарауды, тарифті бекітудің және қолданысқа енгізудің тәртібін айқындайды.

97. Осы Қағидалардың 96-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына оны табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы хабарламасын алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда ұсынады.

Өтінімге қоса беріледі:

- 1) преysкурant түріндегі тариф пен тарифтік сметаның жобасы;
- 2) жобалық қуат туралы деректер;
- 3) таратып жазылуы қоса берілген кредиторлық және дебиторлық берешектің болуы немесе болмауы туралы деректер;
- 4) тиісті салада (салада) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген персонал санының, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігінің есебі;
- 5) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдерін көрсете отырып амортизациялық аударымдарды есептеу;
- 6) негізгі өндірістік қорларды жұмыс жағдайында ұстау үшін қажетті шығындар сметасының жобасы;
- 7) пайданың рұқсат етілген деңгейін есептеу;
- 8) мемлекеттік мүлікті немесе мемлекеттік кәсіпорынды басқару жөніндегі органның басшылардың еңбегіне ақы төлеу қорын және лауазымдық жалақыларын белгілеу туралы шешімі (мемлекеттік кәсіпорындар не мемлекеттің қатысу үлесі басым кәсіпорындар үшін);
- 9) мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті және табиғи монополия субъектісінің мүмкіндіктері шегінде белгілеген ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жалпыға бірдей қызмет көрсету міндетін негізге ала отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары және (немесе) шарттар, тауарларды өндіру көлемінің есептері).

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98. Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосы айқындаған тарифті индекстеу деңгейінен аспайтын шамаға тарифті өзгерту кезінде осы Қағидалардың 13-тарауына сәйкес тарифті индекстеу тәртібін басшылыққа алады.

Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосы айқындаған тарифті индекстеу деңгейінен асатын шамаға тарифті өзгерту кезінде уәкілетті органға электрондық нысанда өтінім береді.

Өтінімге қоса беріледі:

1) тарифтерді бекіту қажеттілігін ашатын және реттеліп көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша жылдар бөлінісінде тарифтер соңғы бекітілген сәттен бастап өткен кезең үшін қуаты аз табиғи монополия субъектісінің қаржы-шаруашылық қызметін талдауды қамтитын түсіндірме жазба;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп;

3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтің және тарифтік сметаның жобасы;

4) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік;

5) тиісті салада (салада) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген персонал, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігінің есептері);

6) қуаты аз табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдары құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеуге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалатын шығындардың жылдық сметаларының жобасы;

7) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағытталатын шығындардың жылдық сметалары;

8) негізгі құралдарды пайдалану мерзімін көрсете отырып амортизациялық аударымдарды есептеу;

9) қуаты аз табиғи монополия субъектісі желілерінің (жабдықтарының) жобалық қуаты және оны іс жүзінде пайдалану туралы деректер;

10) реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар);

11) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бағасын растайтын құжаттар;

12) негізгі құралдарды соңғы қайта бағалау нәтижелері туралы мәліметтер (бар болса);

13) пайданы есептеу;

14) өтінім беру алдындағы төрт тоқсан үшін және өткен күнтізбелік жыл үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің шығындары туралы және көлемі туралы нақты деректерді растайтын құжаттар.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Қуатты аз табиғи монополия субъектісінің өтініміне қоса берілетін есептер мен негіздеуші материалдар реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке ұсынылады.

100. Уәкілетті органның ведомствосы өтінімді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қоса беріліп отырған есептердің және осы Қағидалардың 97 және 98-тармағына сәйкестігін негіздейтін материалдардың толықтығын тексереді және осы Қағидалардың 101-тармағына сәйкес бас тарту себептерін көрсете отырып, табиғи монополия субъектісін өтінімді қарауға қабылдағаны туралы немесе оны қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Негіз өтінімді қабылдаудан бас тарту болып табылады:

1) табиғи монополия субъектісінің осы Қағидалардың 97 және 98-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынбауы;

2) ұсынылған құжаттардың осы Қағиданың 99-тармағына сәйкес келмеуі;

3) Заңның 25-бабының 7-тармағында көзделмеген мәліметтерді коммерциялық құпияға жатқызу.

2-параграф. Тарифті бекіту мен қолданысқа енгізудің оңайлатылған тәртібі

102. Уәкілетті органның ведомствосы тарифті оңайлатылған тәртіппен бекітуге арналған өтінімді ол ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде қарайды.

Тариф жобасын қарау мерзімі уәкілетті органның ведомствосына өтінім келіп түскен күннен бастап есептеледі.

Қосымша ақпаратты уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісінен оны ұсыну мерзімдерін көрсете отырып, жазбаша түрде, бірақ кемінде 5 (бес) жұмыс күні сұратады.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Осы Қағиданың 96-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген табиғи монополия субъектілері үшін тариф осы Қағиданың 2-тарауына сәйкес айқындалады.

104. Уәкілетті органның ведомствосы тариф оңайлатылған тәртіппен бекітілгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жария тыңдаулар өткізеді.

Уәкілетті органның ведомствосы тарифтің жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулардың өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын өзінің интернет-ресурсында орналастырады және мерзімді баспасөз басылымында жария тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруды жариялайды.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Тарифті бекіту туралы шешім уәкілетті органның ведомствосының бұйрығы түрінде ресімделеді және оны бекіту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей табиғи монополия субъектісіне жіберіледі.

Тарифті бекіту туралы шешіммен табиғи монополия субъектісі өтініммен ұсынған шығындардың, пайданың баптарын өзгерту мен нақтылаудың негіздемесі жіберіледі.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Осы Қағиданың 96-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген табиғи монополия субъектілері үшін оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі 12 (он екі) айдан аспайды.

107. Осы Қағиданың 96-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген табиғи монополия субъектілері үшін оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі өткеннен кейін тариф тарифтік реттеудің шығын әдісін қолдана отырып, 1 (бір) күнтізбелік жылға бекітіледі.

108. Оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифті көтерген жағдайда уәкілетті органның ведомствосы жаңа тарифтерді енгізумен бір мезгілде табиғи монополиялар субъектілерінің негізсіз алған кірісін өтеу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Тарифті қолданысқа енгізу тариф бекітілген айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күнінен бастап жүзеге асырылады.

110. Табиғи монополиялар субъектілері тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей бұл туралы тұтынушыларды өзінің

интернет-ресурсында не тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептерін қамтитын ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді.

3-параграф. Қуаты аз табиғи монополия субъектісінің бекітілген тарифтік сметасын өзгерту тәртібі

111. Қуаты аз табиғи монополия субъектісі ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қарашасына дейін тарифті көтермей бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда өтінішпен уәкілетті органның ведомствосына жүгінеді.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы ұсыныспен жүгінген кезде қуаты аз табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына бекітілген тарифтік сметаға өзгерістер енгізуді негіздейтін өзгерістер мен материалдарды ескере отырып, тарифтік сметаның жобасын ұсынады.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Уәкілетті органның ведомствосына ол ұсынылған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде тарифті көтермей бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішті қарайды.

Егер тарифті жоғарылатпай бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішті қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы оны қуаты аз табиғи монополия субъектісінен мерзімді белгілей отырып, жазбаша түрде, бірақ кемінде 5 (бес) жұмыс күні сұратады. Мұндай жағдайда қуаты аз табиғи монополия субъектісінің бекітілген тарифтік сметасын өзгерту туралы ұсынысты қарау мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде өтініш берушіге хабарланады.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

114. Уәкілетті органның ведомствосы, егер мұндай өзгеріс қуаты аз табиғи монополия субъектісінің тарифін арттыруға әкеп соққан жағдайда, тарифті көтермей, бекітілген тарифтік сметаны өзгертуден бас тартады.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Қуаты аз табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасының орындалуы туралы есепті ұсыну тәртібі

115. Қуаты аз табиғи монополия субъектісі жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда осы Қағидалардың 116-тармағына сәйкес негіздейтін материалдармен 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдыңғы күнтізбелік жыл үшін бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті ұсынады.

Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

116. Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке қоса беріледі:

1) тарифтік сметаның орындалмау себептерін түсіндіре отырып, оның орындалуы туралы түсіндірме жазба;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 404 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша пайдалар мен шығындар туралы есепті (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15384 болып тіркелген)

3) ағымдағы, күрделі жөндеуге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындар сметасын іске асыру туралы мәліметтер;

4) тарифтік смета бойынша нақты шығындарды растайтын материалдар.

7-тарау. Инвестициялық бағдарламаны бекіту және оны өзгерту тәртібі

1-параграф. Инвестициялық бағдарламаны қарау және бекіту тәртібі

117. Инвестициялық бағдарламаны бекіту және оны өзгерту тәртібі мынадай кезеңдерді көздейді:

1) тарифтердің және тарифтік сметалардың жобаларын бекітуге өтінім беру;

2) инвестициялық бағдарламаны қарау және бекіту;

3) жоспарланып отырған инвестициялық бағдарламаны бекіту кезінде оны өзгерту;

4) бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту.

118. Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасы Қазақстан Республикасының даму басымдықтарын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін ескере отырып әзірленеді:

1) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың технологиялық циклында тікелей пайдаланылатын қолданыстағы активтерді кеңейту, жаңғырту, қайта жаңарту, жаңарту, жаңа активтерді құру;

2) энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

3) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру.

119. Инвестициялық бағдарламаның бюджетін жоспарлау және жасау осы Қағиданың 12-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

120. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру және оны іске асыру үшін тартылған қарыз қаражатын қайтару:

тарифте ескерілген пайда және амортизациялық аударымдар есебінен;

өзге де көздер есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған.

Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісі бойынша инвестициялық бағдарламаны бекіту кезінде пайданың рұқсат етілген деңгейі инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін 70% - дан аспайтын мөлшерде ескеріледі.

121. Табиғи монополия субъектісі неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергетикалық аудит қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізуге немесе табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің қысқаруына байланысты шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған іс-шараларды орындау шартымен бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігіне дербес билік етеді, немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

122. Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасы:

1) мәртебесі бойынша – республикалық және жергілікті;

2) іс-әрекеттердің бағыты бойынша-инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуден немесе табиғи монополия субъектісі қызметінің көрсеткіштерін қолданыстағы деңгейде сақтаудан көрінетін техникалық-экономикалық және (немесе) экологиялық әсерлерді алу мақсатында табиғи монополия субъектісінің қолданыстағы активтерін кеңейтуге, жаңғыртуға, қайта жаңартуға, қолдауға және жаңа активтерін құруға бағытталған инвестициялар.

123. Инвестициялық бағдарламаны бекіту үшін табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына ұсынады.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. Инвестициялық бағдарлама тарифтің қолданылу мерзіміне бекітіледі.

125. Инвестициялық бағдарламаны бекіту үшін табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына еркін нысанда өтінішті қоса бере отырып ұсынады:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табиғи монополия субъектісі жоспарланатын табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасы;

2) іске асырылатын технологиялық және техникалық іс-шаралардың, оның ішінде технологиялық процесті басқарудың және коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің тізбесін көрсете отырып (бар болған кезде), табиғи монополия субъектісі жоспарлайтын инвестициялық бағдарламаның тиімділігін есептеуді көздейтін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасының табиғи монополиялар субъектісі жоспарлайтын тиімділік көрсеткіштерін;

3) сатып алынатын негізгі құралдардың құнын көрсете отырып, инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған инвестициялық шығындар, баға деңгейінің салыстырмалы талдауын қоса бере отырып, құрылыс-монтаж жұмыстары туралы ақпаратты, оның ішінде негізгі құралдарды сатып алу және жұмыстарды жүргізу қажеттілігін құжаттамалық техникалық растауды, жиынтық сметалық есептерді, әрбір объект бойынша жеке объектілік, жергілікті және ресурстық сметаларды, бизнес-жоспарды, прайс-парақтарды, шарттардың көшірмелерін, белгіленген тәртіппен сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы;

4) егер табиғи монополия субъектісі табиғи монополия субъектісі жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қарыз қаражатын тартуды жоспарланбаған жағдайда, қаржыландырудың болжамды мөлшері мен алдын ала шарттарын, оның ішінде қарыз ресурстарын (қарыз қаражаты бойынша сыйақы, қаржыландыру кезеңі, комиссиялық төлемдер, қарыз қаражатын қайтару мерзімдері мен шарттарын) немесе қарыз қаражатын пайдаланбаудың экономикалық орындылығын (оның ішінде шығындарды, нормативтік ысыраптарды одан әрі төмендету мүмкін еместігін растай отырып) растайтын құжаттарды;

5) егер инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін республикалық, жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінген немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылған жағдайда, инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттарды;

6) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметінің болжамды тарифі және тарифтік сметасын қоса бере отырып, табиғи монополия субъектісі жоспарлаған инвестициялық бағдарламаның оны іске асыру кезеңінде оның тарифтеріне әсер ету болжамы.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125-1. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге өтінімге қоса берілетін есептердің, құжаттардың, ақпараттың және басқа да материалдардың толықтығын, негізділігін және дұрыстығын қамтамасыз етуді табиғи монополия субъектісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. Қағидалар 125-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Табиғи монополия субъектісі жоспарлаған инвестициялық бағдарлама мынадай критерийлердің кемінде біреуін ескеретін іс-шаралардың мазмұнымен әзірленеді:

1) салалық және өндірістік ерекшеліктерге байланысты шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарын төмендету;

2) қарыз қаражатын пайдаланған жағдайда қарыз алу және қарыз ресурстарын қайтару схемасын оңтайландыру;

3) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемін ұлғайту және (немесе) сапасын арттыру;

4) табиғи монополия субъектісінің қызметін басқарудың автоматтандырылған ақпараттық-технологиялық жүйелерін және энергияны есепке алудың коммерциялық аспабын (оларды енгізу қажет болған жағдайда);

5) негізгі құралдардың тозуын төмендету;

6) инвестициялық бағдарламаға енгізілген іс-шаралардың сапасын, тиімділігін, сенімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

7) энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

8) Smart технологияларды енгізу;

9) ең үздік қолжетімді технологиялар тізіліміне сәйкес инновациялық технологияларды енгізу.

127. Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісі жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны ол ұсынылған кезден бастап 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127-1. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге немесе бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге өтінішті алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісін өтінішті қарауға қабылдағаны туралы немесе бас тарту себептерін көрсете отырып, оны қабылдаудан бас тартқаны туралы жазбаша (қағаз немесе электрондық) хабардар етеді.

Инвестициялық бағдарламаны бекітуге немесе бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге өтінішті қарауға қабылдаудан бас тартылады:

1) инвестициялық бағдарламаны бекітуге өтініш берген кезде табиғи монополия субъектісінің осы Қағидалардың 125-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбауы;

бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге өтініш берген кезде табиғи монополия субъектісінің осы Қағидалардың 141-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбауы;

2) инвестициялық бағдарлама жобасының немесе инвестициялық бағдарламаға енгізілген өзгерістердің осы Қағидалардың 126-тармағында көрсетілген өлшем шарттардың біріне сәйкес келмеуі;

3) егер жаңа инвестициялық бағдарламаны іске асыру немесе бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту (мемлекеттік бағдарламаларды және (немесе) ұлттық жобаларды, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруды қоспағанда) бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асырудың қалған мерзіміне тарифті арттыруды талап еткен жағдайда.

Ескерту. Қағидалар 127-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Инвестициялық бағдарлама мыналарға қарастырылады:

1) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтауы және табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу мәніне;

2) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыру мақсатында реттеліп көрсетілетін қызметтерге тұтынушылардың сұранысын технологиялық негізділік және қанағаттандыру тұрғысынан реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру.

129. Инвестициялық бағдарламаның жобасын қарау кезінде мына іс-шаралар алынып тасталады:

1) осы Қағиданың 118-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін;

2) қаржыландыру көзімен қамтамасыз етілмеген;

3) негіздеме құжаттармен расталмаған.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес инвестициялық бағдарламаның барлық іс-шараларын алып тастау инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

129-1. Инвестициялық бағдарламаның жобасына инвестициялық бағдарламаны бекітуге өтініш беру сәтінде орындалған іс-шаралар енгізілмейді.

Ескерту. Қағидалар 129-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Уәкілетті органның ведомствосының инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тартуы тарифті бекітуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Табиғи монополия субъектісі жоспарланатын инвестициялық бағдарламаны қараған кезде уәкілетті органның ведомствосы оны іске асыру кезеңінде тарифтерге әсерін айқындау мақсатында тиімділікке экономикалық және қаржылық бағалау жүргізеді.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132. Табиғи монополия субъектісі жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы:

инвестициялық бағдарламаны бекітеді;

немесе дәлелді қорытындыны қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту туралы табиғи монополия субъектісін хабардар етеді.

Инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешімнің жобасы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық бағдарламаны бекітуді көздейді.

Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

133. Заңның 21-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісі жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны оны бекітуге ұсыну кезеңінде, бекітілген инвестициялық бағдарламаны – оны іске асыру кезеңінде, Қағидаларда айқындалатын жағдайларда және тәртіппен өзгертеді.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

134. Инвестициялық бағдарлама уәкілетті органның ведомствосының бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын уәкілетті орган шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

136. Инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешімнің көшірмесін уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісіне шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жібереді.

Ескерту. 136-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Жоспарланған инвестициялық бағдарламаны бекіту кезінде оны өзгерту тәртібі

137. Табиғи монополия субъектісінің жоспарланған инвестициялық бағдарламасын өзгертуді осы Қағидалардың ережелерін ескере отырып, уәкілетті органның ведомствосы жүргізеді.

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

138. Егер табиғи монополия субъектісі ұсынған инвестициялық бағдарламаны қарау барысында уәкілетті органның ведомствосы оны өзгертуді жүргізген жағдайда, өзгерту туралы шешім қабылдау алдында келісу мақсатында тұтынушылардың, табиғи монополия субъектісінің, тарифтік саясат жөніндегі кеңестің қатысуымен кеңес өткізіледі, оның қорытындылары бойынша табиғи монополия субъектісі жоспарлайтын инвестициялық бағдарламаны өзгертудің орындылығы немесе орынсыздығы туралы шешім қабылданады. Кеңес қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді.

Ескерту. 138-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту тәртібі

139. Табиғи монополия субъектісі ағымдағы жылдың 1 (бірінші) қарашасына дейін тарифті көтермей бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішпен уәкілетті органның ведомствосына жүгінеді.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асырған жағдайда табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосы бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішпен жүгінеді.

Осы тармақтың талаптары уәкілетті орган инвестициялық бағдарламаны өзгерту жөніндегі өтінішті пысықтауға қайтарған кезде табиғи монополия субъектісіне қолданылмайды.

Табиғи монополия субъектісі инвестициялық бағдарламаны пысықтайды және оны уәкілетті орган инвестициялық бағдарламаны өзгерту жөніндегі табиғи монополия

субъектісінің өтінішін қайтарып алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына қайта қарауға жібереді.

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішін қарауды, оның ішінде табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы пысықталған өтінішін қайта қарауды уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 127-тармағында көзделген мерзімде жүзеге асырады.

Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

140. Табиғи монополия субъектісі, сондай-ақ, егер оның қызметін тексеру қорытындылары бойынша осындай өзгерістерді жүргізу қажеттігі туралы нұсқама енгізілген жағдайда, инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішпен уәкілетті органның ведомствосына жүгінеді.

Ескерту. 140-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

141. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішке қоса беріледі :

1) инвестициялық бағдарламаға өзгерістер енгізуді негіздейтін материалдарды (жоспарланған іс-шаралардың техникалық қажеттілікті негіздейтін материалдар, прайс-парақтар, шарттардың көшірмелері, белгіленген тәртіппен сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама) қоса бере отырып, өзгерістерді ескере отырып, инвестициялық бағдарламаның жобасы;

2) негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаға өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы табиғи монополия субъектісін бағалау;

3) қарыз қаражатын қаржыландырудың және қайтарудың ықтимал шарттары;

4) егер инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінсе немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылса, онда қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттар ұсынылады.

Қоса беріліп отырған құжаттар тігіледі, нөмірленеді және табиғи монополия субъектісі басшысының не оны алмастыратын адамның қолымен расталады. Бұл талап өтінішті электрондық нысанда ұсынуға қолданылмайды. Қаржылық құжаттарға табиғи монополия субъектісінің басшысы мен бас бухгалтері не оларды алмастыратын тұлғалар қол қояды.

Ескерту. 141-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

142. Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы өтінішті осы Қағидалардың 139-141-тармақтарында көзделген тәртіппен қарайды.

Ескерту. 142-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

143. Табиғи монополия субъектісі инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын өзіне байланысты емес себептер бойынша орындамаған жағдайда (шарттың басқа тарапының міндеттемелерін орындамауы, конкурсты (тендерді) еңсерілмейтін күш салдарынан өтпеді деп тану) инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау мерзімдері инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары іске асырылған жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) наурызына дейін инвестициялық бағдарламаны өзгерту жолымен келесі жылға ауыстырылады.

Бұл жағдайда табиғи монополия субъектісі инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары іске асырылған жылдан кейінгі жылдың 15 (он бес) қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның ведомствосының атына осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайлардың басталғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы ұсыныс жібереді.

Инвестициялық бағдарламаның осы іс-шараларының орындалу мерзімдерін қайта ауыстыруға жол берілмейді.

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

143-1. Тарифтің қолданылу кезеңінде табиғи монополия субъектісі жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Қағидалардың 143-2-тармағына сәйкес негіздейтін материалдарды қоса бере отырып, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда ұсынады.

Ескерту. 143-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

143-2. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепке мыналар қоса беріледі:

1) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат;

2) "Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен

бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15384 болып тіркелген) нысан бойынша пайда мен шығындар туралы есеп;

3) инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшерлері туралы ақпарат;

4) инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысаналы көрсеткіштердің тізбесіне сәйкес инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат;

5) қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламадағы көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру;

6) инвестициялық бағдарлама іс-шараларының нақты орындалғанын растайтын материалдар (шарттардың, атқарылған жұмыстар актілерінің, шот-фактуралардың көшірмелері, жүкқұжаттардың, баланстық және қалдық құнын, қызмет мерзімін, жылдық амортизациясын көрсете отырып, негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі).

7) конкурстық (тендерлік) комиссиялардың хаттамалары;

табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың анағұрлым тиімді әдістер мен технологияларын енгізуі жөніндегі материалдар.

Ескерту. 143-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

143-3. Табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есебін қарауды уәкілетті органның ведомствосы ол түскен күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде жүргізеді.

Егер бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы мерзімді белгілей отырып, бірақ кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен асырмай оны жазбаша түрде сұратады.

Бұл ретте бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепке талдау жүргізу мерзімі, бұл туралы табиғи монополия субъектісін хабардар ете отырып, қажетті ақпаратты алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 143-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-тарау. Жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тарифті айқындау тәртібі

1-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілерінің, оның ішінде концессия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді қалыптастыру тәртібі

144. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілерінің, оның ішінде концессия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтер реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін қажетті шығындардың құнынан төмен болмауға, сондай-ақ мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің салынған инвестицияларын қайтаруды және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне сәйкес салынған инвестицияларға кірістілік деңгейін қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл ретте, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің тиімді жұмыс істеуі үшін пайда алу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, инвестицияланған капиталды қайтаруды есепке алмай қалыптастырылады.

Концессиялық жобаларды ерекше маңызы бар концессиялық жобалар санатына жатқызу өлшемдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 1060 Қаулысымен бекітілген Ерекше маңызы бар концессиялық жобалардың тізбесінде айқындалады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын аса маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жатқызу критерийлері "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген) бекітілген сәйкес айқындалады.

145. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілері, оның ішінде концессия субъектілері мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметтердің бірлігіне арналған тарифтер мынадай кезеңдер бойынша қалыптастырылады:

1) өзіне мыналар кіретін жылдық түсімнің есебі:

осы Қағиданың 148-тармағына сәйкес тарифтің шығын бөлігіне енгізілетін шығындардың жылдық сомасын айқындау;

инвестицияланған капиталдың бастапқы және қалдық сомасының мөлшерін айқындау және осы Қағиданың 149 және 150-тармақтарына сәйкес алдағы кезеңге инвестицияланған капиталды қайтарудың жылдық сомасын есептеу;

осы Қағиданың 151-тармағына сәйкес инвестицияланған меншікті қаражатқа пайданың жылдық сомасын есептеу;

2) осы Қағиданың 154-тармағына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша алдағы кезеңге арналған жылдық көлемін айқындау;

3) реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша жылдық түсімді негізделген бөлу жолымен тарифтердің құндық негізін айқындау.

146. Тарифтерді қалыптастыру реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алу негізінде жүзеге асырылады.

147. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифті қалыптастыру кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісінің, оның ішінде концессия объектісінің мүліктік кешеніне кіретін әлеуметтік сала объектілерін қаржыландыруға байланысты тиісті негіздеуші материалдармен расталған шығыстар ескеріледі.

148. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілерінің, оның ішінде концессия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастыру осы Қағиданың 10 және 12-тарауларына сәйкес жүзеге асырылады.

149. Инвестицияланған капиталдың жалпы мөлшері меншікті және қарызға инвестицияланған капиталдың сомасы ретінде айқындалады.

Инвестицияланған капиталдың бастапқы сомасын тартудың болжамды шекті мөлшері мен алдын ала шарттары (қарыз капиталының құрылымы, сыйақы ставкасы және өз қаражаты пайдасының ставкасы, нысаналы пайдаланылуы, игеру кестесі, қайтару шарттары) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің растаушы құжаттары (мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің қаржылық есептілігі, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны қаржыландыру туралы меморандумдар, банктердің шоттарынан үзінді көшірмелер) негізінде айқындалады., оның ішінде концессия субъектісі.

Инвестицияланған капиталды тартқаннан кейін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына, оның ішінде концессия шартына жасалған қарыз шарттарына сәйкес инвестицияланған капиталды тарту сомасы мен шарттары (құрылым, қарыз капиталының сыйақы ставкасы және меншікті қаражат пайдасының ставкасы, нысаналы пайдалану, игеру кестесі және қайтару шарттары) көзделетін қосымша келісім жасасу жолымен тиісті өзгерістер енгізіледі.

150. Инвестицияланған капиталды орынсыз пайдалануға жол берілмейді.

Инвестицияланған капиталды (меншікті және қарыз) тарифтің құрамында қайтару мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында, оның ішінде концессия шартында және

мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің инвестициялық бағдарламасында көзделген нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылған және тиісті құжаттармен расталған капиталға ғана жүргізіледі.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін пайдалану кезеңінде өз қаражатын қайта инвестициялаудың сомасы мен мерзімдері мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында, оның ішінде концессия шартында және мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің инвестициялық бағдарламасында айқындалады және нысаналы пайдаланудың тиісті құжаттарымен расталуға тиіс.

Тарифте ескерілетін қарыз капиталын қайтарудың жылдық сомасы қарыз шартында белгіленген қарыз капиталын қайтару (өтеу) кестесінің негізінде айқындалады. Қарыз капиталын қайтару сомасын есептеу кезінде инвестициялық бағдарламаға және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының талаптарына сәйкес қайта инвестициялау (негізгі құралдарды жаңарту және жөндеу) үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі алдағы кезеңде пайдаланбайтын амортизациялық қордың бос ақша қаражаты ескеріледі.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде тарифте ескерілетін концессия субъектісінің инвестицияланған меншікті қаражатын қайтару мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының қолданылу мерзімі ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін пайдалану басталған кезден бастап біркелкі жыл сайынғы төлемдермен жүргізіледі. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі өз қаражатын қайта инвестициялау кезінде өз қаражатын қайтаруды өз қаражатының қайта инвестицияланған сомасын ескере отырып жүзеге асырады.

Жыл сайын реттеу кезеңі ішінде уәкілетті органның ведомствосымен пайдалануға енгізілген объектілер туралы нақты деректерді, бекітілген енгізу жоспарын және қайтарылмаған инвестицияланған капиталдың қалдықтарын түзетуді ескере отырып, реттеу кезеңінің кезекті есептік жылына белгіленетін инвестицияланған капиталды қайтару шамасына түзету жүргізеді.

Ескерту. 150-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

151. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде тарифте ескерілетін концессия субъектісінің инвестицияланған және (немесе) қайта инвестицияланған меншікті қаражатына арналған пайданың жылдық сомасы мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына, оның ішінде концессиялық жобаға салынған меншікті қаражатының қалдық сомасына пайда ставкасының туындысы ретінде есептеледі.

Инвестицияланған меншікті капиталға пайда ставкасы мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына, оның ішінде концессия шартына қол қою сәтінде айқындалған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қарыз қаражатына сыйақы немесе ақша қаражатын (депозиттерді) тарту ставкасының құнынан кем емес шама болып табылады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің инвестицияланған және қайта инвестицияланған меншікті қаражаты толық қайтарылғаннан кейін пайданың жылдық сомасы тарифте ескеріледі.

152. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілеріне, оның ішінде концессия субъектілеріне мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін шығындарды өтеу және мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамада және концессиялық заңнамада көзделген кірістерді алу көздері, шығыстарды жабуға және тарифтің шығын және кіріс бөлігінде ескерілмеген кірістерді қамтамасыз етуге бағытталған төлемдерді қоспағанда, тарифті азайтуда ескеріледі.

Мемлекеттік бюджет қаражатынан шығындарды өтеу және кірістер алу көздерін төлеу мөлшері мен тәртібі мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында, оның ішінде концессия шартында көзделеді және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

153. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілеріне, оның ішінде концессия субъектілеріне мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидиялар, тарифтің шығын бөлігінде ескерілмеген шығыстарға бағытталған субсидияларды қоспағанда, тарифтің шығын бөлігін азайтуда ескеріледі.

154. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемін айқындау көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша нақты және болжамды деректер базасында заттай өлшемде жүзеге асырылады.

2-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің, оның ішінде концессия субъектілерінің жасалған шарты негізінде тарифтерді бекіту тәртібі

155. Тарифтерді бекітуді уәкілетті органның ведомствосы мынадай жағдайларда жүргізеді:

1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің бастамасы бойынша;

2) уәкілетті органның ведомствосының бастамасы бойынша.

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

156. Жаңадан құрылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі не мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлерін көрсетуді жоспарлайтын концессия субъектісі уәкілетті органның ведомствосының оны табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидалардың 6-тарауына сәйкес тарифті оңайлатылған тәртіппен бекітуге өтінім береді.

Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

157. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілері, оның ішінде концессия субъектілері үшін тарифті оңайлатылған тәртіппен бекітуге арналған өтінімге осы Қағидалардың 97-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ:

- 1) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының көшірмесі;
- 2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына, оның ішінде концессия шартына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерден түскен таза табысты (пайданы) пайдалану туралы ақпарат;
- 3) өткен кезеңдер үшін инвестицияланған капиталды (қарыз және меншікті) қайтару туралы мәліметтер;
- 4) қарыз қаражатын қайтару және қарыз қаражаты бойынша сыйақылар төлеу кестесі.

158. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі тарифтер қолданысқа енгізілгенге дейін 90 (тоқсан) күнтізбелік күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына тарифті анықтауға арналған өтінімді электрондық нысанда ұсынады.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

159. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілері, оның ішінде концессия субъектілері үшін тарифтерді бекітуге арналған өтінімге жалпы тәртіппен Заңның 15-бабының 7-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ:

- 1) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының көшірмесі;
- 2) өткен кезеңдер үшін инвестицияланған капиталды (қарыз және меншікті) қайтару туралы мәліметтер.

160. Уәкілетті органның ведомствосының бастамасы бойынша тарифті бекіткен жағдайда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі тиісті талапты алған күннен бастап бір ай мерзімде экономикалық негізделген есептер мен ақпаратты жаңа тарифті бекіту үшін өтінім беру кезіндегі көлемде ұсынады.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. Өтінімге қоса берілетін есептер мен негіздеуші материалдар мынадай талаптарға сәйкес жасалады:

1) тігіледі, нөмірленеді және оған мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің басшысы не оны алмастыратын тұлға не мемлекеттік-жекешелік әріптестік басшысының, оның ішінде концессия субъектісінің орынбасары қол қояды. Бұл талап өтінімді электрондық нысанда ұсынуға қолданылмайды;

2) реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындалды.

3) негіздеуші материалдар ретінде өтінім беру алдындағы төрт тоқсан үшін және өткен күнтізбелік жыл үшін шығындар туралы нақты деректер ұсынылады;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі уәкілетті органның ведомствосының талабы бойынша өтінім қарауға қабылданғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына өтінім беру алдындағы төрт тоқсан үшін шығындар туралы нақтыланған нақты деректерді ұсынады ;

5) көлемдердің маусымдық ауытқуының тарифтерге әсерін болдырмау мақсатында негіздемеге бір жылға есептелген деректер қабылданады;

6) тарифтердің жобаларын есептеу кезінде база үшін өтінім берудің алдындағы төрт тоқсан үшін немесе өткен күнтізбелік жыл үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі қабылданады;

7) реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі төмендеген кезде төмендеуді негіздейтін және растайтын материалдар ұсынылады;

8) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі жүзеге асыратын қызметтің әрбір түріне жеке-жеке дайындалған.

Ескерту. 161-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

162. Уәкілетті органның ведомствосының тарифтерді бекітуге арналған өтінімді алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді және бас тарту себептерін келтіре отырып,

мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісін, оның ішінде концессия субъектісін өтінімді қарауға қабылдағаны туралы немесе өтінімді қарауға қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Ескерту. 162-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

163. Уәкілетті органның ведомствосының мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің тарифтерді бекітуге немесе өзгертуге арналған өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуды жазбаша негіздейді.

Ескерту. 163-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

164. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің өтінімін қарауға қабылдаудан бас тарту негіздері:

1) осы Қағидалардың 157 және 159-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбау;

3) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 161-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

4) Заңның 25-бабының 7-тармағында көзделмеген мәліметтерді коммерциялық құпияға жатқызу.

165. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі тарифтерінің жобасын уәкілетті органның ведомствосы күнтізбелік 90 (тоқсан) жұмыс күн ішінде, өтінім оңайлатылған тәртіппен қаралған жағдайда – Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген талаптарға және осы Қағидаларға сәйкес экономикалық негізделген есептер ұсынылған жағдайда өтінім ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қарайды.

Ескерту. 165-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтердің және тарифтік сметалардың жобасына сараптама жүргізеді:

1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі ұсынған негіздеуші құжаттар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде тарифтерді қалыптастыру тәртібі мен талаптарын реттейтін концессия шартының ережелерін ескере отырып, есептеулерді талдау, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілері, оның ішінде қызметтің ұксас түрімен айналысатын концессия субъектілері қызметінің көрсеткіштерін салыстырмалы талдау негізінде;

2) осы үшін Тарифтік саясат жөніндегі кеңесті, мемлекеттік органдарды, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісін, оның ішінде жобаны ұсынған концессия субъектісін тарта отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 166-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

167. Уәкілетті органның ведомствосының Заңның 15-бабының 12) тармағына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінен, оның ішінде концессия субъектісінен қосымша ақпаратты сұратады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі талап етілетін ақпаратты уәкілетті органның ведомствосының белгілеген мерзімде ұсынбаған немесе оларды толық көлемде ұсынбаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосының тарифтерді қалыптастыру кезінде мәлімделген шығындарды ескермейді.

Ескерту. 167-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

168. Уәкілетті органның ведомствосының мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі ұсынатын тарифтердің жобасын жария тыңдауларды өткізу кезінде кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, өтінім оңайлатылған тәртіппен қаралған жағдайда – өтінім ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн бұрын талқылауға шығарады.

Ескерту. 168-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

169. Тариф бекітілген айдан кейінгі екінші айдың 1 (бірінші) күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Тарифті оңайлатылған тәртіппен бекіткен кезде тарифті қолданысқа енгізу тарифті бекіткен айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күнінен бастап жүзеге асырылады.

170. Уәкілетті органның ведомствосымен жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша оның қолданылу мерзімін көрсете отырып, тарифтерді бекіту туралы шешім қабылдайды. Тарифтің қолданылу мерзімі мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессионердің бекітілген инвестициялық бағдарламаны және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын, оның ішінде концессия шартын іске асыру мерзімінен аспайтын кезеңге белгіленеді.

Ескерту. 170-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

171. Уәкілетті органның ведомствосының мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді бекіту туралы шешімі уәкілетті органның ведомствосының бұйрығымен ресімделеді және оны бекіту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісіне, оның ішінде концессия субъектісіне жібереді.

Тарифті бекіту туралы шешіммен табиғи монополия субъектісі өтініммен ұсынған бекітілген инвестициялық бағдарламаның шығындар баптарын, пайдасын және іс-шараларын өзгерту мен нақтылаудың негіздемесі жіберіледі.

Ескерту. 171-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

172. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі тұтынушылардың назарына тарифті бекіту туралы ақпаратты ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жеткізеді.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі тарифті оңайлатылған тәртіппен енгізу туралы оны қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізеді.

3-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша көрсетілетін, табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлар мен аэронавигация қызметтеріне тарифтерді есептеу тетігі

173. Осы Қағидалаға сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша көрсетілетін табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлар мен аэронавигациялар қызметтеріне (бұдан әрі - қызметтер) тарифтерді есептеу тетігінің негізгі қағидаттары:

1) көрсетілетін қызметтер сапасының мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде белгілеген талаптарға сәйкестігі;

2) көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ашықтығы;

3) тарифпен табиғи монополия субъектісінің жұмыс істеуі мен дамуы және салынған қаражатты қайтару үшін жеткілікті рентабельділік деңгейін қамтамасыз ету;

4) қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда ставкасы негізінде қызметтерге арналған тарифтерде пайданың рұқсат етілген деңгейін нормалау;

5) қызметтерге арналған тарифтерді есептеу кезінде пайдаланылатын өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің дұрыстығы.

174. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша көрсетілетін табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлар мен аэронавигация қызметтеріне тарифтердің шығын бөлігін қалыптастыру осы Қағидалардың 10 және 12-тарауларына сәйкес жүзеге асырылады.

175. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Ti = \frac{Bi - \Gamma Bi}{Vi}$$

онда:

Ti-реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф;

Bi-жылдық түсім;

АЖД-шығындарды өтеу немесе бюджеттен табыс алу көздері;

Vi-реттелетін қызметтердің көлемі.

176. Жылдық түсім мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Bi = Pi + Bki + Dki;$$

онда:

I-реттеу кезеңінің есептік жылының нөмірі, $i = 1, 2, 3 \dots$

Bi - жылдық түсім, бір жылға i;

Pi-I жылға арналған тарифке енгізілетін шығындар;

Dri-I жылға инвестицияланған капиталды қайтару;

Dki-I жылға белгіленетін инвестицияланған меншікті қаражатқа кіріс.

177. Инвестицияланған капиталды қайтару мынадай формула бойынша есептеледі:

$$BKi = BKP_i + BKBi$$

онда:

DRi - жылына инвестицияланған капиталды қайтару i;

ДРК i-инвестицияланған қарыз капиталын қайтару;

Кбр-ға инвестицияланған меншікті қаражатты қайтару.

$$BKP_i = PИK_i - ИИK_i$$

РИКш – I жылға арналған қарыз шартын өтеу кестесіне сәйкес қабылданған инвестицияланған қарыз капиталының жылдық төлемінің мөлшері.

Bri-уәкілетті органның ведомствосымен келісім бойынша қарызды өтеуге бағытталуы және жылдың сол кезеңінде тарифтің шығын бөлігінде ескерілуі мүмкін амортизациялық аударымдар сомасы;

$$ВКБ_i = \frac{ПИК_i + РИ_i - НЦК_i - \sum ВК_{pi}}{СВК_i}$$

онда:

Пик-инвестицияланған меншікті қаражаттың бастапқы сомасы;

Риа-мемлекеттік-жеке меншік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін пайдалану процесінде инвестицияланған меншікті капитал сомасы;

НЦКі-мақсатсыз пайдаланылған меншікті капитал сомасы;

CDRi-мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының қалдық қолданылу мерзімі, жылдармен;

ДРК і-өткен кезеңдерде қайтарылған меншікті капитал.

9-тарау. Уақытша төмендету коэффициентін бекіту тәртібі

1-параграф. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту принциптері

178. Уақытша төмендету коэффициенттері мемлекет, әуе кемелерін, әуежайларды пайдаланушылар немесе аэронавигациялық ұйым үшін осы шараның экономикалық тиімділігі мен мақсаттылығын есептеу негізінде белгіленеді.

Уақытша төмендету коэффициентін бекітудің экономикалық тиімділігі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің, әуежай немесе аэронавигациялық ұйымның және әуе кемелерін пайдаланушы табыстарының артуымен, халықтың жұмыспен қамтылу деңгейімен және мемлекеттік бюджетке түсетін табыстың көбеюімен белгіленеді.

179. Әуежайдың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне уақытша төмендету коэффициенттері мынадай өлшемдердің біреуіне сәйкес келген жағдайда белгіленеді:

1) белгілі бір кезеңге арналған өтінімде көрсетілген әуе кемелеріне жоспарланған тұтыну көлемі өткен жылдың осы кезеңіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді нақты тұтыну көлемінен асады;

2) әуежайдың іске қосылмаған немесе шамалы іске қосылған қуатын пайдалану мүмкіндігі.

Ескерту. 179-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

180. Аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттері мынадай өлшемдердің біреуіне сәйкес келген жағдайда бекітіледі:

1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелерінің ұшу жиілігінің өсуі және (немесе) жаңа бағыттарды тарту;

2) іске қосылмаған немесе шамалы іске қосылған әуе трассаларын пайдалану мүмкіндігі;

3) Қазақстан Республикасы әуе кеңістігі шегінде ішкі тұрақты авиарейстерді орындайтын әуе кемелеріне қызмет көрсету кезінде уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін аэронавигациялық қызметтер әуе тасымалдаудың республикалық нарығын дамыту үшін қолайлы жағдай жасау.

Ескерту. 180-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

181. Уақытша төмендету коэффициенттері шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) күнтізбелік жылдан аспайтын белгілі бір уақытқа қолданысқа енгізіледі.

182. Уақытша төмендету коэффициентін бекітуді уәкілетті органның ведомствосы тұтынушының өтінімі, әуежайдың және/немесе аэронавигациялық ұйымның бастамасы бойынша жүргізеді.

Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

183. Уақытша төмендету коэффициентін бекіту тұтынушы ағымдағы міндеттемелерді жүз пайыз төлеген, реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу бойынша мерзімі өткен кредиторлық берешек болмаған жағдайда немесе өтеу кестесіне сәйкес кредиторлық берешекті өтеген жағдайда жүргізіледі.

2-параграф. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің тәртібі

184. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекітуді уәкілетті органның ведомствосы әуе кемелерін пайдаланушы, әуежай немесе аэронавигациялық ұйым (бұдан әрі – өтінім беруші) мынадай талаптарды сақтай отырып осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес материалдарды электрондық түрде ұсынған кезде жүргізеді:

негіздеуші құжаттардың әрбір парағына бірінші басшы, ал қаржы құжаттарына – бас есепші қол қояды. Бұл ретте факсимильдік қол жарамсыз деп танылады. Бірінші басшы және бас есепші ұсынылатын ақпараттардың растығына қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жауапты;

алдыңғы кезең ішіндегі қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша нақты деректер, сондай-ақ оларды бекітуді сұрап отырған кезеңге уақытша төмендету коэффициенттерін қолданудан күтілетін нәтижелер ұсынылады.

Ескерту. 184-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

185. Уәкілетті органның ведомствосы уақытша төмендету коэффициенттерін бекітуге өтінім түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде ұсынылған өтінімді қарауға қабылдау туралы не қарауға қабылдаудан бас тарту туралы өтінім берушіні

жазбаша түрде хабардар етеді. Әуе кемелерін пайдаланушының өтінімі қарауға алынған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы оның 1 (бір) данасын әуежайға және (немесе) аэронавигация ұйымына қорытынды шығарту үшін жібереді.

Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

186. Негіздеуші құжаттар ұсынылмаған немесе толық көлемде ұсынылмаған, ұсынылған материалдар осы Қағидалардың 184-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті органның ведомствосы өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 186-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

187. Әуежай және (немесе) аэронавигациялық ұйым өтінім берушіден өтінімді алған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды ұсынады, онда уақытша төмендету коэффициентінің ұсынылып отырған деңгейін бекіту орындылығының негіздемесі не оны бекіту орынсыздығының негіздемесі көрсетіледі.

Қажет болған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы тұтынушыдан, әуежайдан және (немесе) аэронавигациялық ұйымнан қосымша ақпарат сұратады. Бұл ретте өтінімді қарау мерзімі сұратылған ақпаратты алғанға дейін, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

Уақытша төмендету коэффициентін бекітуден бас тартылған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы дәлелді қорытынды шығарады, ол әуе кемелерін пайдаланушыға, әуежайға және (немесе) аэронавигациялық ұйымға жіберіледі.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

188. Уәкілетті органның ведомствосы әуе кемелерін пайдаланушы ұсынған негіздеуші құжаттардың сараптамасын ескере отырып, әуежай және (немесе) аэронавигациялық ұйым ұсынған қорытындылардың негізінде өтінім қарауға қабылданған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнінің ішінде шешім қабылдайды.

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. Уәкілетті органның ведомствосы, әуежайдың, аэронавигациялық ұйымның, әуе кемелерін пайдаланушылардың өкілдерінің және тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен уақытша төмендету коэффициентін қолдану мәселелері бойынша кеңес өткізеді.

Ескерту. 189-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

190. Өткізілген сараптама қорытындысы бойынша уәкілетті органның ведомствосының уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы не оларды бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту туралы шешім уәкілетті органның ведомствосының бұйрығымен рәсімделеді.

Уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту туралы уәкілетті орган ведомствосының бұйрығы әуе кемелерін пайдаланушыға, әуежайға және (немесе) аэронавигациялық ұйымға уақытша төмендету коэффициенті қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жіберіледі.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

191. Әуежай және (немесе) аэронавигациялық ұйым тоқсан сайын әуежайдың және аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту кезінде уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес материалдарды ұсынады.

Ескерту. 191-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Уақытша төмендету коэффициенттерін қолдану тәртібі

192. Әуежай және аэронавигациялық ұйым әуежай немесе аэронавигациялық ұйым мен әуе кемелерін пайдаланушы арасында жасалған шарт (шартқа толықтыру) негізінде уәкілетті орган ведомствосының бұйрығымен бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерін қолданады.

Осы шарт (шартқа қосымша) бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерінің қолданылу кезеңін және әуе кемесін пайдаланушының әуежайдың немесе аэронавигациялық ұйымның реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынудың мәлімделген көлемдерін орындамағаны үшін көрсетілген қызметтерді тұтынудың нақты орындалған көлеміне тарифтерді тиісті уақыт кезеңі үшін уақытша төмендету коэффициенттерін қолданбай қайта есептеу түріндегі жауапкершілігін көздейді.

Әуежай немесе аэронавигациялық ұйым мен әуе кемелерін пайдаланушы арасындағы шарт (шартқа қосымша) осы Қағидалардың 190-тармағында көрсетілген бұйрық күшіне енген күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

Ескерту. 192-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау тәртібі

193. Уақытша төмендету коэффициенттерінің қолданылуы белгіленген мерзім өткеннен кейін, сондай-ақ уәкілетті органның ведомствосы әуежайлар мен аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне жаңа тарифтерді бекіткен кезден бастап тоқтатылады.

Ескерту. 193-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

194. Уәкілетті органның ведомствосы бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерінің белгіленген мерзім өткенге дейін мынадай шарттардың бірі болған кезде күшін жояды:

- 1) уақытша төмендету коэффициентін одан әрі қолданудың экономикалық тиімсіздігі;
- 2) әуе кемелерін пайдаланушының әуежай немесе аэронавигациялық ұйым алдында мерзімі өткен кредиторлық берешегінің туындауы немесе өтеу кестесінің орындалмауы ;
- 3) осы Қағидалардың 179, 180-тармақтарында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келмеуі;
- 4) уәкілетті орган ведомствосының бұйрығында және осы Қағидалардың 192-тармағына сәйкес жасалған шартта (шартқа толықтыруда) көзделген талаптарды орындамау.

Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

195. Осы Қағидалардың 194-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған жағдайда әуежай мен аэронавигациялық ұйым 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы ақпаратты уәкілетті органның ведомствосына ұсынады.

Ескерту. 195-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

196. Әуежай және аэронавигациялық ұйым өз бастамасы бойынша уәкілетті органның ведомствосына бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерінің күшін жою туралы ұсыныспен жүгіне алады, бұл ретте мұндай күшін жоюды негіздейтін құжаттарды ұсына алады.

Осы Қағидалардың 179 және 180-тармақтарында көрсетілген талаптар орындамалған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы уақытша төмендету коэффициенттерінің күшін жоюға бастамашылық жасайды. Бұл ретте уәкілетті органның ведомствосы әуежайдан және аэронавигация ұйымынан дәлелді жазбаша қорытындыны сұратады.

Әуежай және (немесе) аэронавигациялық ұйым сұрау салынған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес уақытша төмендету коэффициенттерін жоюдың орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды береді.

Ескерту. 196-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

197. Уәкілетті органның ведомствосы материалдарды алғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) жұмыс күні ішінде уақытша төмендету коэффициенттерінің алып тастауға ұсынған негіздейтін құжаттарға, ұсынылған қорытындыға немесе қорытындыны ұсынбаған жағдайда бар болған негіздейтін құжаттарды есепке алып сараптама жүргізеді.

Жүргізілген сараптаманың қорытындылары бойынша уәкілетті органның ведомствосы бекітілген уақытша төмендету коэффициенттерінің күшін жою туралы шешім қабылдайды не әуежайға және аэронавигация ұйымға уақытша төмендету коэффициенттерін жою үшін негіздердің жоқтығы туралы дәлелді қорытынды жолдайды.

Ескерту. 197-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

198. Уәкілетті органның ведомствосы уақытша төмендету коэффициенттерінің алып тастау туралы бұйырықты әуе кемелерін пайдаланушыға, әуежайға және (немесе) аэронавигация ұйымына уәкілетті органның ведомствосының бұйрығы қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей жолдайды.

Ескерту. 198-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

199. Уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы ұсыныс қабылданбаған кезде уәкілетті органның ведомствосы дәлелді қорытынды шығарады, ол осындай ұсыныс жасаған адамға жіберіледі.

Ескерту. 199-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу тетігі

200. Уақытша төмендету коэффициентін қолданумен аэронавигация мен әуежайлардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін қажет шығындардың құнынан төмен болмауы тиіс және табиғи монополия субъектісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайданы алу мүмкіндігін ескеру қажет.

201. Әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$Tki = T1i / Ti \text{ мұндағы: (1)}$$

Tki - әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің i -ң реттеліп көрсетілетін қызметіне уақытша төмендету коэффициенті;

Ti - әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің i -ң реттеліп көрсетілетін қызметіне азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифі;

$T1i$ – әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің i -ң реттеліп көрсетілетін қызметін тұтынудың мәлімделген көлемінің бірлігіне арналған тарифтің есептеу деңгейі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T1i = (Ti \times Vi + T2i \times \text{дельта } Vi) / (Vi + \text{дельта } Vi), \text{ мұндағы: (2)}$$

Vi – мәлімделгенге ұқсас алдыңғы жылдың кезеңінде әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің i -ң реттеліп көрсетілетін қызметін әуе кемесін пайдаланушы тұтынған нақты көлем;

дельта Vi – алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне қатысты мәлімделген кезеңде әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің i -ң реттеліп көрсетілетін қызметін тұтыну көлемінің мәлімделген өсімі;

$T2i$ – әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің i -ң реттеліп көрсетілетін қызметін тұтыну көлемінің мәлімделген өсім бірлігіне арналған тарифтің есептік деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T2i = \text{дельта } Zi / \text{дельта } Vi + \Pi i, \text{ мұндағы: (3)}$$

Πi – әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің i -ң реттеліп көрсетілетін қызметінің бірлігіне азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның ведомствосымен бекітілген қолданыстағы тарифке салынған пайда;

дельта $3i$ – әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің i -ң реттеліп көрсетілетін қызметін (тауарын, жұмысын) тұтыну көлемінің мәлімделген өсіміне арналған қосымша шартты-ауыспалы шығындар

Ескерту. 201-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

202. Әуежайлар көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу мысалы Қағидаларға 13-қосымшаларды келтірілген.

203. Аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу мысалы Қағидаларға 14-қосымшаларды келтірілген.

10-тарау. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу тәртібі

1-параграф. Бөлек есепті жүргізудің негізгі қағидаттары

204. Бөлек есепке алуды жүргізу уәкілетті органның ведомствосына мәліметтерді ұсына отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда өзге қызмет бойынша кірістер, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер туралы жеке ақпарат жинау мен қорыту жүйесін білдіреді.

Ескерту. 204-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

204-1. Табиғи монополия субъектісі Заңның 26-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес бөлек есепке алуды жүргізу мақсаттары үшін уәкілетті органның ведомствосымен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізудің әзірленген және бекітілген әдістемесін Қағидалармен келіседі.

Ескерту. Қағидалар 204-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

205. Бөлек есеп жүргізу кезінде субъектілер мынадай талаптарды орындауға тиіс:

- 1) реттелетін қызметтер;
- 2) реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметі.

206. Әрбір реттелетін және реттелмейтін қызметтерге айқындалған номенклатураға және бизнес-процестерге таратылады. Бірнеше қосымша өндірістік операциялар өзге қызмет түрлеріне де ортақ болып табылады.

207. Бірлесіп іске қосылған және жалпы активтерді бөлу базасы ретінде субъект қызмет көрсетуден алынған табысты не уәкілетті органның ведомствосының келісімі бойынша өзге де көрсеткіштерді қабылдайды. Іске қосылған активтерді бөлу базалары қаржы жылының қорытындылары бойынша жылына бір рет қайта қаралады

Ескерту. 207-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208. Бөлек есептің негізі қағидаттары:

1) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бастапқы құжаттар деректерінің негізінде қызметтің тиісті бағытына және реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлеріне тікелей жатқызу басымдығы;

2) кірістердің, шығындардың және қолданысқа енгізілген активтердің өздері байланысқан реттеліп көрсетілетін қызметтердің сол бір түрлерімен себеп-салдарлық байланысы;

3) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді реттеліп көрсетілетін қызметтердің тиісті түрлеріне жатқызу кезіндегі ашықтық.

209. Бөлек есеп осы Қағидаларға сәйкес кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді өндірістік процестер мен қызметтер түрлерінің топтары бойынша бөлуге қажетті нақтылау деңгейін қамтамасыз етуге бухгалтерлік және басқарушылық есеп жүргізу үшін пайдаланылатын бастапқы құжаттарға негізделуі тиіс. Осы Қағидалар әуежай мен аэронавигация салаларындағы қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің белгіленген қаржылық және салықтық есептер ұсыну тәртібі мен нысанын өзгертпейді.

210. Табиғи монополия субъектілердің бөлек есепті жүргізуі Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес қабылданған бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаттарына негізделеді. Бөлек есеп мақсаттары үшін ҚЕХС түсіндіруі кезінде ақпараттың бастапқы және неғұрлым шынайы көзі қаржылық есептілікті түсіндіру жөніндегі халықаралық комитеттің түсіндірмесі (IFRIC), бухгалтерлік есеп және аудит мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сараптама Кеңесінің ұсынымдары болып табылады..

211. Қызметтердің заттай өндірістік көрсеткіштерінің, көлемдік заттай көрсеткіштерінің бөлек есебі мен есебі және заттай көрсеткіштердің бірліктеріне үлестік шығыстар мен кірістердің калькуляциясын жүргізу және заңнамада көзделген өзге мақсаттар үшін осы Қағидаларға сәйкес пайдаланылатын бухгалтерлік, статистикалық (өндірістік) және өзге де есептіліктің құжаттары, статистикалық деректер, жұмыс құжаттары мен есептер бес жыл бойы сақталады..

212. Осы Қағидаларда белгіленген аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша кірістер, шығыстар мен қолданысқа енгізілген активтер бойынша бөлек есебін жүргізу туралы мәліметтер ол 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса күнтізбелік бір жылға тең кезеңге жасайды.

2-параграф. Аэронавигациялық қызметтерді көрсететін кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу тәртібі

213. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша шығындарды бөлу және қолданысқа енгізілген активтерді анықтау үшін аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің шығындары мен қолданысқа енгізілген активтері өндірістік процестер топтары бойынша топтастырылады. Шығындарды бөлу және қолданысқа енгізілген активтерді анықтау аэронавигация қызметтерін ұсынудың барлық кезеңдерін бірізділіктен бөлу негізінде жүргізіледі. Шығындарды бөлу ӨПТ элементтерін ұстау мен қызмет көрсету процестерін және аэронавигациялық қызметтерді сыртқы пайдаланушыларға сату процестеріне байланысты шығындарды өзге қызметтер ұсынудан бөліп алу жолымен жүргізіледі. Активтердің қолданысқа енгізілген дәрежесін анықтау ӨПТ-ның тиісті элементтерімен және аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерін өткізу процестерімен байланысты қолданысқа енгізілген активтерді бөлу және өзге де қызметпен байланысты активтерді бөлу жолымен жүргізіледі.

Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің бөлек есепті жүргізуі мақсатында өндірістік процестердің мынадай топтары бөлінеді:

- 1) әуе қозғалысын жоспарлау және басқару;
- 2) өзге қызмет.

Бөлек есеп мақсатында өндірістік процестердің топтары бойынша топтастырылған кірістер, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша бөлінеді.

214. Бөлек есеп жүргізу кезінде табиғи монополия субъектілері мынадай талаптарды орындауға тиіс:

1) аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне жатқызылған барлық өндірістік көрсеткіштер, кірістер мен шығыстар тиісті есептік құжаттармен расталуға тиіс;

2) жазбалар олардың шолуын, аудитін және өзара бақылайтын құжаттар деректерінің салыстыруын жеңілдететін нысанда ұйымдастырылуға тиіс;

3) егер бухгалтерлік және статистикалық есептік құжаттарда ақпарат толық мөлшерде ұсынылмаған болса, онда ол ақпаратты толықтыратын құжаттарға тоғыспалы сілтемелермен бекітілуге тиіс.

215. Қолданысқа енгізілген негізгі құралдар мен материалдық емес активтер, кірістер мен шығындар аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері және өзге қызмет бойынша ескеріледі.

216. Аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнына кезінде қолданылатын шығындарды Қағидалардың 12-тарауына сәйкес ескерілмейтін шығындарды қоспағанда, шығындар енгізіледі.

217. Кірістерді реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бөлу осы Қағидаларда белгіленген бөлек есептің негізгі қағидаттары ескеріле отырып жүргізіледі. Реттеліп көрсетілетін қызметтер мен реттеліп көрсетілмейтін қызметтердің әрбір түрін көрсетуден түскен кірістер тиісті қызметтер түрлерінің көлеміне және сыртқы пайдаланушыларға қызметтердің аталған түрлері көрсетілген тарифтерге сүйене отырып анықталады.

218. Қызметтерден түскен кірістер реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бастапқы құжаттардың деректері негізінде тікелей жатқызылады.

219. Аэронавигациялық қызметтердің әрбір түрін сыртқы пайдаланушыларға ұсыну жөніндегі шығындар қызметтердің тиісті түрлерін көрсетуге және сатуға байланысты "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның шығындарынан жинақталады.

220. Қызметтердің, аэронавигациялық қызметтен басқа, реттелмейтін түрлерін ұсыну жөніндегі шығындар қызметтердің тиісті түрлерін, "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ы көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерді қоса, көрсету мен сатуға байланысты "Өзге қызмет" ӨПТ-ның шығындарынан жинақталады. Трансферттік төлемдер, егер реттеліп көрсетілмейтін қызметтерді ұсыну кезінде ішкі қызметтер көрсетілген болса ескеріледі.

221. "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ы көрсететін аэронавигацияның реттеліп және реттеліп көрсетілмейтін қызметтерінің әрбір түрі бойынша қолданысқа енгізілген активтерге қызметтердің тиісті түрлерін көрсетуге және сатуға байланысты қолданысқа енгізілген активтер жатады.

222. "Өзге қызмет" ӨПТ көрсететін аэронавигацияның реттеліп көрсетілмейтін қызметтері бойынша қолданысқа енгізілген активтерге реттеліп көрсетілмейтін қызметтердің тиісті түрлерін көрсетуге және өткізуге байланысты осы ӨПТ-ның қолданысқа енгізілген активтері, сондай-ақ реттеліп көрсетілмейтін қызметтердің көрсетілген түрлерін ұсынуға қажетті "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ көрсеткен ішкі қызметтердің түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтер жатады. Ішкі қызметтердің түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтер, егер реттеліп көрсетілмейтін қызметтерді ұсынған кезде ішкі қызметтер пайдаланылатын жағдайда есептеледі.

3-параграф. Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің өндірістік үдерістерінің топтары бойынша кірістер, шығындар және қолданысқа енгізілген активтер

223. "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ мынадай өндірістік процестерді қамтиды:

әуе қозғалысын жоспарлау және басқару;

аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету (аэронавигациялық (бұдан әрі – AIP) ақпарат жинақтарын, пилоттарға арналған (бұдан әрі – NOTAM) хабарларды, аэронавигациялық (бұдан әрі – AIC) ақпарат нұсқауларын әзірлеу және ұшар алдында ақпарат бюллетеньдерін ұсыну);

авариялық хабарландыру;

әуе қозғалысына консультативтік қызмет көрсету;

аудандық диспетчерлік қызмет көрсету;

ұшып келуге диспетчерлік қызмет көрсету;

әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету;

радиолокациялық жүйелер мен навигациялық жүйелерді құру және пайдалану;

әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелерін құру және пайдалану;

телефон желілерін, радиобайланыс желілерін, авиациялық тіркелген электрбайланыс (бұдан әрі – AFTN) желілерімен қызмет көрсету, оларды ұстау, жоспарлау және дамыту;

электрмен қоректендірілетін резервтік көздерді ұстау;

қызметтерді тұтынушылармен жұмыс (шарттарды ресімдеу мен жасасу, шоттар мен өзара есеп айырысуды ұсыну).

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ сыртқы және ішкі қызметтерді көрсетеді.

Сыртқы қызметтер қызметтерді сыртқы пайдаланушыларға көрсетіледі. Ішкі қызметтер "Өзге қызмет" өндірістік процестері тобына көрсетіледі.

Сыртқы қызметтерге аэронавигацияның мынадай:

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсету;

әуеайлақтар маңайында аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтері жатады.

Сыртқы қызметтер аэронавигациялық реттеліп және реттеліп көрсетілмейтін қызметтері болып бөлінеді. Аэронавигацияның реттеліп көрсетілмейтін қызметтеріне халықаралық және транзиттік ұшуларды әуе кеңістігінде және әуеайлақтар маңында аэронавигациялық қызметтер жатады.

Ішкі қызметтерге сыртқы пайдаланушыларға оларды одан әрі сату мақсатында көрсетілетін мынадай қызметтер жатады:

телефон, радио және электр байланыс;

резервтік электрмен қоректендіру көздері өндірген электр энергиясымен қамтамасыз ету;

үй-жайларды, жабдықтар мен басқа да мүліктерді одан әрі жалға беру мақсатында оларды ұстау және оларға қызмет көрсету;

регламенттен тыс жұмыс істеу кезінде аэронавигациялық қызмет көрсету. "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның кірістері сыртқы қызметтер көрсеткені үшін түскен кірістерден және "Өзге қызмет" ӨПТ көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады. Сыртқы қызметтер көрсеткені үшін түскен кірістер жоғарыда аталған қызметтердің көрсетілуі бойынша тиісті қызметтер мен бағалардың көлеміне қарай айқындалады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер осындай қызметтердің көрсетілуі бойынша көрсетілген қызметтер мен трансферттік такса көлеміне қарай айқындалады.

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның шығындары осы ӨПТ өндірістік процестерін орындауды қамтамасыз етуге байланысты шығындардан жинақталады.

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның қолданысқа енгізілген активтеріне осы ӨПТ-ның элементтері (машиналар, жабдықтар, үй-жайлар, ғимараттар, көлік құралдары, өзге де негізгі құралдар, сондай-ақ ӨПТ-ның тиісті элементтерімен байланысты материалдық емес активтер) бойынша бөлінген барлық активтер жатады.

Ескерту. 223-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

224. "Өзге қызмет" өндірістік процестер тобы:

аэронавигациялық ақпарат құжаттарын (АІР, түзетулер, бағыттық карталар және т.б.) бөгде ұйымдарға коммерциялық сату;

телефон, радио және электр байланысы қызметтерін, сондай-ақ резервтік электрмен қоректендіру көздері өндірген электр энергиясымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтермен сыртқы пайдаланушыларды коммерциялық қамтамасыз ету және оларға сату;

қызметтердің өзге де түрлерімен коммерциялық қамтамасыз ету және сату қызметтерін көрсету өндірістік процестерін қамтиды.

Осы ӨПТ сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Сыртқы қызметтерге:

аэронавигациялық ақпарат құжаттарын (АІР, түзетулер, бағыттық карталар және т.б.) бөгде ұйымдарға коммерциялық сату;

телекоммуникациялар қызметтері;

коммерциялық радиохабарлар түріндегі радиобайланыс, жоғары жиілікті байланыс арналарын беру қызметтері;

желіге кіру нүктелерін беру, алыстан қол жеткізу пультты қосу және қызмет көрсету бойынша, телеграфтық индексті иелену, коммерциялық жеделхаттар жіберу бойынша телеграфтық байланыс қызметтері;

коммуналдық қызметтер, электр энергиясы, электр желілерін пайдалану, резервтік электрмен қоректендіру көздерін пайдалану;

негізгі құралдар мен тауар-материалдық қорларды сату;

күзет қызметтері;

үй-жайлар, жабдықтар мен басқа да мүліктерді жалға беру, оларды ұстау және оларға қызмет көрсету;

өзге де қызметтер жатады.

"Өзге қызмет" ӨПТ-ның кірістері жоғарыда аталған қызметтердің көрсетілуі бойынша тиісті қызметтер мен бағалардың көлеміне қарай айқындалатын сыртқы қызметтер көрсетуден түскен кірістерден жинақталады.

"Өзге қызмет" ӨПТ-ның шығындары осы ӨПТ-ның өндірістік процестерін қамтамасыз етуге байланысты шығындардан және "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады.

"Өзге қызмет" ӨПТ-ның қолданысқа енгізілген активтеріне осы ӨПТ-ның элементтері (машиналар, жабдықтар, үй-жайлар, ғимараттар, көлік құралдары, өзге де негізгі құралдар, сондай-ақ ӨПТ-ның тиісті элементтерімен байланысты материалдық емес активтер) бойынша бөлінген барлық активтер жатады.

225. Осы Қағидалардың 223, 224-тармақтарда көзделмеген қызметтерді көрсету кезінде, оларды ішкі және сыртқы қызметтерге жатқызуды осы Қағидалардың 3-тармағы 17) және 19) тармақшаларында белгіленген ұғымдар негізінде аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілер дербес жүргізеді.

226. Табиғи монополиялар субъектілері Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес реттелетін аэронавигация қызметтерін көрсетуден басқа қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыру кезінде табиғи монополия субъектілері осындай қызмет түрлеріне сәйкес келетін өндірістік процестер топтарын бөледі және қызмет түрлері бойынша бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының нормативтік құжаттамаларын басшылыққа ала отырып, олар бойынша бөлек есепке алуды жүзеге асырады.

Ескерту. 226-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің шығындарын және қолданысқа енгізілген активтерін бөлу

227. Бөлек есепті жүргізу мақсаттары үшін шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер тікелей, жанама, бірлескен және жалпы болып бөлінеді.

228. Шығындарды бөлу және активтердің қолданысқа енгізілу дәрежесін анықтау үшін шығындар мен активтердің тиісті ӨПТ-мен және аэронавигациялық ұйым ұсынатын қызметтермен себеп-салдарлық байланысының негізінде бөлу әдіснамасы пайдаланылады. Бұл ретте шығындар мен активтердің әрбір ӨПТ бойынша ресурстармен себеп-салдарлық байланысы және осы ресурстардың табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын қызметтермен себеп-салдарлық байланысы белгіленеді.

Қолданысқа енгізілген активтердің амортизациясы қолданысқа енгізілген активтердің құнын бөлу негізінде бөлінеді.

229. Аэронавигациялық ұйымдар көрсететін шығындар мен іске қосылған активтерді бөлу процесі осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес кезеңдерден тұрады:

Шығындарды бөлудің бірінші кезеңінде аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің жүргізілген шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер мен қызметтер көрсетуде пайдаланылатын ресурстар арасындағы тікелей және жанама байланыстарды айқындау жүргізіледі. Анықталған байланыстар негізінде аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің тиісті ресурстары бойынша шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді топтастыру жүргізіледі. Ресурстарға жанама шығындар мен іске қосылған активтерді бөлу базаларын жанама бөлу кезінде пайдаланылатын ресурстардың негізгі түрлерінің тізбесі осы Қағидаларға 16-қосымшада келтірілген. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер мен ресурстардың тікелей байланыстары болған кезде, жүзеге асырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын осындай ресурстарға, жанама байланыстары болған жағдайда – өндірістік шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын бөлу базасының негізінде тиісті ресурстарға жанама бөлу жүргізіледі.

Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің екінші кезеңінде аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері ресурстардың тікелей және жанама байланыстарын айқындайды. Анықталған байланыстар негізінде ресурстарда топтастырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тиісті өндірістік процестерге жатқызу жүргізіледі. . Өндірістік процестердің және ресурстарға байланысты шығындар мен активтерді бөлу базаларын жанама бөлу кезінде пайдаланылатын өндірістік процестердің тізбесі осы Қағидаларға 17-қосымшада келтірілген. Ресурстар мен өндірістік процестер арасында тікелей байланыстар болған кезде, ресурстарда топтастырылған іске асырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын тиісті өндірістік процестерге тікелей жатқызу жүргізіледі, жанама байланыстар болған кезде – өндірілген шығындар мен ресурстарда топтастырылған іске қосылған активтердің құнын бөлу базасы негізінде тиісті өндірістік процестерге жанама бөлу жүргізіледі.

Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің үшінші кезеңінде тиісті негізгі өндірістік және басқару процестерімен аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің қосалқы процестерінің тікелей және жанама байланыстары айқындалады. Анықталған байланыстар негізінде қосалқы процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді негізгі өндірістік және басқару процестерге тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі. Қосалқы процестерге байланысты шығындар мен активтерді бөлудің негізгі базаларын жанама бөлу кезінде пайдаланылатын тізбе осы Қағидаларға 18-қосымшада келтірілген. Қосалқы процестердің негізгі өндірістік және басқару процестермен тікелей байланыстары болған кезде, қосалқы процестермен байланысты іске асырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын тиісті негізгі өндірістік және басқару процестеріне, жанама байланыстары болған кезде – қосалқы процестермен байланысты жұмсалған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын бөлу базасының негізінде тиісті негізгі өндірістік және басқарушылық процестерге тікелей жатқызу жүргізіледі.

Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің төртінші кезеңінде аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің негізгі өндірістік процестерінің тиісті сыртқы қызметтермен және негізгі өндірістік процестермен байланысты шығындар мен іске қосылған активтерді тікелей жатқызу және жанама бөлу үшін ӨПТ элементтерімен тікелей және жанама байланыстары айқындалады. Негізгі өндірістік процестердің сыртқы қызметтердің белгілі бір түрін көрсетумен тікелей байланысы болған кезде, осындай процестерге байланысты шығындар мен іске қосылған активтер сыртқы қызметтердің тиісті түрлерінің құнына тікелей жатқызылады. Егер негізгі өндірістік процестер сыртқы қызметтердің бірнеше түрін көрсетумен тікелей байланысты болса (жанама байланыс), мұндай процестерге байланысты шығындар мен тартылған активтер бөлу базасын пайдалана отырып, сыртқы қызметтердің тиісті түрлерінің құнына жатады. Тікелей және жанама түрде ӨПТ элементтеріне ӨПТ элементтерін ұстау мен пайдалануды қамтамасыз ететін негізгі өндірістік процестерге байланысты шығындар мен іске қосылған активтер жатады. ӨПТ элементтерін күтіп-ұстауды және пайдалануды қамтамасыз ететін негізгі өндірістік процестердің ӨПТ-ның белгілі бір элементтерімен тікелей байланыстары болған кезде жүзеге асырылған шығындар мен осындай негізгі өндірістік процестермен байланысты іске қосылған активтердің құнын ӨПТ - ның тиісті элементтеріне тікелей жатқызу жүргізіледі, жанама байланыстар болған кезде-өндірілген шығындар мен осындай негізгі өндірістік процестермен байланысты іске қосылған активтердің құнын жанама бөлу бөлу базасы негізінде ӨПТ-ның тиісті элементтеріне процестермен. Негізгі өндірістік процестерге байланысты шығындар мен активтерді бөлу базаларын жанама бөлу кезінде пайдаланылатын ӨПТ қызметтері мен элементтеріне арналған тізбе осы Қағидаларға 19-қосымшада келтірілген.

Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің бесінші кезеңінде басқару процестері ӨПТ элементтерінің басқару процестеріне (ӨПТ элементтерінің мазмұны мен жұмысына байланысты басқару процестері) және басқа басқару процестеріне бөлінеді. ӨПТ элементтерінің басқару процестеріне байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер бөлу базаларын пайдалана отырып, ӨПТ-ның тиісті элементтеріне бөлінеді.

Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің алтыншы кезеңінде ӨПТ элементтерінің сыртқы және ішкі қызметтер көрсетумен тікелей және жанама байланыстары айқындалады. ӨПТ элементтерінің сыртқы немесе ішкі қызметтердің белгілі бір түрлерімен тікелей байланыстары болған кезде жүзеге асырылған шығындар мен ӨПТ-ның осындай элементтері бойынша топтастырылған іске қосылған активтердің құнын сыртқы немесе ішкі қызметтердің тиісті түрлеріне тікелей жатқызу жүргізіледі. ӨПТ-ның элементтері бойынша топтастырылған, сыртқы немесе ішкі қызметтерге тікелей жатқызылмаған өзге де шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер бөлу базаларын пайдалана отырып, анықталған жанама байланыс негізінде тиісті сыртқы және ішкі қызметтердің құнына бөлінеді. ӨПТ-ның элементтері бойынша топтастырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің негізгі базаларын жанама бөлу кезінде пайдаланылатын сыртқы және ішкі көрсетілетін қызметтердің тізбесі осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

Бөлудің жетінші кезеңінде уәкілетті органның ведомствосымен келісілген бөлу базаларын пайдалана отырып, өзге де басқару процестерінде байланысты шығындар мен активтерді тиісті сыртқы қызметтерге бөлу жүргізіледі.

Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің сегізінші кезеңінде сыртқы қызметтерді ұсынумен байланысты шығындар мен іске қосылған активтерді айқындау үшін көрсетілген ішкі қызметтерді ескере отырып, сыртқы қызметтерді ұсыну кезеңдері бойынша тиісті шығындар мен іске қосылған активтердің қосындысы жүргізіледі.

Сыртқы қызметтерді ұсыну және ішкі қызметтерді сыртқы қызметтерге жатқызу кезеңдері бойынша шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді жинақтау және тәртібі осы Қағидаларға 21-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 229-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

230. Шығындардың, ресурстардың, өндірістік процестердің осы Қағидаларға 16-21-қосымшаларда келтірілген тізбелері аэронавигациялық ұйымның ұйғарымы бойынша қосымша нақтылануы және кеңейтілуі мүмкін ең аз тізбелер болып табылады. Өндірістік процестер топтары аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын қызметтердің түрлеріне және қызметтер көрсету

технологияларына және осы қызметтердің арасындағы өзара байланысқа қарай нақтылануы мүмкін.

Осы Қағидалардың 16-21-қосымшалары көрсетілмеген шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің базасын аэронавигациялық ұйым уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолданады.

231. Көзделген есепті әзірлеу барысында қолданылатын бөлу базалары жылдық негізінде есептеледі.

5-параграф. Әуежайлар саласындағы қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу тәртібі

232. Кірістерді, шығындарды бөлу және қолданысқа енгізілген активтерді реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша айқындау үшін әуежайлардың кірістері, шығындары мен қолданысқа енгізілген активтері қызмет бағыттары бойынша топтастырылады. Кірістерді, шығындарды бөлу және активтердің қолданысқа енгізілуін айқындау әуежайлар ұсынатын қызметтерді ұсынуының барлық кезеңдерін бірізділікті бөлу негізінде жүргізіледі.

233. Әуежайлардың бөлек есепті жүргізу мақсаттары үшін мынадай қызмет бағыттары бөлінеді:

- 1) авиациялық қызмет;
- 2) әуежайлық қызмет;
- 3) аэронавигациялық қызмет көрсету;
- 4) агенттік қызмет көрсету;
- 5) өзге қызмет.

234. "Авиациялық қызмет" қызмет бағыты, егер әуежай өзіне әуежайдың және әуе тасымалдаушы функциясын қоса атқаратын авиа кәсіпорындардың құрамына кірген жағдайда, қызметтің жеке бағытына бөлінеді.

235. Қызметтің бағыттары бойынша топтастырылған кірістер, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер бөлек есептің мақсаты үшін ұсынылатын қызметтердің түрлері бойынша бөлінеді.

236. Бөлек есепті жүргізу кезінде табиғи монополия субъектілері мынадай талаптарды орындауға тиіс:

1) әуежайлар саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатқызылған барлық өндірістік көрсеткіштер, кірістер мен шығыстар тиісті есептік құжаттармен расталуға тиіс;

2) жазбалар олардың шолуын, аудитін және өзара бақылайтын құжаттар деректерінің салыстыруын жеңілдететін нысанда ұйымдастырылуға тиіс;

3) егер бухгалтерлік және статистикалық есептік құжаттарда ақпарат толық мөлшерде ұсынылмаған болса, онда ол ақпаратты толықтыратын құжаттарға тоғыспалы сілтемелермен бекітілуге тиіс.

237. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша кірістерді бөлу осы Қағидалардың 208-тармағында белгіленген бөлек есептің негізгі қағидаттары ескеріле отырып жүргізіледі. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсынудан түскен кірістер сыртқы пайдаланушыларға қызметтердің аталған түрлері көрсетілген қызметтер мен тарифтердің тиісті түрлерінің көлемдеріне сүйене отырып айқындалады.

238. Қызметтер көрсетуден түскен кірістер бастапқы құжаттардың деректері негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша тікелей жатады.

239. Сыртқы пайдаланушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну жөніндегі шығындар "Аэронавигациялық қызмет көрсету" қызметі бағыты көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерді қоса алғанда, "Әуежайлық қызмет" қызметі бағытының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тиісті түрлерін көрсетуге және өткізуге байланысты шығындардан жинақталады. Трансферттік төлемдер, егер реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде ішкі қызметтер көрсетілген жағдайда ескеріледі.

240. Өзге қызмет бойынша қызметтер ұсыну жөніндегі шығындар ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерді қоса алғанда, тиісті қызмет түрлерін көрсетуге және өткізуге байланысты шығындардан жинақталады. Трансферттік төлемдер, егер реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде ішкі қызметтер көрсетілген жағдайда ескеріледі.

241. "Әуежайлық қызмет" қызметі бағыты көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша қолданысқа енгізілген активтерге реттеліп көрсетілетін қызметтердің тиісті түрлерін көрсетуге және өткізуге байланысты қолданысқа енгізілген активтер, сондай-ақ қызметтердің реттеліп көрсетілетін түрлерін ұсынуға қажетті "Аэронавигациялық қызмет көрсету" қызметі бағыты көрсететін ішкі қызметтер түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтер жатады. Ішкі қызметтердің түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтер, егер Реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде ішкі қызметтер пайдаланылған жағдайда ескеріледі.

242. Тұтастай өзге қызмет бойынша қолданысқа енгізілген активтерге өзге қызметтің тиісті түрлерін көрсетуге және өткізуге байланысты қолданысқа енгізілген активтер, сондай-ақ өзге қызмет көрсетуге қажетті ішкі қызметтердің түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтер жатады. Ішкі қызметтің түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтер, егер өзге қызмет бойынша қызметтер ұсыну кезінде ішкі қызметтер пайдаланылған жағдайда ескеріледі.

6-параграф. Әуежайлар саласындағы қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындардың және қолданысқа енгізілген активтерді қызмет бағыттарының элементтері бойынша бөлу

243. "Авиациялық қызмет" қызметі бағыты халықаралық, ішкі авиа тасымалдарды жүзеге асыруға байланысты қызметтер көрсету, авиацияны экономикада қолдану процестерін қамтиды.

"Авиациялық қызмет" қызметі бағыты ішкі және сыртқы қызметтер көрсетеді.

Сыртқы қызметтерге тапсырыс берушілердің (ауыл шаруашылығында, құрылыста, экспедицияларға қызмет көрсетуде) технологиялық және өндірістік процестерін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ эксперименттік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін экономиканың жекелеген салаларында авиация құралдарымен орындалатын мамандандырылған операцияларды орындауға байланысты қызметтер жатады.

Ішкі қызметтер "Агенттік қызмет көрсету" қызметтің бағытына көрсетіледі.

Ішкі қызметтерге оларды одан әрі сыртқы пайдаланушыларға сату мақсатында көрсетілетін қызметтер:

халықаралық авиа тасымалдарды жүзеге асыруға байланысты қызметтер;

ішкі авиа тасымалдарды жүзеге асыруға байланысты қызметтер жатады.

"Авиациялық қызмет" қызметі бағытының кірістері сыртқы қызметтер көрсетуден және "Агенттік қызмет көрсету" қызметі бағытына көрсетілген ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден түскен кірістерден жинақталады. Сыртқы қызметтер көрсеткені үшін кірістер жоғарыда аталған қызметтерді көрсету бойынша тиісті қызметтер мен бағалар көлемдеріне байланысты айқындалады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер көрсетілген қызметтердің көлеміне және осындай қызметтер көрсетілген трансферттік таксаларға байланысты айқындалады.

"Авиациялық қызмет" қызметі бағытының шығындары осы қызмет бағытының қызмет көрсету процестерін және "Аэронавигациялық қызмет көрсету", "Әуежайлық қызмет" қызмет бағыттары көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерді қамтамасыз етуге байланысты шығындардан жинақталады.

"Авиациялық қызмет" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтері осы қызмет бағытының элементтеріне (негізгі және қосалқы жабдық, өзге жабдық, үй-жай және құрылыс, инфрақұрылымдар элементтер, сондай-ақ қызмет бағытының тиісті элементтерімен байланысты материалдық емес активтер) топтастырылған активтерден тұрады.

244. "Авиациялық қызмет" қызметі бағыты мыналармен:

ұшуларды әуеайлақтық-техникалық қамтамасыз етумен;

ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз етумен;

әуе кемелерін инженерлік-авиациялық қызмет көрсетумен;

ұшуларды метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастырумен;
ұшуларды орнитологиялық қамтамасыз етумен;
ұшуларды медициналық қамтамасыз етумен;
қызметтер тұтынушыларымен жұмыс жасаумен (шарттарды, шоттарды ресімдеумен)
) байланысты қызметтер көрсету процестерін қамтиды.

Қызметтің осы бағыты ішкі және сыртқы қызметтер ұсынады.

Ішкі қызметтерге:

"Авиациялық қызмет" қызметі бағытына әуе кемелеріне жедел техникалық қызмет көрсету, ұшақтарға, тікұшақтарға, қозғалтқыштарға және басқа авиация техникасына кезеңдік техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ "Әуежайлық қызмет" қызметі бағыты сыртқы пайдаланушыларға сыртқы қызметтер ретінде көрсететін қызметтердің басқа түрлері;

"Авиациялық қызмет" және "Аэронавигациялық қызмет көрсету" қызметі бағыттары көрсететін электр энергиясын беру және тарату, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау жөніндегі қызметтер;

"Өзге қызмет" қызметі бағыты оларды одан әрі сыртқы пайдаланушыларға байланыс қызметтерінің түрінде өткізу мақсатында көрсетілетін қызметтер, электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтер мен ұшуларды электрмен жарық беруді техникалық қамтамасыз ету қызметінің жоғары вольтті зертхана жұмыстары жатады.

Сыртқы қызметтерге:

авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;

әуе кемелерінің ұшу-қону жөніндегі қызметтер;

ішкі әуе желілерінің және халықаралық әуе желілерінің жолаушыларына қызмет көрсету жөніндегі қызметтер;

ішкі әуе желілерінің және халықаралық әуе желілерінің жүктерін, пошталарын, нормативтен артық жүкті өңдеу жөніндегі қызметтер;

әуе кемелерін қарсы алуды - шығаруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;

әуе кемелеріне транзиттік нысан бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметтер;

авиациялық жанар-жағар материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;

арнайы автокөліктік құралдарды ұсыну жөніндегі қызметтер жатады.

"Әуежайлық қызмет" қызмет бағытының кірістері сыртқы қызметтер көрсеткені үшін түскен кірістерден және "Авиациялық қызмет", "Аэронавигациялық қызмет көрсету" және "Өзге қызмет" қызметі бағыттары көрсеткен ішкі қызметтер үшін ішкі трансферттік төлемдерден жинақталады.

"Әуежайлық қызмет" қызметі бағытының шығындары осы қызмет бағытының қызмет көрсету процестерін қамтамасыз етуге байланысты шығындардан және "Аэронавигациялық қызмет көрсету" қызметі бағыты көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады.

"Әуежайлық қызмет" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтері осы қызмет бағытының элементтеріне (жабдық, үй-жай және құрылыс, инфрақұрылым элементтері, сондай-ақ осы қызмет бағытының тиісті элементтеріне байланысты материалдық емес активтер) топтастырылған активтерден тұрады.

245. "Аэронавигациялық қызмет көрсету" қызметі бағыты мыналармен:

әуе қозғалысын жоспарлаумен, үйлестірумен, қызмет көрсетумен;

аэронавигациялық жабдықты пайдаланумен байланысты қызметтер көрсету процестерін қамтиды.

Осы қызмет бағыты сыртқы және ішкі қызметтер ұсынады.

Сыртқы қызметтерге әуе трассаларында және халықаралық әуе желілерінде аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтерін ұсыну жөніндегі сыртқы пайдаланушыларға көрсетілетін қызметтер жатады.

Ішкі қызметтерге "Авиациялық қызмет" және "Әуежайлық қызмет" қызмет бағыттары көрсететін аэронавигациялық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер жатады.

"Аэронавигациялық қызмет көрсету" қызметі бағытының кірістері сыртқы қызметтер көрсету үшін алынған кірістерден және "Авиациялық қызмет" пен "Әуежайлық қызмет" қызметі бағыттары көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады.

"Аэронавигациялық қызмет көрсету" қызмет бағытының шығындары осы қызмет бағытының қызметтер көрсету процестерін қамтамасыз етуге байланысты шығындардан және "Әуежайлық қызмет" қызметі бағыты көрсеткен ішкі қызмет үшін трансферттік төлемдерден жинақталады.

"Аэронавигациялық қызмет көрсету" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтері осы қызмет бағытының элементтеріне (негізгі және қосалқы жабдық, өзге жабдық, үй-жай және құрылыс, инфрақұрылымдар элементтері, сондай-ақ қызмет бағытының тиісті элементтерімен байланысты материалдық емес активтер) топтастырылған активтерден тұрады.

246. "Агенттік қызмет көрсету" қызметі бағыты жолаушыларға билеттер сатуға байланысты қызметтер көрсету процестерін қамтиды. Осы қызмет бағыты сыртқы пайдаланушыларға көрсетілетін қызметтерді ұсынады, оған:

халықаралық авиа тасымалдарға билеттер сатуға байланысты қызметтер;

ішкі авиа тасымалдарға билеттер сатуға байланысты қызметтер жатады.

"Агенттік қызмет көрсету" қызметі бағытының кірістері сыртқы қызметтер көрсетуден алынған кірістерден жинақталады, олар жоғарыда аталған қызметтер көрсетілген тиісті қызметтердің көлемдеріне және бағаларына байланысты айқындалады.

"Агенттік қызмет көрсету" қызметі бағытының шығындары осы қызмет бағытының қызметтер көрсету процестерін қамтамасыз етуге байланысты шығындардан және "

Авиациялық қызмет" қызметі бағыты көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады.

"Агенттік қызмет көрсету" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтері осы қызмет бағытының элементтеріне (жабдық, үй-жай және құрылыс, инфрақұрылымдар элементтері, сондай-ақ осы қызмет бағытының тиісті элементтеріне байланысты материалдық емес активтер) топтастырылған активтерден тұрады.

247. "Өзге қызмет" қызметі бағыты өзге қызметтерді жүзеге асыруға байланысты қызметтер көрсету процестерін қамтиды.

Осы қызмет бағыты сыртқы қызметтер ұсынады.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының кірістері сыртқы қызметтер көрсетуден алынған кірістерден жинақталады, олар жоғарыда аталған қызметтер көрсетілген тиісті қызметтердің көлемдеріне және бағаларына байланысты айқындалады.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының шығындары осы қызмет бағыты көрсеткен қызметтер процестерін қамтамасыз етуге байланысты шығындардан және "Әуежайлық қызмет" қызметі бағыты көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтері осы қызмет бағытының элементтеріне (жабдық, үй-жай және құрылыс, инфрақұрылымдар элементтері, сондай-ақ осы қызмет бағытының тиісті элементтеріне байланысты материалдық емес активтер) топтастырылған активтерден тұрады.

7-параграф. Әуежайлар саласындағы қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерінің шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу тәртібі

248. Бөлек есеп жүргізу мақсатында амортизациялық аударымдардан басқа шығындар және қолданысқа енгізілген активтер тікелей, жанама, бірлескен және жалпы болып бөлінеді.

Амортизациялық аударымдарды реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтерге бөлу қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебі деректерінің негізінде жүргізіледі.

249. Шығындарды бөлу және қолданысқа енгізілген активтердің дәрежесін айқындау үшін қызметтің тиісті бағыттарымен және әуежайлар ұсынған қызметтермен шығындардың және қолданысқа енгізілген активтердің себеп-салдарлық байланысы негізінде бөлу әдісі пайдаланылады. Бұл ретте шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің әрбір қызмет бағыты бойынша ресурстармен себеп-салдарлық байланысы және осы ресурстардың әуежайлар ұсынатын қызметтермен себеп-салдарлық байланысы белгіленеді.

250. Осы Қағидалардың 22-қосымшасына сәйкес әуежайлар көрсететін қызметтер түрлеріне шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу процесі кезең-кезеңмен жүзеге асырылады:

1-кезең. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді шығындар, қолданысқа енгізілген активтер және экономикалық ресурстар арасындағы тікелей және жанама байланыстарды айқындау жолымен экономикалық ресурстар бойынша топтастыру жүзеге асырылады. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді экономикалық ресурстарға бөлу кезінде пайдаланылатын шығын факторларының негізгі тізбесі осы Қағидалардың 23-қосымшасының нысанына сәйкес қалыптастырылады. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді экономикалық ресурстарға тікелей жатқызу шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің осындай экономикалық ресурстармен тікелей байланысы болған кезде жүзеге асырылады. Шығындар, қолданысқа енгізілген активтер және экономикалық ресурстар арасындағы жанама байланыстар болған жағдайда, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді экономикалық ресурстарға жанама бөлу шығын факторларының негізінде жүзеге асырылады.

2-кезең. Экономикалық ресурстарға және қызметтер көрсетудің тиісті процестерімен (өндірістік, қосалқы, басқарушылық) топтастырылған шығындар, қолданысқа енгізілген активтер арасындағы тікелей және жанама байланыстар айқындалады. Анықталған байланыстардың негізінде шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызметтер көрсетудің тиісті процестеріне жатқызу жүргізіледі. Қызметтер көрсету процестері мен пайдаланылған шығын факторларының (жанама бөлу үшін) үлгі тізбесі осы Қағидалардың 24-қосымшасының нысанына сәйкес қалыптастырылады. Экономикалық ресурстарға топтастырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызметтер көрсету процестеріне тікелей жатқызу экономикалық ресурстарға топтастырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің тиісті қызметтер көрсету процестерімен тікелей байланысы болған жағдайда жүзеге асырылады. Экономикалық ресурстарға топтастырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің арасында тиісті қызметтер көрсету процестерімен жанама байланыстар болған жағдайда, шығын факторларының негізінде жанама бөлу жүзеге асырылады.

3-кезең. Қызметтер көрсетудің көмекші процестері мен тиісті өндірістік және басқарушылық процестерінің арасындағы тікелей және жанама байланыстар айқындалады. Анықталған байланыстардың негізінде қосалқы процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді өндірістік және басқарушылық процестерге тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі. Қызметтер көрсетудің қосалқы процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызметтер көрсетудің өндірістік және басқарушылық процестеріне бөлу кезінде пайдаланылатын шығын факторларының ең аз тізбесі осы Қағидалардың 25-қосымшасының нысанына сәйкес қалыптастырылады. Қызметтер көрсетудің көмекші процестерімен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызметтер көрсетудің өндірістік және басқарушылық процестеріне тікелей жатқызу, көмекші

процестерге байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің қызметтер көрсетудің тиісті өндірістік және басқарушылық процестерінің арасында тікелей байланыстар болған жағдайда жүзеге асырылады. Қызметтер көрсетудің көмекші процестерімен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің және тиісті өндірістік және басқарушылық процестер арасында жанама байланыстар болған жағдайда, жанама бөлу шығын факторларының негізінде жүзеге асырылады.

4-кезең. Өндірістік процестер мен тиісті сыртқы қызметтер және қызмет бағыты элементтерінің арасында тікелей және жанама байланыстар айқындалады. Қызметтер көрсетудің өндірістік процестерімен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тиісті сыртқы қызметтер мен қызмет бағыттарының элементтеріне тікелей жатқызу өндірістік процестермен және тиісті сыртқы қызметтермен және қызмет бағыттары элементтерімен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер арасында тікелей байланыстар болған жағдайда жүзеге асырылады. Қызметтер көрсетудің өндірістік процестерімен және тиісті сыртқы қызметтермен және қызмет бағыттары элементтерімен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер арасында жанама байланыстар болған жағдайда, шығын факторларының негізінде жанама бөлу жүзеге асырылады. Өндірістік процестермен байланысты шығындар мен активтерді сыртқы қызметтерге және қызмет бағыттарының элементтеріне бөлу кезінде пайдаланылатын шығын факторларының ең аз тізбесі осы Қағидалардың 26-қосымшасының нысанына сәйкес қалыптастырылады.

5-кезең. Қызметтер көрсетудің басқарушылық процестерін қызмет бағыттары элементтерінің басқарушылық процестеріне және өзге басқарушылық процестеріне бөлу жүзеге асырылады. Қызмет бағыттары элементтерінің басқарушылық процестері қызмет бағыттары элементтерін ұстау мен пайдалануға байланысты процестерді білдіреді.

Қызмет бағыттары элементтерінің басқарушылық процестерімен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу шығын факторларының негізінде жүзеге асырылады.

6-кезең. Қызмет бағыттарының элементтері бойынша топтастырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің тиісті сыртқы және ішкі қызметтермен тікелей және жанама байланыстары айқындалады. Қызмет бағыттары элементтерінің шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін тиісті сыртқы және ішкі қызметтерге тікелей жатқызу қызмет бағыттары элементтерінің шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерінің тиісті ішкі және сыртқы қызметтермен арасында тікелей байланыстар болған жағдайда жүзеге асырылады. Қызмет бағыттары элементтеріне топтастырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің тиісті ішкі және сыртқы қызметтер арасында жанама байланыстар болған жағдайда, шығын факторларының негізінде жанама бөлу жүзеге асырылады. Қызмет бағыттарының элементтеріне топтастырылған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді ішкі

және сыртқы қызметтерге жанама бөлу кезінде пайдаланылатын шығын факторларының ең аз тізбесі осы Қағидаларының 27-қосымшасының нысанына сәйкес қалыптастырылады.

7-кезең. Ішкі қызметтермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тиісті ішкі қызметтерге) бөлу жүзеге асырылады. Сыртқы қызметтерге ішкі қызметтерді көрсетуге байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тікелей жатқызу және жанама бөлу осы Қағидалардың 28-қосымшасының нысанына сәйкес қалыптастырылады.

8-кезең. Өзге басқарушылық процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тиісті сыртқы қызметтерге бөлу жүзеге асырылады. Өзге басқарушылық процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тікелей жатқызу тиісті сыртқы қызметтердің өзге басқарушылық процестермен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер арасында тікелей байланысы болған жағдайда жүзеге асырылады. Тиісті сыртқы қызметтердің өзге басқарушылық процестермен байланысты шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерінің арасында жанама байланыстар болған жағдайда, шығын факторларының негізінде жанама бөлу жүзеге асырылады.

9-кезең. Сыртқы қызметтер ұсынудың кезеңдері бойынша тиісті шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді жиынтықтау жүзеге асырылады. Сыртқы қызметтерді ұсынудың кезеңдері бойынша шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді жиынтықтау тәртібі осы Қағидаларының 29-қосымшасында келтірілген.

251. Көзделген есептілікті дайындау кезінде қолданылатын шығын факторлары жылдық негізінде есептеледі.

11-тарау. Уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту тәртібі

Ескерту. 11-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

252. Уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін оны өзгертуге мыналар негіздер болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше жағдайдың жариялануы;
- 2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мөлшерлемелерінің өзгеруі;
- 3) мемлекеттік бағдарламаларды және (немесе) ұлттық жобаларды, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаның өзгеруі;
- 4) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюы;

5) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталмауы;

6) табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу;

7) бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруі.

Ескерту. 252-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

253. Осы Қағидалардың 252-тармағының 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген негіздерді қоспағанда, тариф қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерген жағдайда, шығындардың тиісті бабы өзгереді.

Осы Қағидалардың 252-тармағының 6) тармақшасына сәйкес тариф қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерген кезде бекітілген тарифтік сметадан тарифтерді қалыптастыру Қағидаларында айқындалған инвестициялық шығындар (пайда, амортизациялық аударымдар, негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі шығындар) алып тасталады.

Ескерту. 253-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

254. Тарифті өзгерту уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша – жылына екі реттен артық емес, табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша жылына бір реттен артық емес жүзеге асырылады.

Ескерту. 254-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

255. Уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті өзгерту үшін оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, өтінім ұсынады.

Уәкілетті орган ведомствосының тарифті қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту туралы өтінімді қарау мерзімі:

1) осы Қағидалардың 252-тармағының 1), 2), және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда, оның ұсынылған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімді;

2) осы Қағидалардың 252-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда, оның ұсынылған күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайтын мерзімді.

Уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тариф өзгерген жағдайда табиғи монополия субъектісі тиісті ақпаратты алған күннен бастап бір ай мерзімде экономикалық негізделген есептер мен материалдарды ұсынады.

Ескерту. 255-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 10.10.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

255-1. Тарифті өзгертуге арналған өтінімге:

1) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтің қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту себептерін көрсете отырып, түсіндірме жазба;

2) осы Қағидалардың 12-тарауына сәйкес тарифтік сметаның жобасы;

3) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін оны өзгерту қажеттігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Ескерту. 255-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

256. Егер өтінімді қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы оны мерзімін белгілей отырып, жазбаша түрде, бірақ кемінде 5 (бес) жұмыс күнін сұратады. Бұл ретте өтінімді қарау бұл туралы табиғи монополия субъектісін хабардар ете отырып, қажетті ақпаратты алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 256-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

257. Осы Қағидалардың 252-тармағына сәйкес өзгертілген тарифті қолданысқа енгізу уәкілетті органның ведомствосы белгілеген күннен бастап жүзеге асырылады.

Ескерту. 257-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

258. Осы Қағидалардың 252-тармағының 3), 5) және 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда тариф бекітілетін кезде уәкілетті органның ведомствосының ол бекітілгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жария тыңдаулар өткізеді.

Ескерту. 258-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

259. Осы Қағидалардың 252-тармағында көзделген жағдайларда табиғи монополия субъектісі тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей тұтынушыларға тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептерін көрсететін ақпаратты ұсына отырып, бұл жөнінде хабарлайды.

259-1. Табиғи монополия субъектісінің ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтің төмендеуі мынадай:

табиғи монополия субъектісі ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюы;

уәкілетті органның ведомствосы бекіткен табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасында көзделген нақты шығындардың қысқаруы;

Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектілері жүзеге асыратын реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет түрлерінен елеулі кірістерді алу;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мөлшерлемелерінің өзгеруі;

инвестициялық бағдарламаның соманың азаю жағына қарай өзгеруі жағдайларында жүзеге асырылады.

Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге төмендетілетін тарифтің мөлшерін табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін қажет шығындар құнынан төмен емес белгілейді және табиғи монополия субъектісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін ескереді.

Ескерту. 259-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

259-2. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің төмендеуі:

1) инвестициялық бағдарламалардың және (немесе) инвестициялық жобаның орындалмауы;

2) сапасын төмендету, сондай-ақ ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің санын шектеу;

3) тұтынушылардың құқықтарына қысым жасау үшін негіз болып табылмайды.

Ескерту. 259-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

259-3. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендету туралы табиғи монополия субъектісінің шешімі тарифтің қолданылу мерзімі кемінде бір жыл белгілене отырып, табиғи монополия субъектісінің ішкі бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 259-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

259-4. Табиғи монополия субъектісі тарифтерді төмендету туралы шешім қабылдау кезінде мұндай шешім қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей қабылданған шешім және тарифтерді төмендету шарттары туралы уәкілетті органның ведомствосын хабардар етеді.

Ескерту. 259-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

259-5. Тарифті төмендету туралы шешіммен табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына тарифті төмендету мүмкіндігін растайтын есептеулер мен негіздеуші құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 259-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

259-6. Табиғи монополия субъектісінің тарифтерді төмендету туралы шешімі уәкілетті органның ведомствосымен келісілген күннен кейінгі айдың 1-күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәкілетті орган ведомствосының табиғи монополия субъектісі тарифтерді төмендету туралы хабарламаған немесе уақтылы хабарламаған жағдайда, тарифтерді төмендету туралы шешім келесі күнтізбелік тоқсанның екінші айының бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 259-6-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

259-7. Табиғи монополия субъектісі тарифтерді төмендету туралы ақпаратты қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізеді.

Ескерту. 259-7-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-тарау. Тарифте есепке алынатын және есепке алынбайтын шығындар тізбесі, тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу тәртібі

1-параграф. Тізбе және тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу тәртібі

260. Тарифте есепке алынатын және есепке алынбайтын шығындар тізбесі, тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу тәртібі (бұдан әрі - Тізбе және шығындардың мөлшерін шектеу тәртібі) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополия субъектілеріне қолданылады.

261. Тарифтерді қалыптастыру реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алу негізінде жүзеге асырылады.

262. Табиғи монополия субъектісінің тарифіне енгізілетін шығындарды реттеу тарифтің шығын бөлігіне енгізілетін шығыс түрлерін шектеу жолымен жүзеге асырылады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге болжанатын тарифтік сметаны қалыптастырған кезде ескерілетін шығындар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері (инфляция) ескеріле отырып Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасына сәйкес келуі тиіс және негіздеуші құжаттарды бере отырып, табиғи монополия субъектісі оны растауға тиіс.

263. Тарифтік шығын бөлігінің өндірістік шығыстарына:

- 1) материалдық шығыстар;
- 2) өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары;
- 3) амортизация;
- 4) негізгі қор құнының ұлғаюына әкеп соқпайтын жөндеу жұмыстарына шығыстар;
- 5) реттеліп көрсетілетін қызметке тікелей жататын өзге де өндірістік шығыстар жатады.

264. Тарифтің шығын бөлігінің кезең шығыстарына:

- 1) әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары;
- 2) міндетті сақтандыру түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге арналған шығыстар;
- 3) өзге де әкімшілік шығыстар;
- 4) сыйақылар төлеуге арналған шығыстар кіреді.

265. Тарифтің шығын бөлігінің өндірістік шығыстары тарифтің шығын бөлігіне мынадай тәсілмен кіреді:

1) тарифтің шығын бөлігіне енгізілетін материалдық шығыстары тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған өнімнің (көрсетілетін қызметтердің, тауарлардың, жұмыстардың) бірлігін шығаруға арналған шикізат, материалдар, отын, энергия (бұдан әрі – материалдық ресурстар) қажеттіліктерінің есептеріне сүйене отырып және Заңның 23-бабында белгіленген тәртіппен тарифті бекітуге өтінім беру күніне жүргізілген тендерлік (конкурстық) сатып алудың іс жүзіндегі нәтижелері бойынша анықталған материалдық ресурстардың бағаларына сүйене отырып және іс жүзіндегі көрсеткіштерге, бірақ тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтерден асырмай айқындалады.

2) тарифті қалыптастыру кезінде өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар табиғи монополия субъектісі персоналының нақты, бірақ нормативтік санынан, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақыдан аспайтын шығыстарды немесе табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты санына

және табиғи монополия субъектісі қызмет көрсететін өңірдегі (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) берілетін бір жылдағы немесе жылдың басынан бастап қалыптасқан төртінші тоқсандағы статистика деректері бойынша қалыптасқан экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес орташа айлық жалақысына сүйене отырып қамтиды.

Бұл ретте персонал санының, шикізаттың, материалдардың, отын мен энергияның қажеттілігін есептеу тиісті салада (салада) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізіледі.

3) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;

4) табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін ағымдағы және күрделі жөндеу және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына арналған қаражаты мұндай жұмыстың (іс-шаралардың) қажеттілігі туралы растаушы құжаттардың негізінде тарифтің шығын бөлігіне енгізіледі;

5) реттеліп көрсетілетін қызметке тікелей жататын басқа өндірістік шығындар салалық ерекшелікті ескере отырып, растаушы құжаттардың негізінде тарифтің шығын бөлігіне енгізіледі.

Ескерту. 265-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

266. Кезең шығыстары тарифтің шығын бөлігіне мынадай түрде ескеріледі:

1) әкімшілік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар табиғи монополия субъектісі персоналының нақты саны, бірақ нормативтік санынан аспайтын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері (инфляция) ескеріле отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақыға немесе табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты санына және табиғи монополия субъектісі қызмет көрсететін өңірде (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) төлемақы, өтінім берудің алдындағы қалыптасқан бір жылдағы немесе жылдың басынан бастап төртінші тоқсандағы статистика деректері бойынша қалыптасқан экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес айқындалады.

Персонал санын қысқарту нәтижесінде әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстарын нақты үнемдеген жағдайда, әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары тарифте бұрын бекітілген тарифтік сметада көзделген мөлшерде ескеріледі, ал үнемдеу сомасын субъекті әкімшілік персонал жалақысының деңгейін арттыруға жіберуі мүмкін.

Мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, табиғи монополия субъектілері басшыларының, олардың орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлерінің және әкімшілік персоналдың басқа да қызметкерлерінің лауазымдық айлықақылары

бойынша шығындарға енгізілетін субъектілердің әкімшілік персоналының еңбегіне ақы төлеу шығыстары штат кестесіне сәйкес табиғи монополия субъектісі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысының 15 (он бес) еседен аспайтын ең жоғарғы және ең төменгі деңгейінің арасындағы ара қатынасы негізінде шектеледі;

2) кезең шығындарында ескерілетін міндетті сақтандыру түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерлемелерге сәйкес айқындалады;

3) негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің өндірістік емес сипаттағы амортизациялық аударымдары;

4) өзге де әкімшілік шығыстар салалық ерекшеліктерді ескере отырып, растаушы материалдардың негізінде тарифтің шығын бөлігіне енгізіледі.

Өзге де әкімшілік шығыстарға консалтингтік, маркетингтік қызметтердің және мердігерлік тәсілмен жүргізілетін жөндеу жұмыстарының, аудиторлық қызметтердің (акционерлік қоғам нысанындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін ғана) және бөгде ұйымдар жүзеге асыратын салалық ерекшеліктерге байланысты басқа қызметтердің, сондай-ақ іссапар шығыстары және әкімшілік персоналдың байланыс, мерзімдік баспасөзге, қызметтік автокөлікті ұстауға, ақпараттық, консультациялық қызметтерге арналған шығыстар кіреді.

Табиғатты қорғау шығыстары, табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы өзге де шығыстарға кіреді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерлемелер мен алымдар мөлшері ескеріле отырып анықталады.

Өндірістік қажеттілікке байланысты әкімшілік персоналдың біліктілігін арттыруға арналған шығыстар мұндай қажеттілікті растайтын құжаттарды ұсынған кезде кезең шығыстарында ескеріледі.

Өндірістегі өнертапқыштыққа және өнертабыстыққа байланысты шығыстар реттеліп көрсетілетін қызметтердің шеңберінде экономикалық негізделген материалдар болған кезде кезең шығыстарына қосылады.

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық жобасын іске асыру үшін сыйақы төлеуге арналған шығыстар табиғи монополия субъектісі қарыз қаражатын тарту туралы жасалған шарттарды ұсынған кезде кезең шығыстарына қосылады және былайша айқындалады:

инвестициялық жобаны іске асыру үшін ұлттық валютада алынған қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстар тарифті есептеу кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген 2,5 еселік базалық мөлшерлемесі қолданыла отырып есептелген сома шегінде ескеріледі.

инвестициялық жобаны іске асыру үшін шетелдік валютада алынған қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеуге шығыстар тарифті есептеу кезінде Лондон банкаралық нарығының 4 еселік мөлшерлемесі қолданыла отырып есептелген сома шегінде ескеріледі.

Шетелдік валютада алынған қарыз қаражаттары үшін сыйақы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізгі көрсеткіштерінің және Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің болжамды көрсеткіштерінің негізінде шетелдік валютаға теңге бағамының болжамды өзгеруі ескеріле отырып, тарифтің шығын бөлігінің кезең шығыстарында ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі мен Лондон банкаралық нарығының мөлшерлемесі табиғи монополия субъектісінің тарифін және тарифтік сметасын бекіту жөнінде шешім қабылданған күніне қолданылады.

Ескерту. 266-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.03.2021 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

267. Уәкілетті органның ведомствосы қызметтің осындай немесе ұқсас түрімен айналысатын табиғи монополия субъектілерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындарды салыстырмалы талдау негізінде, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің көлемі қысқарған жағдайда тарифтерге енгізілетін әкімшілік және (немесе) өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды төмендету немесе арттырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Негізгі құралдар және материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары тікелей (біркелкі) есептеу әдісі бойынша есептеледі және тарифтің шығын бөлігіне енгізіледі.

Уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тариф пен тарифтік сметалар бекітілген жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 261-тармағына сәйкес Тарифтердің өзгеруіне дейінгі кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының (инфляция) көрсеткіштерін ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған шығыстар шегінде кезең шығыстарын тарифтерге қосады.

Тарифті қалыптастыру кезінде уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімділігі төмендеген (көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызмет бірлігінің өзіндік құнын ұлғайту, реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі, кредиторлық және дебиторлық берешектің ұлғаюы) кезде кезең шығыстарының сомасын өзгертудің орындылығын айқындайды.

Тарифті және тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімді қарау кезінде уәкілетті органның ведомствосы Тарифтердің өзгеруіне дейінгі кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған шығыстар шегінде кезең шығыстарын тарифтерге қосады.

Субъектілер қызметінің тиімділігі төмендеген кезде (реттеліп көрсетілетін қызмет бірлігінің өзіндік құнының ұлғаюы, реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі, кредиторлық және дебиторлық берешектің ұлғаюы) уәкілетті органның ведомствосы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) ескермегенде шығындардың өзгеруін қарайды

Ескерту. 267-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

268. Сот шешімімен күші жойылған өтемдік тарифті қолдануға байланысты табиғи монополия субъектісі кіріс толық алмаған жағдайда, алынбаған кіріс сомасы тарифтің тиісті өзгеруі есебінен тарифтерді кезекті қайта қарау кезінде, оның ішінде Заңда көзделген тәртіпке сәйкес бекітілген тарифтердің қолданылу кезеңінде ескеріледі.

2-параграф. Тарифте ескерілмейтін шығыстар тізбесі

269. Табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін қалыптастыру және бекіту кезінде тарифтің шығын бөлігінде мынадай шығыстар ескерілмейді:

тауарлық-материалдық құндылықтардың және қоймалардағы қорлардың бүлінуі мен жетіспеушілігіне басқа өндірістік емес шығыстар мен ысыраптар;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету, ұсыну кезінде пайдаланылмайтын немесе табиғи монополия субъектісінің балансында жоқ негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;

жалға, сенімгерлік басқаруға немесе мүліктік жалдауға алынған негізгі құралдарды (жалпы шаруашылық мақсаттағы негізгі құралдардан басқа) пайдаланғаны үшін ақы төлеу, операциялық лизинг бойынша төлемдер;

табиғи монополия субъектісінің балансында жоқ негізгі құралдарды ұстауға және жөндеуге;

ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары (тастандылары) үшін төлемдер;

сот шығындары;

үмітсіз борыштар;

шаруашылық шарттардың талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсім, тұрақсыздық айыбы және санкциялардың басқа да түрлері;

табысты жасырғаны (кеміткені) үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;

ұрлықтан келген залалдар;

қызмет көрсетуші өндірістер мен шаруашылықтарды (үй-жайларды тегін беру, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына коммуналдық қызметтер құнын төлеу және басқалар) ұстау жөніндегі шығыстар;

құзыретті органмен келісілген технологиялық қажеттіліктен басқа денсаулық сақтау, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындары, кәсіптік-техникалық училищелер объектілерін ұстауға;

сауықтыру лагерлерін, мәдени және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын ұстауға; мәдени-ағарту, сауықтыру және спорт іс-шараларын (демалыс кештерін, спектакльдер мен концерттер өткізу) өткізуге;

ұйым қызметкерлерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, бау-бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығымен айналысуға алған несиелерін, (пайызсызды қоса алғанда) өтеуге арналған;

бау-бақша серіктестіктерін абаттандыруға (жолдар салу, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру) арналған;

дәрістер, көрмелер, пікірсайыстар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, ғылыми-техникалық конференциялар өткізуге және ұйымдастыруға, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтардағы мүшелік жарналарға шығыстар;

өндірістік мақсаттарға пайдаланылатын өнімдерді қоспағанда, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамалар бойынша, жарнамалық, плакаттық және баспаханалық өнімдер шығару бойынша шығыстар;

табиғи монополия субъектісінің персоналы үшін пәтерлерді, тұрғын үй ғимараттары мен құрылыстарды, жатақханадан және қонақ үйлерден орындар сатып алуға, жалдауға және ұстауға шығыстар;

қаланы абаттандыру, ауыл шаруашылығына көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды және осы тәріздес басқа да жұмыстарды орындауға шығыстар;

білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлердің еңбек демалыстарына ақы төлеуге шығыстар;

жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы беруге және сыйақының басқа да нысандарына шығыстар;

кәсіби ауруларды оңалту еміне байланысты шығындардан басқа, табиғи монополия субъектісі қаражаттарының есебінен қызметкерлерге және олардың балаларына емделуге, демалуға, саяхатқа шығуға жолдамаларға ақы төлеу жөніндегі шығыстар;

өз қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге денсаулық сақтау органдарымен жасалған шарттар бойынша емхана қызметтеріне ақы төлеуге шығыстар;

сақтандыру төлемдері (кәсіпорындармен өз қызметкерлерінің пайдасына жасалған жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша кәсіпорындар төлеген жарналар);

қызметкерлерге, оның ішінде балалар тәрбиелейтін әйелдерге қосымша берілетін демалыстарға (еңбек заңнамасында көзделгеннен тыс) ақы төлеуге, қызметкердің отбасы мүшелеріне демалысты өткізетін жеріне және қайтар жолына жолақы төлеуге, сондай-ақ пайдаланылмаған демалысы үшін өтемақы төлеуге шығыстар;

демеушілік көмектің барлық түрлерін көрсетуге шығыстар;

еңбек заңнамасында көзделгеннен басқа табиғи монополия субъектісінің қызметкерлеріне (қызметкерлерге тамақты тегін немесе төмендетілген бағамен беру, сауықтыру топтарына, секцияларда, клубтарда шұғылдануға арналған абонементтерге, протез салуға ақы төлеу) жеңілдіктер;

мерейтойлық күндерге немесе қызметкерлерге ынталандыру түрінде берілетін (автомашина, пәтерлер, ұзақ уақыт пайдаланылатын заттар мен басқа тауарлар, сондай-ақ қызметкерлердің жеке есептерінің пайыздық мөлшерлемелерін арттыру) сыйлықтарды сатып алуға шығыстар;

мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі, шипажайлардағы және сауықтыру лагерлеріндегі балалар тамақтарының құнын өтеуге шығыстар;

тұтынушылардан коммуналдық төлемдерді қабылдау жөніндегі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк және ұйымдар қызметтеріне арналған шығыстар;

ұжымдық шартта айқындалған мақсаттар үшін кәсіподақтарға аударым жасау шығыстары;

тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуге, өнертапқыштық пен рационализаторлық ұсыныстар бойынша модельдер мен үлгілерді жасауға және сынауға (реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде қолданылатын жұмыстарды қоспағанда), көрмелер, байқаулар, конкурстар мен басқа да іс-шаралар ұйымдастыруға, авторлық сыйақылар төлеуге және басқа байланысты шығыстар;

өндіріске және реттеліп көрсетілетін қызметтерге қатысы жоқ және тарифтердің өсуіне алып келетін шығыстар.

270. Сыйлықақыға және жалақыға берілетін басқа да сыйақы түрлеріне арналған шығыстар табиғи монополия субъектісінің (мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда) тарифінің шығын бөлігіне енгізілмейді және табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілмейтін қызметінен алынған кіріс есебінен немесе әкімшілік және өндірістік персоналдарға еңбекақы төлеу шығыстарын үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

271. Шығыстарға бағытталған, тарифтің шығын бөлігінде ескерілмеген субсидияларды қоспағанда, табиғи монополия субъектісіне мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидия тарифтің шығын бөлігін азайтуда ескеріледі.

3-параграф. Тарифке енгізілетін пайданы шектеу

272. Уәкілетті органның ведомствосы тарифті есептеу кезінде белгіленген тәртіппен пайданың жол берілетін деңгейін қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасының шамасына пайда мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде анықтайды. Тарифке енгізілетін пайда деңгейі инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражатты және амортизациялық аударымдарды ескере отырып шектеледі.

Ескерту. 272-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Негізгі құралдарының тозуын есептеуге қолданылатын әдістерді және тарифтік сметасында көзделген амортизациялық аударымдар қаражаттарын пайдалану бағыттарын келісу

273. Амортизациялық аударымдарды ұлғайтуды уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісі негізгі құралдарды қайта бағалау және (немесе) оларды қайта жаңарту (жаңғырту) кезең-кезеңімен жүргізгеннен кейін тарифтің шығыс бөлігіне енгізеді.

Ескерту. 273-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

274. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуын есептеудің тура (біркелкі) әдісін қолдану уәкілетті органның ведомствосымен келісуді талап етпейді.

Ескерту. 274-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

275. Амортизацияны қолдану және есептеу амортизацияны есептеудің өзге әдістерімен уәкілетті органның ведомствосымен келісіледі.

Ескерту. 275-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

276. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде тартылған активтерден амортизациялық аударымдар реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуда, инвестициялық бағдарламаларды іске асыруда және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі борышты қайтаруда пайдаланылатын тіркелген активтерге капитал салумен байланысты мақсаттарға жіберіледі.

Ескерту. 276-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-тарау. Тарифті индекстеу тәртібі

1-параграф. Индекстеу әдісімен тариф өзгерген жағдайда оны бекіту

277. Индекстеу әдісін қолдана отырып тарифті жыл сайын қуаты аз табиғи монополия субъектісі бекітілген тарифті уәкілетті органның ведомствосы айқындайтын деңгейден жоғары емес индекстеу жолымен белгілейді.

Уақытша өтемдік тариф бекітілген жағдайда қуаты аз табиғи монополия субъектісі тарифті оның қолданылу кезеңі өткеннен кейін уәкілетті органның ведомствосы айқындайтын индекстеу деңгейінен аспайтын деңгейге көтереді.

Бұл ретте, қуаты аз табиғи монополия субъектісі өзгерткен реттеліп көрсетілетін қызметтерге тариф, тарифтік смета тиісінше реттеліп көрсетілетін қызметтерге тариф және тарифтік смета болып табылады.

Ескерту. 277-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

278. Қуаты аз табиғи монополия субъектісі тариф өзгергенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жария тыңдаулар өткізеді.

Жария тыңдауларды өткізу күні мен орны туралы ақпаратты қуаты аз табиғи монополия субъектісі өзінің интернет-ресурсында орналастырады, ол болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосына оның интернет-ресурсында не тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастыру үшін олар өткізгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын ұсынады.

Ескерту. 278-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

279. Тарифті индекстеу туралы шешім тарифтік сметаны қоса бере отырып және тарифтердің өзгеру себептерін көрсете отырып, уәкілетті органның ведомствосы айқындаған тарифті индекстеу деңгейінен аспайтын шамаға тарифтерді өзгерту туралы қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің ішкі бұйрығымен ресімделеді.

Ескерту. 279-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

280. Қуаты аз табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосын тарифтің өзгергені туралы ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептері бар ақпаратты бере отырып, хабардар етеді.

Ескерту. 280-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

281. Қуаты аз табиғи монополия субъектісі өзгертілген тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей бұл туралы тұтынушыларды өзінің интернет-ресурсында бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептері бар ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді, ол болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосына оның интернет-ресурсында не тиісті әкімшілік-аумақтық

бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында орналастыру үшін ұсынады.

Ескерту. 281-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Индекстеу әдісімен тарифті қалыптастыру тәртібі

282. Қуаты аз табиғи монополия субъектісінің тарифтерін индекстеу біреуден аспайтын 12 (он екі) айда бір рет жүзеге асырылады.

283. Индекстеу әдісімен тарифті есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$T = T_{\text{утв}} \times U_{\text{инд}} (1),$$

мұндағы: T -индекстеу әдісімен анықталатын тариф;

$T_{\text{бек}}$ -бекітілген тариф;

$U_{\text{инд}}$ -осы Қағидалардың 286-тармағына сәйкес айқындалған индекстеу деңгейі.

284. Қуаты аз табиғи монополия субъектісі шығындарды бөлуді осы Қағидалардың 283-тармағына сәйкес есептелген тариф шегінде осы Қағидалардың 10 және 12-тарауларға сәйкес дербес жүзеге асырады.

3-параграф. Уәкілетті орган ведомствосының тарифті индекстеу деңгейін айқындау тәртібі

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

285. Тарифті индекстеу деңгейін уәкілетті органның ведомствосы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму параметрлерін ескере отырып, күнтізбелік жыл басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей жыл сайын айқындайды.

Ескерту. 285-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

286. Тарифті индекстеу деңгейін айқындау Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті бес жылдық болжамды кезеңге арналған отырысында мақұлданған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көзделген инфляция деңгейі туралы пайызбен алынған деректер негізінде жүзеге асырылады.

Индекстеу деңгейі ретінде алдағы күнтізбелік жылға инфляция деңгейінің орташа мәні (%) қабылданады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына енгізілетін өзгерістерді ескере отырып, оны түзетеді.

287. Индекстеу деңгейін белгілеу туралы шешім күнтізбелік жыл басталғанға дейін 2 (екі) айдан кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында не тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында орналастырылады.

14-тарау. Табиғи монополия субъектісі пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау тәртібі

1-параграф. Пайданың жол берілетін деңгейін есептеу тәртібі

288. Пайданың жол берілетін деңгейі реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде қолданысқа енгізілген табиғи монополия субъектісі активтерінің баланстық немесе қайта бағаланған құнын және осы тәртіппен айқындалған әдіс бойынша есептелген пайда ставкасын және бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражат көлемін ескере отырып айқындалады.

289. Пайданың рұқсат етілген деңгейі тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір жылына мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ДУП_i = СП_i \times РБЗА_i,$$

онда:

i-тарифтің қолданылу кезеңінің жылы, жыл;

СП_i - пайда мөлшерлемесі (%).

РБЗА_i - көрсетілетін қызметтердің біреуін көрсетуге қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы, (теңге).

290. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы осы Қағидалардың 7-тарауына сәйкес тәртіппен бекітілетін инвестициялық бағдарламаға сәйкес тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір жылында ұзақ мерзімді активтерді пайдаланудан шығару және пайдалануға беру ескеріле отырып есептеледі.

Өндірістік мақсаттағы негізгі құралдар мен материалдық емес активтер қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасының құрамына олар консервацияланған немесе бір жылдан астам жөндеуде, техникалық қайта жарактандыруда (реконструкциялауда), жалдауда болған жағдайда және өзге де ұзақ әсер етпеген жағдайларда енгізілмейді.

291. "Халықтық IPO" бағдарламасы шеңберінде акцияларды бағалы қағаздар нарығына шығаруды жүзеге асырған субъектілерді қоспағанда, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың іске қосылған активтерінің реттелетін базасы активтердің іске қосу коэффициентіне активтердің нақты құнының көбейтіндісі ретінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$РБЗА = СА \times Кза ,$$

мұндағы:

СА - реттеліп көрсетілетін қызметтерді (операцияларды) көрсетуге қолданысқа енгізілген активтердің нақты құны, (теңге),

Кза - қолданысқа енгізілген активтердің коэффициенті.

292. Активтердің іске қосу коэффициенті табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарымен өндірілетін және (немесе) көрсетілетін (нормативтік ысыраптарды ескере отырып) қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) нақты көлемінің (алдыңғы төрт тоқсан үшін немесе өткен күнтізбелік жыл үшін) олардың технологиялық қуатына арақатынасы ретінде айқындалады.

293. Активтердің нақты құны қызметтерді өндіру мен ұсыну кезінде пайдаланылатын, конкурстық негізде іріктелген тәуелсіз бағалаушылар қайта бағалау нәтижесінде алынған табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің қалдық құнының негізінде айқындалады.

2-параграф. Аэронавигациялар қызметтеріне жіберілетін пайданың көлемінің есебі

294. Әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түсетін пайданың қол жетімді деңгейі мынадай формула бойынша анықталады:

$$РПДаа = ҚАРБаа * ПС/100$$

мұндағы:

ҚАРБж – табиғи монополия субъектілерінің осы көрсетілетін қызметке қолданыстағы активтерінің реттелетін базасы,

ПС – табиғи монополия субъектілерінің осы көрсетілетін қызметті көрсетуге пайдаланылатын қолданыстағы активтерінің реттелетін базасының пайда мөлшерлемесі осы Қағидалардың 297-305-тармақтарына сәйкес есептеледі.

295. Әуеайлақ маңында аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түсетін пайданың қол жетімді деңгейі мынадай формула бойынша анықталады:

$$РПДаа = ҚАРБаа * ПС/100$$

мұндағы:

ҚАРБж – табиғи монополия субъектілерінің осы көрсетілетін қызметке қолданыстағы активтерінің реттелетін базасы,

ПС – табиғи монополия субъектілерінің осы көрсетілетін қызметті көрсетуге пайдаланылатын қолданыстағы активтерінің реттелетін базасының пайда мөлшерлемесі осы Қағидалардың 297-305-тармақтарына сәйкес есептеледі.

3-параграф. Әуежайлар қызметтеріне пайданың көлемін есептеу

296. Әуежайлар көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түсетін пайданың қол жетімді деңгейі мынадай формула бойынша анықталады:

$$РПД_{аа} = ҚАРБ_{аа} * ПС/100$$

мұндағы:

ҚАРБ_ж – табиғи монополиялар субъектілерінің осы көрсетілетін қызметке қолданыстағы активтерінің реттелетін базасы,

ПС – табиғи монополиялар субъектілерінің осы көрсетілетін қызметті көрсетуге пайдаланылатын қолданыстағы активтерінің реттелетін базасының пайда мөлшерлемесі осы Қағидалардың 306-тармағына сәйкес есептеледі.

4-параграф. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигация қызметтеріне тарифтердің қолданысқа енгізілген активтерінің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу

297. Табиғи монополия субъектісі аэронавигация қызметтерін көрсеткен кезде пайдаланатын РБ-ға пайда ставкасы капиталдың орташа өлшенген құны әдісімен айқындалады:

$$СП = \frac{r_e W_e + r_d W_d}{W_e + W_d} K_{аб}$$

онда:

СП-пайда ставкасы;

W_e-меншікті капитал, теңге;

W_d-қарыз капиталы, теңге;

r_e - меншікті капиталдың құны;

r_d-қарыз капиталының құны;

K_{аб} - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 134 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10545 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативімен анықталған, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативінің деңгейін ескеретін коэффициент (бұдан әрі – Аудару нормативі).

298. Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісінің меншікті капиталының құны осы қызмет түрі үшін бар тәуекелдер үшін сыйлықақылармен мынадай формула бойынша анықталады:

$$r_e = r_f + r_s,$$

онда:

r_f-тәуекелсіз мөлшерлеме;

r_s-аэронавигация саласына тән тәуекелдер үшін сыйлықақы.

299. Тәуекелсіз ставка Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлеме деңгейіне тең қабылданады.

Ескерту. 299-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.03.2021 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

300. Аударым нормативін ескеретін коэффициент мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_{ab} = 1 / (1 - a),$$

онда:

a-аударым нормативі.

301. Аэронавигация саласына тән аэронавигация қызметтерін көрсетуден түсетін кірістерді жоғалту ықтималдығына байланысты тәуекелдердің негізгі факторлары:

1) Қазақстан Республикасы авиация саласының инфрақұрылымын дамытудың жай-күйі;

2) әлемдік авиатасымалдар нарығының дамуының жалпы әлемдік үрдістері мен ағымдағы жай-күйі;

3) қолданысқа енгізілген активтердің жай-күйі.

302. Аэронавигация саласына тән тәуекелдерді бағалауды, тәуекелдердің қорытынды деңгейін және тәуекелдердің қорытынды деңгейі үшін сыйлықақы мөлшерін айқындауды уәкілетті органның ведомствосы табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізуді ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигация қызметтеріне тарифтерді есептеуге тән тәуекелдердің жиынтық деңгейін айқындау алгоритміне, аэронавигация қызметтеріне тарифтерді есептеу үшін тән тәуекелдерді бағалау алгоритміне сәйкес табиғи монополиялар саласына жатқызылған табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізуді, осы Қағидалардың 30-қосымшада келтірілген табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізуді ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигация қызметтеріне тарифтерді есептеу үшін тәуекелдердің қорытынды деңгейі үшін шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер мен сыйлықақылар диапазондарының тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 302-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

303. Қарыз қаражатының құнын бағалау алдын ала элементтік және кейіннен жиынтық бағалау әдісімен орташа өлшенген шама түрінде мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$R_d = r_{dk} * W_{dk} + r_{do} * (1 - W_{dk}),$$

мұндағы:

r_{dk} - соңғы есепті кезеңнің аяғындағы банктік және өзге несиелердің құны, %;

r_{do} - купон облигациясы немесе облигацияның атаулы пайыздық мөлшерлемесі бойынша төленетін шама, %;

W_{dk} - аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектісінің қарыз капиталындағы есепті кезең аяғындағы айналым қаражатының орнын толықтыруға арналған несиелерді қоспағанда, банктік және өзге несиелердің үлес салмағы.

304. Банк кредиттерінің құны кредиттің пайыздық ставкасына тең немесе бірнеше кредит тартылған кезде осы кредиттердің тартылған және есепті кезеңнің соңында аэронавигация қызметтерін көрсететін субъектінің теңгерімінде бар орташа өлшенген құнына тең және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$r_{dk} = \sum_{i=1}^n p_i \cdot w_i \cdot (1 - H),$$

мұндағы:

P_i – i кредит бойынша кредиторға төленетін пайыз;

N -кредиттер саны;

W_i -кредиттердің жалпы сомасындағы i кредиттің үлесі;

H -табыс салығының ставкасы.

305. Купон облигациялары бойынша төленетін шама немесе облигацияның номиналды құнына пайызбен көрсетілетін номиналды пайыздық ставкасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$r_{do} = \left(\frac{C_n \cdot p_2 + \frac{C_n - C_p}{t}}{\frac{C_n + C_p}{2}} \right) \cdot (1 - H)$$

P_2 – дисконт ставкасы; C_n -облигациялардың номиналды құны;

C_p -облигациялардың сату бағасы;

t - қарыз мерзімі (жыл саны).

5-параграф. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлар қызметтеріне арналған тарифтердің қолданысқа енгізілген активтерінің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу

306. Әуежайлар саласындағы табиғи монополия субъектілері үшін пайда мөлшерлемесі орташа өлшенген капитал құны әдісі арқылы есептеледі және мынадай формула бойынша анықталады:

$$AK = ((1 - g) \times re) + (g \times rd),$$

мұндағы:

g – леверидж, қаржыландырудың жалпы құрылымында табиғи монополия субъектісінің қарыз және меншікті капиталының ара қатынасын сипаттайтын шама, яғни негізгі құралдарға соңғы жүргізген қайта бағалауды ескере отырып, барлық капиталдың құрылымындағы нақты қарызға алған қаражаттың үлесі (меншікті және қарыз капиталының сомасы). Леверидждің деңгейі нөлден кем емес шама болып табылады. Табиғи монополия субъектісінің меншікті капиталының теріс мәні болған жағдайда леверидждің деңгейі 1-ге тең шаманы алады;

re – меншікті капиталға сыйақы мөлшерлемесі (%);

rd – қарыз қаражатына сыйақы мөлшерлемесі (%).

Меншік капиталға арналған сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Re = rf + ra,$$

мұндағы,

ra – тәуекел үшін сыйақы. Тәуекелге арналған сыйақы өндірістік-технологиялық (r_{tex}), операциялық (r_{op}) және қаржылық (r_{fin}) тәуекелдерден тұрады.

Әуежайдың өндірістік құзыреттілігіне байланысы жоқ себептермен болған технологиялық авариялардан болған табыстың шығынын жабуға арналған өндірістік-технологиялық (r_{tex}) тәуекел саланың, олар көзделген табыстың, негізгі құралдардың және тауар-материалдық қордың шығынына алып келуі мүмкін тәуекелдерге ұшырау дәрежесін көрсетеді.

Осы көрсеткішті есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$r_{tex} = Za / Ce,$$

мұндағы,

Za – бір жыл ішінде орта есеппен авариялар мен зілзала салдарларын жоюға арналған шығындар.

Авариялардың саны бойынша деректер болмаған және авариялардың болу ықтималдығын анықтау мүмкін болмаған кезде негізгі құралдардың тозу дәрежесі бойынша технологиялық тәуекелді бағалау үшін амортизациялық аударымдардың үлестерін ранжирлеу шәкілін пайдалану ұсынылады:

Негізгі құралдардың тозу дәрежесіне қарай технологиялық тәуекелді айқындау шәкілі осы Қағидалардың 31-қосымшасында көрсетілген.

(гор) Жұмыстардың көлемін төмендетуден алынған табыстың шығынын жабуға арналған операциялық тәуекелдер (жұмыстардың көлемдері ұлғайған жағдайда осы тәуекел қолданылмайды) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$r_{op} = 0.5 * (V - Z_{пер}) / C_e * DV / V, \text{ мұндағы,}$$

V – есепті кезең ішіндегі осы көрсетілетін қызметтерден алынған пайда (табыс),

$Z_{пер}$ – есепті кезең ішіндегі ауыспалы (қызметтердің көлеміне қарай) шығындар немесе i -й көрсетілетін қызметіне болжамдалған мән,

C_e – қызметке жатқызылған негізгі құралдардың баланстық құны,

DV – болжамдалған жыл ішінде i -қызметінен алынған табыстың өзгеруі.

Операциялық тәуекелдің нысаны тәуекел түрлерінің көпшілігі үшін қабылданғанындай, 0-ден 5% дейінгі шектерде шектелген.

Ұйымның қаржылық ресурстарының шығыны ықтималдығына байланысты қаржылық тәуекел (r_{fin}), мынадай формула бойынша анықталады:

$$r_{fin} = p_{баз} * (1 - H) * D/p / C_e, \text{ мұндағы,}$$

$p_{баз}$ – ұйымның есепті жыл ішіндегі жалпы табысы,

H – пайдаға салық мөлшерлемесі,

D/p – қызмет пайдасаның түсу деңгейі,

$$D/p = 0.5 * DV / V * (V - Z_{пер}) / p_{баз},$$

Қаржылық тәуекелдің мәні тәуекел түрлерінің көпшілігі үшін қабылданғанындай, 0-ден 5% дейінгі шектерде шектелген.

Акционерлік капиталға арналған сыйақының құны қарыз қаражатына арналған сыйақы құнынан кем емес шама болып табылады.

$$rd = rf + ДП,$$

мұндағы,

rf – тәуекелсіз мөлшерлеме, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесінің деңгейіне тең қабылданады;

ДП – егер борыштық міндеттемелерді шығару орын алса, табиғи монополия субъектісі шығарған және сол мерзімде айналымдағы мемлекеттік бағалы қағаздарға қатысты айналымда болатын борыштық міндеттемелерге сыйлықақы негізінде айқындалатын табиғи монополия субъектісі бойынша тәуекел үшін борыштық сыйлықақы. Өзге жағдайда, ол көрсетілетін қызметтің осындай түрімен айналысатын, Қазақстан Республикасының аумағында ұқсас кредиттік рейтингісі бар басқа табиғи монополиялар субъектілерінің тәуекелі үшін борыштық сыйлықақыларды ескере отырып айқындалады.

Ескерту. 306-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.03.2021 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15-тарау. Тарифті саралау тәртібі

Ескерту. Қағида 15-тараумен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.12.2021 № 629 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Әуежайлар қызметтеріне сараланған тарифтерді есептеу тетігі

307. Индекстеу әдісін қоспағанда, осы Қағидаларға сәйкес табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, әуежайлар саласындағы табиғи монополиялар саласындағы тарифтерді есептеу тетігіне сәйкес есептелген әуежайлар қызметтеріне арналған тариф тұрақты және тұрақсыз рейстерді жүзеге асыратын тұтынушылар топтары үшін сараланады және оны уәкілетті органның ведомствосының әрбір топ үшін жеке бекітеді.

Әуежайлар қызметтеріне сараланған тарифтер формулалар бойынша айқындалады:

1) тұрақты рейстерді орындайтын тұтынушылар үшін (Тұрақты):

$T_{\text{тұрақты}} = T_{\text{қолд. тұрақты}} * k,$

мұндағы:

$T_{\text{қолд. тұрақты}}$ – тұрақты рейстер үшін әуежайлардың қызметтері саласындағы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған қолданыстағы тариф;

k – Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тариф белгілеудің әлеуметтік-экономикалық факторлары негізінде айқындалған, тұрақты рейстерге арналған әуежайлардың қызметтері саласындағы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтің өзгеру коэффициенті;

2) тұрақсыз рейстерді орындайтын тұтынушылар үшін (Тұрақсыз):

$T_{\text{тұрақсыз}} = (T * V - T_{\text{тұрақты}} * V_{\text{тұрақты}}) / V_{\text{тұрақсыз}},$

мұндағы:

T – осы Қағидаларға сәйкес табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, әуежайлар саласындағы табиғи монополиялар саласындағы тарифтерді есептеу тетігіне сәйкес айқындалған әуежайлар қызметтері саласындағы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тариф;

V – реттелетін қызметтің жоспарланған жылдық көлемі;

$T_{\text{тұрақты}}$ – тұрақты рейстерге арналған әуежайлардың қызметтері саласындағы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тариф;

$V_{\text{тұрақты}}$ – тұрақты рейстер бойынша реттелетін қызметтің жоспарланған жылдық көлемі;

$V_{\text{тұрақсыз}}$ – тұрақсыз рейстер бойынша реттелетін қызметтің жоспарланған жылдық көлемі.

Ескерту. 307-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тарифтерді қалыптастыру
қағидаларына
1-қосымша

Әуе кемелерінің ең жоғарғы ұшу массасының (тонна) шкаласы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
<7	>7<20	>20<30	>30<50	>50<100	>100<200	>200<300	>300<400	>400

Тарифтерді қалыптастыру
қағидаларына
2-қосымша
нысан

Табиғи монополия субъектісінің _____ жылға инвестициялық бағдарламаны орындау туралы ақпараты _____ субъектінің атауы, қызмет түрі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 03.07.2024 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат						Пайда мен шығындар туралы есеп *	Инвестициялық бағдарламаның сомасы			
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қызмет көрсету кезеңі		жоспар	факт	ауытқу	ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

* - пайда мен шығын туралы есеп "Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес ұсынады;

** - ақпарат, оның ішінде саланың ерекшелігін ескере отырып, өзге де көрсеткіштер бойынша толтырылады (егер бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада көзделген болса));

** - осы ақпарат инвестициялық бағдарламаны іске асыру жөніндегі растайтын құжаттарды (тиісті шарттардың, келісімшарттардың көшірмелері, орындалған жұмыстарды қабылдау туралы актілер, орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы анықтама, шот-фактуралар, мемлекеттік қабылдау комиссияларының пайдалануға қабылдау-актілері, ішкі жүкқұжаттар, реттелетін нарық субъектілерінің пайдалануға беру және балансқа қабылдау туралы ішкі бұйрықтары) қоса бере отырып ұсынылады.

Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат , мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат **									Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін нақты қызметтердің сапасы мен сенімділігін артруды бағалау
меншікті қаражат		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша шығындарды төмендету, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету				
Амортизация	Пайда			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі			
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	

* - пайда мен шығын туралы есеп "Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес ұсынады);

** - ақпарат, оның ішінде саланың ерекшелігін ескере отырып, өзге де көрсеткіштер бойынша толтырылады (егер бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада көзделген болса));

**- осы ақпарат инвестициялық бағдарламаны іске асыру жөніндегі растайтын құжаттарды (тиісті шарттардың, келісімшарттардың көшірмелері, орындалған жұмыстарды қабылдау туралы актілер, орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы анықтама, шот-фактуралар, мемлекеттік қабылдау комиссияларының пайдалануға қабылдау-актілері, ішкі жүкқұжаттар, реттелетін нарық субъектілерінің пайдалануға беру және балансқа қабылдау туралы ішкі бұйрықтары) қоса бере отырып ұсынылады.

Тарифтерді қалыптастыру
қағидаларына
3-қосымша

Уақытша өтемдік тарифті есептеу үлгісі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.03.2021 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бекітілген тариф Т – 1000 теңге/тонна.

Бекітілген тарифте қабылданған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі V-500 тонна.

1. Негізсіз алынған кіріс (НТ) сомасы – 10 000 теңге.

2. Шешім қабылдау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып, негізсіз алынған кіріс сомасы айқындалады (НТк):

$НТк = НТ \times (100 + \kappa) = 10\,000 \times 100 + 7,5\% = 10\,750$ теңге, 100 100 мұндағы: 10 000 теңге – негізсіз алынған кіріс сомасы; κ – 7,5% – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі; НТк – 10 075 теңге – базалық мөлшерлемесін ескере отырып, негізсіз алынған кіріс сомасы.

3. Уақытша өтемдік тарифтің деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$Төтем = Т \times V - НТк = 1000 \times 500 - 10\,750 = 978,5$ теңге, V 500 мұндағы: 978,5 теңге/тонна – уақытша өтемдік тарифтің деңгейі.

Тарифтерді қалыптастыру
қағидаларына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 22.01.2025 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: әуежайлар мен аэронавигация қызметтері саласындағы табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: "Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп"

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ТСО – 1
Жиілігі: жылдық

Есепті кезең 20 ____ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: әуежай қызметтері және аэронавигация саласындағы табиғи монополия субъектілері

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей

Бизнес-сәйкестендіру номері

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электронды түрде

Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	% ауытқу	Ауытқудың себептері
1	2	3	4	5	6
Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы, оның ішінде	мың теңге				
Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде					
Шикізат және материалдар					
Сатып алынатын бұйымдар					
Жанар-жағармай материалдары					
Отын					
Энергия					
Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы, оның ішінде					
Өндірістік персоналдың жалақысы					
Әлеуметтік салық					
МӘМС					
Амортизация					
Жөндеу, барлығы, оның ішінде					
Ағымдағы жөндеу					
Өзге шығындар (таратып жазу)					

Кезең шығыстары, барлығы, оның ішінде					
Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: оның ішінде:					
Әкімшілік персоналдың жалақысы					
Әлеуметтік салық					
МӘМС					
Салықтар					
Өзге шығыстар (таратып жазу)					
Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар					
